

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ
ШЫРАҚБЕК ҚАБЫЛБАЕВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ АКАДЕМИЯСЫ

Д. Б. Тойматаев

ФИЛОСОФИЯ

Оқу құралы

Қостанай
2019

ӘОЖ 1/14(075)

КБЖ 87я73

Т 50

Басуға ҚР ҒИМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының
Ғылыми кеңесімен ұсынылды

Пікір жазғандар:

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті философия
кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымдарының докторы, профессор
С.А. Қолдыбаев

ҚР ҒИМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы күндізгі
оқыту факультетінің бастығы, философия ғылымдарының кандидаты,
доцент *Г.Т. Құлжанова*

Тойматаев Д. Б.

Т 50 Философия: оқу құралы / Д. Б. Тойматаев. – Қостанай:
ҚР ҒИМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы,
2019. – 165 б.

ISBN 978-601-04-4209-2

«Философия» курсы бакалавриаттың барлық мамандықтарына негізгі және жалпы міндетті курс болып табылады. Оны оқу барысында курсант философияның негізгі даму кезеңдері, қазақ халқының философиялық ойлауының ерекшеліктері туралы білім алады, философияның негізгі мәселелерімен, ұғымдарымен және категорияларымен танысады.

Философияның қазіргі заманғы маманды дайындау жүйесіндегі рөлі, оның зерттеу объектісі – адамның табиғатпен және қоғам арақатынасы арқылы анықталады. Философия адамның көзқарастық, адамгершілік және өмірмәндік құндылықтарын қалыптастырады. Әзірленген оқу құралы бағдарламаға сәйкес. Оқу құралы Академия курсанттарына көмекші бола алады деген үлкен үміт бар.

ӘОЖ 1/14(075)

КБЖ 87я73

ISBN 978-601-04-4209-2

© ҚР ҒИМ Ш. Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясы, 2019

КІРІСПЕ

*Біздің заманда физиктер философия проблемаларын
бұрынғы физиктерден қарағанда
аса үлкен дәрежеде қарастырады.
Бұған оларды өз мамандықтарының
қиындықтары мәжбүрлейді.
А. Эйнштейн*

Ғылым да кеңінен ағып жатқан өзен іспеттес, өзен өз сағасын молынан жайып, күш жинаған кезінде өте жақсы көрінеді, бірақ оған бірнеше кішкентай өзен салалары келіп құйылады және ең басты саласын бірден ажырату мүмкін емес. Біреулер ғылымның дамуын ата-бабамыздың тұрмыс-тіршілігінің дамуынан пайда болды десе, басқалары сонау тас дәуіріндегі адам әлем туралы білімін жинап, оны таратуынан деседі. Енді біреулер бірінші орынға ежелгі Грециядағы біздің дәуірімізге дейінгі V ғасырдың бірінші жартысында философиядағы дәлелденген білімнің пайда болуымен ұштастырады.

Ғылым сағасының көзге көрінер анық кезін XIX-XXI ғасырда десек, алғашқы бастауын ежелгі Грециядан ақ көреміз: Платонның сезімге тәуелсіз тәжірибелік білім эпистемасы, Аристотельдің танымдық және логикалық теориясы және т.б. жатқызамыз. Одан әрі дамыған философиядан онтология және гнесиология ретінде қарастырылып, метафизика саласын бөліп шығарды. Метафизиканы Аристотель ең бағалы ғылым ретінде және адам жетістігінің мақсаты деп көрсетеді. Даму барысында ғылымдар әр түрлі салаларға бөлініп кетті. Біздің заманымыздағы ғылымның әр түрлі салалары өз бетінше дамығанымен, олар бір-біріне маңызы жоқ және ажырамас заңдылықтармен байланысқан. Бұл салалардың барлығы көзге көрінбегенмен олар ажырамаған, олардың барлығының мақсат мүдделері бір заман ағымында, бір ізденіс бағытында, даму үстінде. Ғылымдардың барлығы философиялық көзқарастың, ізденістің жемісі мен оның салдары. Біз оларды ажыратып қарастырсақ та оның маңыздылығы тұтастығында, яғни ғылымдар философиядан бастау алады және оны дамытады.

ФИЛОСОФИЯ ПӘНІ ЖӘНЕ МАҚСАТЫ МЕН ҚЫЗМЕТТЕРІ

Философияны ежелгі грек ойшылдарының дәуірінен бастап «даналыққа деген құштарлық» деп анықталып келгендігі бізге белгілі. Дегенімен, философияның кең танымал осы ұғымынан өзге түсініктері де тарихи-философиялық шығармаларда мөлінен ұшырасады. Айталық, Платон «...геометрия және басқа философиялар» деген сөздерінде философия ұғымын «ғылым» сөзінің мағынасына жақын пайдаланады. Оның айтуынша Сократ «философия» терминін даналыққа құштарлыққа, ақиқатқа жетуге деген құмарлықты белгілеу ретінде пайдаланған. Ал Аристотель болса, болмыстың іргелі негіздерін айқындауға мүмкіндік беретін жалпылама ғылым ретінде бұл «бастапқы философияны» метафизика деп атаған.

Аристотельдік мағынада бұл термин болмыстың өзіндік тұтастығындағы әралуандылықты игеруге бағытталған философиялық білім түсінігімен тығыз байланысты (Аристотельдің «болмыс» ұғымын қалай түсінгені туралы кейінірек сөз болады). «Физика», әдетте, жаратылысты, табиғи табиғатты, оның заттар мен процестердегі сыртқы көрінісін зерттейді. Демек «метафизиканың» үлесіне бұл құбылыстардан «кейін» орналасқаны, олардың арғы жағындағы нәрсеге тиесілі. Аристотельдің пайымдауынша заттардың, жағдайлардың, құбылыстардың, процестердің сыртқы көрінісінің арғы жағында бір мәнділік орналасқан. Метафизика осы мәнділікті, болмыстың универсалдық заңдылығын, яғни сезімдік таным деңгейінен тыс, тікелей және жанама қабылдаудан жасырын жатқан нақтылықты зерттейді. Демек, бұл «арғы жаққа үңілу» жасырын нақты мәнділікті ашуға бағытталған белсенді танымдық ойлаудың қозғалысы, пайымдаушы күш. Ал М.Хайдеггер былай деп жазады: «...Метафизика – бұл мәнділікті жеке және тұтас түрінде қағидалы тану. Бірақ бұл «дефиницияны» мәселенің қойылуы ретінде ғана бағалауға болады, яғни мынадай сұрақ қойылады: «барлық нәрсе болмысының мәні деген не?» (Хайдеггер М. Кант и проблема метафизики. М., 1997, 5-8 бет). Демек, осыдан күрделі сұрақтар тізбегі

құралып, «не өмір сүреді?» деген мәселе туындайды. Мұны «не нақты өмір сүреді?» деген сұрақ жалғастырады. Бұл жерде бар нәрсенің өмір сүруі туралы мәселеден оның мәнділігі туралы мәселеге көшеміз. Бұл сұрақтардың тізбегін осы мәнділікті тану мүмкіндігі мәселесі аяқтайды, яғни бұл жерде таным процессінің мәні туралы мәселе қойылады. Сонымен, болмыс туралы сұрақ ойлау туралы сұраққа алмасады. Хайдеггердің 1935 жылы жазған «Гельдерлин және поэзияның мәні» деген еңбегінде осы айтылған цикл тіл туралы сұрақпен аяқталады. XX ғасырдың ұлы философының пайымдауынша тіл ең соңғы негіз, адамзат болмысының соңғы нақты тұрағы және сонымен қатар, оны игерудің жалғыз универсалды құралы болып табылады.

«Даналыққа деген құштарлық» белгілі бір нәрсеге танданды, өзінен жоғары тұрған нәрсені сезіміңмен мойындауды және басқа осындай әсерлерді білдірумен қатар, «өзге» үшін өзінді ұмыту», өзіңнен бас тарту сезімін де аңғартады. Даналыққа құштар осы адам үшін «өзге нәрсе» нені білдіреді? Ол физикалық тұрғыдан алғанда да, рухани тұрғыдан алғанда да өзіндік «меннен» өзге нәрсе. Тіпті, ішкі идеалды «меннің» өзі де физикалық тәннің өмір сүруінен өзгешеленеді.

Ия, бұл пәнилік өмірдің шектелуі екендігі бәрімізге белгілі. Былайша пайымдауға болады: адамды өзінің шектеулі шеңберінен шығарып, «өзгеге» құштарлықпен ұмтылуға мәжбүрлейтін құдіреттің бар екендігін ескерсек, оның жалғыз тәсілі – бұл рухани күш жігер болып табылады. Мұны идеалдық, руханилық, ақыл-ой және т.б. атаулармен атауға болады. Осылай зерделеудің нәтижесінен мынадай түйін келіп шығады: философия дегеніміз адамның өзінің шеңберінен шығуға мүмкіндік беретін рухани форма.

Сонымен, философияны «даналық» түсінігімен байланыстырар болсақ, онда бұл соңғы ұғым «білімнің жоғарғы синтезі», белгілі бір нәрсе туралы «толық жетілген білім» деген мағынаны білдіреді. Демек, философия осындай білімге деген құштарлық, ал бұл даналықтың объекті – менің өзімнен тыс табиғат және адамзат әлемі, сонымен қатар, өзім және феномен ретіндегі білімнің өзі (ескерте кетейік антикалық дәуірде философия білімге ұмтылуды, таза да тұнық ақиқатқа жетуді білдірді).

Адам – ақыл-ойы бар әлеуметтік мақұлық. Оның іс-әрекеті белгілі бір мақсатқа бағынады. Күрделі қазіргі әлемде мақсатқа сай қимылдау үшін көп біліп қана қоймай, сонымен қатар адамның түбірлі мүддесі мен заман талабына сай дұрыс шешімдер қабылдап, дұрыс мақсаттар таңдай білу қажет. Ол үшін ең алдымен әлемді терең және дұрыс түсіну, яғни жалпы және жеке мақсаттарды, және оларға жету әрекетінің тәсілдерін таңдауға мүмкіндік беретін дүниетанымның қажеттілігі шарт. Адамға қоршаған ортада бағдар жасауына, оны өзгертуіне көмек беретін – ғылым. Мысалы, физика бір энергия түрінің екіншісіне ауысуына мүмкіндік береді, химия табиғатта жоқ нәрсені қалай синтездеуді үйретеді, математика керемет компьютерлер жасауға жағдай жасайды, техникалық ғылымдар жаңа транспорт құралдарын даярлайды, байланыс жүйесін, ғарыш кемелерін және жаңа тұрмыстық техника жасап шығарады. Ғылымның осы барлық салалары жекелей және барлығы жиылып әлемді белгілі дәрежеде түсінуге септігін тигізгенімен дүниетанымның орнын алмастыра алмайды. Дүниетаным ғылым жетістіктерінің негізінде қалыптасады, бірақ ол сонымен қатар, қоғамның тарихи тәжірибесіне, оның мәдениетіне сүйенеді, әлеуметтік дамудың жеткен деңгейі мен өмір сүру тәртібін бейнелейді. Мұның бәрі білімнің ерекше жүйесі – философияны игеруді қажет етеді.

Дүниедегі өзінің орны туралы, жеке және қоғамдық өмірдің мақсат-мүдделері туралы, өзінің өмірлік ұстанымы мен іс-әрекеті туралы ойлана отырып адам белгілі бір философиялық көзқарастар қалыптастырады. Өзінің мәдени деңгейіне байланысты, арнаулы немесе жалпы білім дәрежесіне орай, әртүрлі өзара әңгімелесудің әсерімен және бұқаралық ақпарат құралдары мен әдеби кітаптардан алынған мағлұматтарын жинақтай отырып, ол өзінің жеке өмірлік философиясын, жүйелі және ғылыми негізделген болмаса да өз дүниетанымын құрастырады. Кейде қарапайым тұрмыстық және өндірістік жағдайлардағы «бір сәттік» дүниетанымның өзі де қанағаттандырарлық болуы мүмкін. Белгілі француз философы, әлеуметтанушысы Огюст Конт (1798-1857) философияның дәуірі өтті деп санады. Қалыпты немесе, оның терминологиясы бойынша, «позитивті» ғылымдар – физика, математика, химия және т.б. философияны керек етпейді. Олар барлық мәселелерді өздері шеше алады, олар

«өздерінше» философия. Бұл көзқарас позитивизм деген атауға ие болды.

Контпен келісуге бола ма? Ол үшін кітапхана сөрелеріндегі әр елдерден басылып шыққан жүздеген, тіпті мыңдаған философиялық кітаптар мен журналдарға көз жүгіртіп, жоғары және орта арнаулы оқу орнындарында философияның оқытылатынын ескерсек те жеткілікті. Ғалымдар мен мемлекет қайраткерлері, саясаткерлер мен өнер адамдарының философиялық еңбектерге деген қызығушылығын жоққа шығару мүмкін емес. Бұл қызығушылық өсе түсуде, сондықтан жоғарыдағы Конттың пікірі өзін ақтамайды.

Философия тарихындағы әмбебаптық тенденциялар мен дәстүрлер философияның ұзақ уақыт бойы сақталуына ықпал етеді. Табиғи, адамзаттық және идеалдық әлемнің мәнін тануға деген универсалистік ұмтылысты философия қалай жүзеге асырады немесе, басқаша айтқанда философия қалай «болады?».

Жауабы айдан анық: философия дегеніміз адам рухының (немесе «ойлауының», «зердесінің» және т.б.) сөз арқылы болуы. «Бастапқыда Сөз болды» деген тезистің философияның қалай «болатынына» қатысы бар. Француз философы Альбер Камюдің мынадай пікірі бар: «Адамның адам болуы көбіне оның пікір айтқанынан гөрі, үндемей қалуының арқасында». Бұл біздің өміріміздің кейбір жағдайларында белгілі бір ақиқатты білдіргенімен, қойылып отырған мәселеге келгенде оны қанағаттандыра алмайды. Себебі, кезінде К. Маркс айтқандай, жалпы тілмен сөз біздің ойымыздың нақтылығын білдіреді.

Сонымен бұл «сөз», бұл білім мен даналық не туралы дейтін болсақ, оның «жалпы бар нәрсе», өмір сүретін нәрсе туралы екендігі философия тарихынан белгілі болды. Ал біздің қабылдауымызға көнетін, көрнекі не нәрсе нақты өмір сүреді?

Ежелгі Греция философтары Парменид пен Гераклит дәуірлерінен бері бұл нәрсені «онтос»-«болмыс» деп атады. Біз өмір сүреді деп айқын қабылдайтындай не нәрсе болымды? Философиядағы классикалық ұғым «онтос» арқылы дәл осының құрылымын қарастыруға болады. Сондықтан философия құрылымын талдауды «философиялық білім құрылымының онтологиялық принципі» деп айтамыз.

Бұл тұрғыдан алғанда, оның ең бастапқы саласы, іргетасы онтология, болмыс туралы ілім болып табылады. Мұнан ары біз болмыстың деңгейлерінің осы типологиясын пайдалана отырып, философиялық білімнің әртүрлі салаларын жеке дара жүйелеп қарастырамыз. Төменде келтірілетін бұл классификацияда әр түрлі салалардың қай кезде пайда болғаны, олардың бір біріне өзара әсері мен байланысы және т.б. мәселелерді берілген контекстен ауытқымау үшін арнайы қарастырмаймыз.

Философиялық білімді жіктеуде көптеген әдіс-тәсілдердің бар екендігін ескерткеніміз жөн. Мысалы философиядағы ең кең танымалы ретінде теориялық философия және практикалық философия деген бөлінісі. Оның біріншісіне болмыс теориясы (онтология) мен таным, білім теориясы (гносеология) жатады. Екіншісінің өзегін, ең алдымен этика құрайды, оған құқық философиясы, тарих философиясы және т.б. жатқызылуы мүмкін.

Философияның теориялық және практикалық деп бөлінуі өзінің бастауын антикалық классикадан алады. Аристотель үшінші бөлігін ерекшелеп, оны «поэтикалық философия» деп атады. Бұл шығармашылық мақсаттағы білімді көздейді, ал оның негізін сөз шығармашылығының эстетикасы – риторика және поэтика құрайды. Алайда, біз «философиялық білім құрылымының онтологиялық принципіне» қайта оралайық. Сонымен, табиғат болмысына қатысты, ондағы «заттар» мен «үрдістерге» қатысты философиядағы білімнің ерекше саласы – натурфилософия. Натурфилософияның, сол сияқты онтологияның және басқа салалардың «отаны» метафизика болып табылады.

Ал табиғаттағы адам болмысы, оның іс-әрекетіне қатысты философиялық білім шеңберінде натурфилософиямен қатар философиялық антропология, яғни техника философиясы мен ноосфера концепциясы қалыптасты және өмір сүруде. Адам болмысының өзі «табиғаттан тыс» мағынасында көптеген «әлемдерден» тұрады. Бұл, мысалы – экономика, тарих, мәдениет, саяси және құқықтық қатынастар әлемдері, әлеуметтік-топтық және этникалық қауымдастықтар әлемдері және т.б. философияда бұлардың әрқайсысына сәйкес өзіндік салалары бар: мысалы, шаруашылық философиясы (қазіргі кездері кең таралған экономика философиясының арғы отаны десе де

болады), мәдениет философиясы, саяси философия, құқық философиясы, философиялық антропология және т.б.

Ақырында, өз кезегінде бірнеше «әлемдерге» бөлінетін адамзат рухының болмысына (мысалы, наным-сенімдер әлемі, адамгершілік және эстетикалық құндылықтар әлемі, ғылым әлемі, ментальдық қабілеттер мен мүмкіндіктер әлемі және т.б.) қатысты философия мынадай салаларға бөлінеді, мысалы дін философиясы, этика, эстетика, рух феноменологиясы және философиясы, философиялық герменевтика, жаратылысы жағынан философиялық болып табылатын психология және риторика, ғылым философиясы және де философиялық антропология сонымен қатар, әрине онтология секілді ежелгі философиялық білім салаларының бірі гносеология.

Мұның бәрін мынадай кесте түрінде келтіруге болады:

Табиғат болмысы – онтология (болмыстың барлық деңгейлері мен формаларын қоса алғанда). Натурфилософия (табиғат философиясы) Адам болмысы – философиялық антропология Тарих әлемі – тарих философиясы. Мәдениет әлемі – мәдениет философиясы. Экономика әлемі – шаруашылық философиясы. Құқық әлемі – құқық философиясы. Саясат әлемі – саяси философия. Қоғам әлемі – қоғам философиясы, оның қатынастары, құрылымы, байланыстары – әлеуметтік философия. Рухани болмыс -адамгершілік әлемі – этика, «мораль философиясы» Дін әлемі – дін философиясы. Ғылым әлемі – ғылым философиясы, эпистемология. Өнер, сұлулық әлемі – эстетика. Таным – логика, гносеология

Әрине, кез-келген кесте бар нәрсе жағдайының тек жақындатылған, толық емес бейнесі ғана. Оның үстіне, біз қарастырған жағдайда философиялық білім салаларының арасындағы өзара байланыстар мен өзара қатынастар көрсетілмеген. Алайда, білім бөлімдерінің осылайша жүйеленуі көрнекті құрал ретінде болмысқа қатысты көзқарас қалыптастыруға септігін тигізеді.

Дүниеге көзқарас – объективтік дүниеге, болмысқа, адамға және қоршаған ортаға жинақталған, қорытылған біртұтас көзқарастар мен қағидалар.

Дүниеге көзқарас түрлеріне тоқталсақ, олар:

- күнделікті өмірлік көзқарас;
- діни көзқарас;

– философиялық дүниеге көзқарас;

Әлем тарихында дүниеге көзқарастың үш негізгі формасы бар, олар:

– аңыз (мифология);

– дін;

– философия (ғылым).

Аңыз немесе мифология (грекше *mithos* – хикаят, аңыз, баян, шежіре; *logos*-сөз, ілім) – алғашқы қауымдық қоғамға тән дүние туралы қияли – ғажайып, танымдық қоғамның сана формасы.

Аңыз аясындағы негізгі мәселелер:

– әлем, жер және адамның пайда болуы;

– табиғат құбылыстарын тану;

– адам өмірі мен тағдыры, адам өлімінің себеп-салдары;

– ар-ұждан, парыз, әдеп пен әдет мәселелері;

Аңыздың белгілері:

– табиғатқа адам бейнесін еңгізу;

– эпсаналық құдайлар бейнесін еңгізу, олардың адамдармен араласуы;

– абстракциялық ойлаудың (рефлексияның) жоқтығы;

– аңыздың нақты өмірлік мәселелерге (шаруашылыққа, табиғи құбылыстардан қорғануға, апаттарға қарсы тұруға) тәжірибелік тұрғыда бағытталуы;

– аңыздық көріністердің біркелкілігі.

Дін – жаратылыстан, адам мен адамзаттан тыс трансценденталдық, күдіретті күшке сенуге негізделген дәстүрлі қоғамдық сананың формасы Діни көзқарасқа қоршаған ортаны сезімдік, бейне-эмоциялық тылсымдық (рационалдықтан тыс) формада қабылдау тән.

Дін келесі мәселелерді қарастырады:

– құдайдың бар екеніне күмән келтірмеу;

– әлемнің, жаһан дүниенің, адамның, жұмақ пен тозақтағы өмірдің, барлық тіршіліктің пайда болуы, жаратылуы;

– табиғат құбылыстарын өзгеше ұғыну;

– адам тағылымы, тағдыры мәселесі;

– әдептілік-этикалық мәселелер.

Негізгі әлемдік діндер:

– буддизм;

– христиандық;

– ислам;
Негізгі кең тараған ұлттық діндер:

- синтоизм;
- индуизм;
- иудаизм.

Діннің элементтері: діни сана, діни сенім, діни іс-әрекет, табынушылық, діни ұғымдар.

Кез келген діннің негізі діни сенім, яғни жоғарыдағы күшке. Құдайға, тәнге, жұмақ пен тозаққа сену. Бұл сенімнің негізгісі діни сезімдер, ол Құдайға деген махаббат, жақсы нәрсеге үміттену, болашақ өмірге сенім.

Діни сезімдер діни іс-әрекетті қажет етеді, яғни адамдардың өздері үшін жоғарыдағы күшке әсер ету. Оларға діни салттар жатады: сыйыну, күнәсынан арылу, құдайға қызмет етуде қатысу. Діни әрекеттерге қауіптен алшақ болу үшін қолданылатын қимылдар да жатады: сол иықтан үш рет түкіру, қара мысық өткен жолдан жүрмеу, емтихан алдында туфлидің ішіне бестік салу.

Діни идеялар мен діни сезімдер қосылған бірлікте діни сананы құрайды. Діни іс-әрекеттер жүйесі діни табынушылықты құрайды.

Кез келген дінде қатал белгіленген өзінің мінез-құлық нормалары болады және сол дінге тән табынушылықты құрайды.

Діни санада екі деңгей бар: күнделікті діни сана және теориялық діни сана.

Күнделікті діни сана – қатардағы сенушілердің діни көзқарастары. Әдетте олар нақты болады.

Теориялық діни сана абстрактілі түрде болады, ол құдай идеясын уағыздайтын адамдар арқылы пайда болады. Бірақ бұл деңгейлердің арасында (діни саналардың) шекара жоқ. Құдай идеясын уағыздаушылар еңгізген көптеген ұғымдар қатардағы сенушілердің санасына еніп барады, ал Құдай идеясының теорияларында күнделікті санамен пайда болған бейнелер пайдаланады.

Діннің қызметтері:

Қазіргі мәдениеттанушы Зара Туфанның ойы бойынша, дін мәдениеттің құрамдас бөлігі болғандықтан, дінге мәдениет

кандай кызмет аткарады сондай кызметтер тән, бірақ дін мұнда өзіне тән мазмұнын ұсынады.

Діннің атқаратын басты қызметтерінің бірі – әлемді игеру қызметі. Бірақ дін сыртқы емес адамның ішкі әлемін игереді, рухани тұрғыдан қабылдап, өзінің әлем бейнесін құрайды. Сонымен ол дүниетанымдық қызмет атқарады екен. Өзінің діни әлем бейнесін құрайды, бұл бейнеде барлық адамның қасіреттері, әділетсіздігі, жамандығы о дүниеде жақсылыққа әкеледі.

Көптеген уақыттан бері діни көзқарас ғылым сынынан шығалмай жүретін. Бірақ ХХ ғасырдың соңында діннің жаңа формаларын іздеу және таза ғылыми көзқарасқа сүйенбеу тенденциясы пайда болды. Оны қалай түсіндіруге болады? Себебі, адам қаншама жаңалықтар ашса да, ашылмаған, шешілмеген мәселелер әр қашанда көп болып келеді, және де ғылыми білімдерден басқа «ғылыми емес», «ғылымнан тыс» білімдер көп, олардың өзіндік құндылығы туралы мәселені ешкім ортаға салғысы келмейді. Сонымен қатар дін әлеуметтік ғана емес, ол психологиялық құбылыс. Психологиялық қызмет діннің ең негізгі қызметі өйткені ол адамның санасына ғана әсерін тигізіп қоймай, адамның эмоционалдық-сезімдік дүниесіне әсер етеді. Кез келген діннің негізгі элементі – Құдайға сенім. Адам жай ғана дүниеде өмір сүрмейді, ол адам өзі құрған әлемде тіршілік етеді.

Бұл қызметті әдетте жұбаныштық-өтемдік деп атайды. Шынында, адам дінге қиын жағдайларда ғана бет бұрады, қиналып бара жатқанда тазалану үшін.

Кең мағынада жұбаныш дегеніміз адамның негативті, қолайсыз эмоциялардан құтылуға көмектесетін әсер. Көп уақыт бойы жұбаныш дінде ғана пайдаланатын, бірақ жұбаныш қазіргі жағдайда барлық адамдарға қажет сияқты. Діннің жұбанышы иллюзия түрінде болады. Христиандықта жұбаныш – құтқару идеясы, буддизмде – карма туралы ілім.

Діннің тағы бір қызметі – нормативті қызмет. Норма – қалып, адам қимылының шегі. Норма – қоғамның көпғасырлық тәжірибенің нәтижесі, ол қоғамдық оймен, ар-намыспен, дәстүрлермен реттеледі, әрине арасында дін де бар. Мұнда әңгіме бір заңды орындау туралы емес сол заңға қатынас туралы әңгіме. Яғни: бәрін істеуге бола ма? Ал бұл сұрақ мәдениетке қатысты.

Кез келген діннің құрамына нақты қоғамда пайда болған және адам мінез-құлқын реттеуге бағытталған нормалар болады. Сонымен қатар дін өзінің рухани құндылықтар жүйесін құрып отыр.

Діни реттеудің екі механизмін атап өтуге болады: діни этика және табу. Ежелгі діндерде табу деген күрделі жүйе болған – діни тыйым. Табудың жартысы дінге тыйым салу ретінде енген, оны бұзу күнә болып саналады.

Кейінгі діндерде табу жүйесі саналы түрде діни-этикалық міндетке айналған.

Нормативті қызмет, тәсілдері және механизмі діни ілімнің ерекшеліктері мен сол діннің тәжірибесімен негізделген. Әр дінде адамның ізгілік қасиеттері жазылған.

Француз әлеуметтанушысы Э.Дюркгейм діннің интегративті қызметін ашыпты. Дін адамдарға өздерін жалпы құндылықтар мен идеалдар біріктіретін моральді қоғамдастық ретінде сезіну қажет.

Дін ұжымдық сананың формасы ретінде бәріне бірдей нормалар, санкциялар орнатады. Қандай мақсатпен? Әрине, осындай қиын жағдайда бәрін біріктіру үшін және қоғамда тұрақтылық болу үшін.

Әуелі, құдай идеясының өзі рухани қоғамдастықтың алғы – шарты, біріктіруші қағида ретінде.

Барлық діндерде бірлік болу үшін табыну қажет. Діннің интегративті (шоғырлану) рөлі қайшылықты. Ол шиеленіс әкелетін бұзушы фактор болуы мүмкін. Мәселен, жалпы сенім шиеленіске әкелуі әбден мүмкін. Мысалы, Ирландиядағы католиктер мен протестантистердің арасындағы шиеленіс.

Дін тағы бір қызмет атқарады – бағдарды сақтау, жинау және ұрпақтан ұрпаққа беру. Бұл қызмет біздің елде мәдениеттің маңызды қызметі болып саналады. Ежелгі білімдер қазіргі діни текстке түскен миф және аңыз түрінде сақталған.

Бүкіл өркениеттер (олармен бірге діндер) құрылы жатқанда олардың мәдени жетістіктері ізсіз жоғалып кеткен емес. Олар бәрібір мәдениеттің әлемдік мұрасына кіреді де оның дамуын жылдамдатады. Көбінесе дін кетіп бара жатқан мәдениет пен байланыстырушы болып келетін.

Діннің коммуникативті қызметін айта өтейік. Діни тұлға басқа діни ұғымның өкілдерімен байланыссыз, қатынассыз болуы мүмкін емес. Оларды діни сенім және қоғамдық табыну біріктіреді. Діни қоғамдастықтан тыс діншілдік өшіп қалады, дамымайды. Діни өмірде діни қатынастар ғана дамып қоймайды, достық, симпатия-антипатия, қызығушылық сияқты тұлғааралық қатынастар болуы мүмкін. Жантанушылардың ойы бойынша, коммуникативтік, діни қоғамның ең негізгі факторы. Ол күнделікті діни қоғамның мүшелеріне моральды, кейбір кезде материалды көмек жасайды. Бір жағынан діни коммуникативті байланыстар қатынастың өзгеше формаларын құрайды, ал екінші жағынан – діннің коммуникативті қызметі діни қоғамды әлеуметтік ортадан арашалайды, тек діни ұғымдармен қатынас жасайды.

Философия – (грекше *phileo* – махаббат, сүю, құштарлық; *sophia* – даналық) – қоғамдық сананың ерекше формасы, дүниеге көзқарастың ғылыми-теориялық түрі, болмыс пен сананың жалпы қағидалары, адамның адамға, қоршаған ортаға қатынасы туралы әмбебап ілім туралы ойлау. Әлемді өзгерту.

Философиялық дүниеге көзқарастың қызметі:

- білімге негізделген;
- ойлаудың өзіне-өзі бағытталуы (рефлексиялық);
- логикалық (қисындық);
- нақты ұғымдар және категорияларға сүйенеді;

Философия – дүниеге көзқарастың жоғарғы деңгейі мен түрі, оған рационалдық, жүйелілік, логикалық пен теориялық зерделеу тән. Философия – дүниеге көзқарас тұрғысында өзінің дамуы барысында мына үш кезеңнен өтті:

- космоцентризм;
- теоцентризм;
- антропоцентризм;

Космоцентризм деп қоршаған ортаны, табиғат құбылыстарын, тіршілікті жасаушы дүлей, шексіз сыртқы күш – ғарыш, барлық өзгерістер ғарыштық айналым арқылы жүзеге асады деп түсінетін философиялық көзқарасты айтады (ежелгі Үнді, ежелгі Қытай, басқа да Шығыс елдері және ежелгі Грекия).

Теоцентризм деп барлық тіршіліктің мәні, дүниеден тысқары тұрған тылсым күш – Құдайда деп түсінетін философиялық көзқарас түрін айтады (теоцентризм, ортағасырлық философияға тән).

Антропоцентризм деп адам мәселесін негізгі мәселе деп қарастыратын философиялық көзқарас түрін айтады (еуропалық ренессанс, жаңа және қазіргі заман философиялық мектептер).

Философиялық білімнің негізгі ерекшелігі – оның екіұдайлығы мен қосмағыналығында, себебі:

– ғылыми біліммен ортақтас, іспеттес – пәні, әдістері, методологиялық, логикалық-түсіну аппараты тұрғысынан, дегенімен оны таза білім деу екі талай.

Салыстырмалы түрде басқа ғылымдардан айырмашылығы бар:

– философия – дүниеге теориялық көзқарас, адамзаттың ұдайы жинақталған білімдерін мүмкіндігінше жалпылау болып келеді. Философия пәні кез келген жеке ғылымдардың зерттеу пәнінен кең, философия өзге ғылымдарды жалпылайды, біріктіреді, бірақ, оларды терістемейді, барлық ғылыми білімдерді өзіне сіңіре отырып, олардан жоғары да тұрмайды.

– өте күрделі құрылым (онтология, гносеология, философиялық антропология, логика, этика, эстетика, әлеуметтік философия, аксиология);

– шырқау шегіне жеткен жалпылық, теориялық сипат алуы;

– өзге ғылымдардың негізін қалайтын түпкілікті, бітімдік идеялар мен ұғымдарды өзінде сақтайды;

– көбінесе субъективтік қасиетке тән – жеке тұлғалар мен ойшылдардың дүниеге көзқарастық ойларының танбасы басым;

– өз заманының ықпалын сезінеді, сүрген дәуірінің, объективтік білімі мен құндылықтарының әдептілік идеалдарының жиынтығы болып табылады;

– философия тек қана таным пәнін зерттемей, сонымен бірге таным әдісін де зерттейді;

– философияға рефлексия тән – ойлау өзіне-өзі бағытталған, ойдың ойдан туындап, ойлау туралы ойлауға қозғалуы;

– өзінен бұрын өмір сүрген философтардың идеяларының күшті ықпалын сезіну, сонымен бірге оларға сыншылдықпен қарау;

- философиялық білім үнемі даму үстінде, жаңарып тұрады;
- категориялар, жалпы ұғымдарға сүйенеді;
- философия шексіз, әрі сарқылмайды, таусылмайды;
- адамның танымдық қабілеттілігімен (танымдағы субъект) шектелген, шешімі жоқ, «мәңгі» мәселелері (болмыстың шығу тегі, материя мен сана ара-қатынасы, өмірдің пайда болуы, жанның мәңгілігі) бар, бұлардың бәрін қазіргі таңда логикалық жолмен дәйекті шешу, тану мүмкін емес.

Сонымен, философия болмыстың мәнін осылай игерумен (немесе оны құрайтын заттардың, құбылыстардың, жағдайлардың, деңгейлердің, процестердің және т.б. мәнділігі), адамның әлемге қатынасының мәнін және ондағы адамның мәнділік орнын танумен айналысады.

ФИЛОСОФИЯНЫҢ ҚЫЗМЕТТЕРІ

Философияның қызметі – философия мақсатын, міндетін, тағылымын жүзеге асырудағы философияның атқаратын қызметі.

Философияның негізгі қызметтері:

- дүниеге көзқарастық;
- методологиялық;
- теориялық;
- гносеологиялық;
- сыншылдық;
- аксиологиялық;
- әлеуметтік;
- тәрбиелік-гуманитарлық;
- эвристикалық.

Дүниеге көзқарастық қызмет – дүниенің біртұтастық бейнесін жасау, оның құрылымы жөнінде, дүниедегі адам орны, оның қоршаған ортамен байланысы туралы көзқарасты қалыптастыру.

Методологиялық қызмет – философия қоршаған дүниені, шындықты, ақиқатты танудың негізгі әдістерін жасайды.

Теориялық қызмет – философия бүкіл дүниені, құбылыстарды ұғынуды барынша жалпылайды, тұжырымдық – логикалық жүйелерді жасайды, теориялық тұжырымдар түзейді.

Гносеологиялық қызмет – философия қоршаған дүниені, шындықты, дұрыс әрі айқын тануды мақсат етеді.

Сыншылдық қызмет – философия кез келген теорияны, білім қағидаларын сыни ойлаудан өткізіп, ондағы қайшылықтарды анықтап, күмәнді жақтарын айқындайды. Бұл қызметтің міндеті – догмаларды әшкерелеу, білімнің дәйектілігін пысықтау және таным шеңберін мүмкіндігінше кеңейту.

Аксиологиялық қызмет – философия заттар мен құбылыстарды бағалағанда оларды ізгіліктік-әдептілік, этикалық, әлеуметтік, идеологиялық мәдени, рухани құндылықтар жағынан қарастырады.

Әлеуметтік қызмет – философия қоғамды зерттегенде, оның пайда болу себептерін, дамуын, құрылымын, қозғаушы күш-

терін, қоғамда болатын қайшылықтарды айқындап, оны шешу жолдарын, қоғамды жетілдіру мәселелерін қарастырады.

Тәрбиелік – гуманитарлық қызмет – философия гуманистік құндылықтар мен идеалдарды адам, адамзат пен қоғам игілігіне жаратуды көздейді. Философия – тарих қойнауындағы барлық адамгершілік ізгіліктердің тәрбиелік мәнін ашып керсетеді.

Эвристикалық қызмет – философиялану, немесе философияны оқып-үйрену барысында адам дүниеге, бүкіл болмысқа жаңаша көзқараспен қарайды, оны бейне бір құлшыныс, шабыт сезімі, инсайт билейді. Ой кешуде, тылсым дүниенің інжу-маржанын тапқанда ойшыл адам кенен сыр мен кемел сезімге бөленеді.

Философияның негізгі мәселесін сананың болмысқа, болмыстың санаға қатынасын, деп кездестіруге болады.

Қазіргі заманның, кейбір философтары философия ғылым емес, сондықтан философияның негізгі мәселесі туралы мәселені қоюдың қажеті жоқ дейді. Басқа да көзқарас бар: философия – ол өнер де, ғылым да.

Ф.Энгельстің пікірінше философияның негізгі мәселесінің екі жағы бар: онтологиялық және гносеологиялық,

1) Онтологиялық (латынша onto-мән, болмыс, грекше logos-ілім, сөз.) жағы -болмыстық, мәндік жағы, яғни мұнда дүние, мән туралы айтылады. Онтологияда алғашқыда не болған: материя немесе идея, болмыс немесе сана, рух немесе табиғат, субъект немесе объект, жан немесе тән деген мәселе қойылады.

2) Гносеологиялық (грекше gnosis – білім, таным, грекше logos – ілім, сөз) жағы, яғни танымдық жағы деп аталады. Мұнда дүниені тануға бола ма, не болмай ма деген мәселе қойылады. Кейде гносеологияны эпистемология (грекше episteme – білім) деп те атайды.

Осы жоғарыда қойылған мәселеге қарай, яғни онтологиялық және гносеологиялық жағына қарай философияда негізгі мына бағыттар қалыптасты – материализм және идеализм, эмпиризм және рационализм.

Философияның онтологиялық (болмыстық) тұрғысынан зерделегенде келесі бағыттарды атауға болады:

- объективтік идеализм;
- субъективтік идеализм;

- материализм;
- диалектикалық материализм;
- стихиялы материализм;
- дөрекі материализм;
- дуализм;
- монизм;
- деизм.

Философияның гносеологиялық (танымдық) жағын қарастырғанда мынадай бағыттарды атауға болады:

- гностицизм;
- агностицизм;
- эмпиризм (сенсуализм);
- рационализм.

Философияның негізгі мәселесінің онтологиялық жағы:

- материализм;
- идеализм;
- дуализм.

Материализм (Демокрит бағыты) деп алғашқыда материя, болмыс, табиғат, объект, тән болады дейтін философиялық бағытты айтады.

Философия тарихында материализмнің үстем болған кезеңдері– демократиялық Грекияда, эллиндік мемлекеттерде, буржуазиялық төңкеріс кезеңіндегі Англияда (XVII), Францияда (XVIII), Кеңес одағында және XX ғасырдағы социалистік елдерде.

Материализм қағидалары:

- материя шынайы өмір сүреді;
- материя санадан тәуелсіз өмір сүреді;
- материя өз бетінше өмір сүреді, дербес субстанция болып табылады – өзінің тіршілігінде өзінен басқа ештеңені қажет етпейді;
- материя өзінің ішкі заңдылықтары бойынша өмір сүреді және дамиды;
- сана (рух) дегеніміз жоғары ұйымдасқан материяның өзін-өзі бейнелеу қасиеті, атрибуты, модусы болып табылады;
- сана материямен бірге өмір сүргенімен, өз бетінше дербес субстанция бола алмайды;
- сана материя мен (болмыспен) анықталады.

Материалистік бағыттағы философияның өкілдері:

Демокрит, Милет мектебінің философтары – Фалес, Анаксимандр, Анаксимен, Эпикур; Бэкон, Гоббс, Локк, Дидро және көптеген француз материалистері; Фейербах; Маркс; Энгельс; Ленин және басқа да марксистер.

Материализм ғылымға, әсіресе жаратылыстану ғылымдарына (физика, математика, химия және т.б.), логикалық дәлелдеуге сүйенеді. Бірақ, материализм сананың шығу тегін, мәнін анықтай алмайды, қоршаған дүние құбылыстарын түсіндіруде нақты жауап таба алмайды.

Идеализм – (Платон бағыты) деп алғашқыда идея, сана, рух, субъект, жан болады дейтін философиялық бағытты айтады.

Идеализмнің формалары:

– объективтік идеализм (Платон, Лейбниц, Гегель және т.б.)

– субъективтік идеализм (Беркли, Юм және т.б.)

Объективтік идеализм қағидалары:

– тек ой (идея) шынайы өмір сүреді;

– ой (идея) алғашқы, дүние ойдан туындайды;

– барлық қоршаған дүние «идея әлемі» және «заттар әлемі» болып бөлінеді;

– «идея әлемі» (эйдос) бастапқыдан Әлемдік Парасатта (Құдайда) өмір сүреді;

– «заттар әлемі» – материалдық дүние өз бетінше, дербес сүре алмайды, ол «идея әлемінен» туындайды;

– «таза идеяның» нақты затқа өзгеруінде Жаратушы-Құдайдың маңызы зор;

– жалқы идеялар («идея әлемі») біздің санамыздан объективті түрде тәуелсіз өмір сүреді;

– әрбір жеке зат – сол заттың идеясынан (эйдосынан) туындайды.

Субъективтік идеализм қағидалары:

– бәрі тек танымдағы субъекттің (адамның) санасында өмір сүреді;

– идеялар адам парасатында, ақылында өмір сүреді;

– материалдық заттар бейнесі де (идеясы) сезімдік түйсіктер арқылы адам парасатында өмір сүреді;

– материя да, рух (идея) та жеке адам санасынан тыс өмір сүрмейді. Идеализм «таза идеяның» бар болуын және оның

нақты заттарға айналуын (материя мен идеяның пайда болу тетігі) дәйекті (логикалық) түрде түсіндіре алмайды.

Философиялық бағыт ретінде идеализм платондық Грекияда, орта ғасырда, классикалық неміс философиясында үстем болды. Қазіргі заманда АҚШ-та, Алманияда және өзге Батыс Еуропа елдерінде кең тараған.

Сонымен бірге бәсекелестік басты философиялық бағыттар – материализм мен идеализмнен өзге аралық (мәмлегерлік) ағымдар – дуализм мен деизмді де атауға болады. Философиялық бағыт ретінде дуализмнің негізін Ибн-Рушд пен Р. Декарт салды.

Дуализмнің негізгі мәні мынада:

– екі тәуелсіз субстанция-материалдық (созылымдық қасиеті бар) және рухани (ойлау қасиеті бар) түпнегіз болады;

– дүниедегінің бәрі осы екі субстанциядан (материалдық заттар – материядан, идеялар – рухтан) туындайды, олардың модусы болып табылады;

– адамда бірдей екі субстанция – материалдық және руханилық бірігеді;

– материя мен сана (рух) – бірыңғай болмыстың екі карама-карсы және өзара байланысты жағы;

– философияның негізгі мәселесі (не алғашқы – материя немесе сана) деген мәселе болмайды, өйткені материя мен сана бірін-бірі толықтырады.

Деизм – Құдай дүниені бірден алғашқыда жаратып, кейін оның дамуына араласпайды, дүние өз бетінше дамиды деп ұғынатын философиялық бағыт. Деистерге көбінесе XVIII ғасырдағы француз ағартушылары жатады. Деистер материя мен рухты (сананы) қарсы қоймаған, материяның рухтануын, жандануын мойындаған.

Философияның негізгі мәселесінің гносеологиялық жағы;

– эмпиризм (сенсуализм) – Френсис Бэкон;

– рационализм – Рене Декарт.

Эмпиристер танымның негізінде тек тәжірибе мен сезімдік түйсіктер болады дейді, рационалистер ақиқатты (дәйекті) білімді тек тікелей санадан, ақылдан алуға болады, ал ол білім сезімдік тәжірибеге тәуелсіз екен. (Әуелі, ойлауда бәріне күмәнмен қарау шындық болып табылады, ал күмәндану, ойлау де-

геніміз – парасат, ақылдың қызметі. Екіншіден, ешқандайда тәжірибелік дәлелдеуді қажетсінбейтін, парасат үшін айқын ақиқаттар (аксиомалар) өмір сүреді. Мысалы: «Құдай бар», «бүтін бөліктен көп», т.б.)

Ерекше философиялық бағыт ретінде иррационализм (Ф. Ницше, А. Шопенгауэр) көрініс тапты.

Иррационалистер дүние бейтәртіп хаостан жаралған, оның ішкі логикасы жоқ, қисынсыз, сондықтан оны ешқашан да тануға болмайды – дейді. Философияның негізгі мәселесінің гносеологиялық жағының гностицизм және агностицизм ұғымдарымен байланысы бар.

Гностицизм өкілдерінің ұстанымы (негізінен, материалистер):

– дүниені тануға болады;

– танымның мүмкіндігі шексіз;

Агностиктер (әдетте, идеалистер) карама-қарсы пікірде:

– дүниені тануға болмайды;

– танымның мүмкіндігі адам санасының танымдық мүмкіндігімен шектелген.

Агностицизмнің көрнекті өкілі Иммануил Кант (1724-1804). Канттың пікірінше адам санасы, парасаты үлкен мүмкіндікке ие, бірақ, бұл мүмкіндіктердің өзіндік шегі, шекарасы бар. Адам санасының танымдық мүмкіндіктерінің шеттілігі мен шектілігіне байланысты пенде ешқашан шеше алмайтын тылсым жұмбақтар, қайшылықтар (антиномиялар) туындайды, мәселен:

– Құдайдың бар екенін дәлелдеуге болмайды;

– Құдайдың жоқ екенін де дәлелдеуге болмайды.

Қазіргі таңда философтардың мыңжылдық ізденісіне қарамай, философияның негізгі мәселесі онтологиялық жағынан да, гносеологиялық жағынан да өз шешімін тапқан жоқ. Бұл шешілмейтін, мәңгі философиялық мәселе болып тұр, сондықтан философтардың көбісі осы мәселеден қашқақтайды.

Хайдеггер, Ясперс, Камю және басқалар келешекте жаңа философияның жаңа негізгі мәселесі – экзистенциализм мәселесі, яғни адам мәселесі, оның тіршілігі, өзінің рухани дүниесін игеруі, оның қоғамдағы еркіндігі, өмір мен өмірдегі өз орны, бақытты болуы, болмысы мәселесі пайда болуы мүмкін, – дейді.

ФИЛОСОФИЯНЫҢ РӨЛІ

Пән дегеніміз философияның зерттейтін мәселелерінің жиынтығын, ауқымын көздеу. Философиялық білімнің философия пәнінің жалпы құрылымдық тұрғыдағы негізгі бес бөлімін атайық:

- онтология (болмыс туралы ілім),
- гносеология (таным туралы ілім);
- антропология (адам туралы ілім);
- әлеуметтану, социология (қоғам туралы ілім)
- философия тарихы.

Осының сыртындағы басқа да қарастыратын сұрақтары аз емес:

- болмыс мәні және оның пайда болуы;
 - материя (субстанция), оның формалары;
 - сана, оның пайда болуы, материямен арақатынасы;
 - бейсаналық (санадан тыс);
 - адам мәселесі, оның мәні, өмір сүруі;
 - жан, адамның рухани дүниесі;
 - қоғам, қоғам және адам;
 - табиғат, табиғат және қоғам;
 - әлеуметтің рухани өмірі;
 - қоғамның материалдық – экономикалық саласы;
 - қоғамдық-экономикалық формация;
 - мәдениет және өркениет,
 - ғылым мен техника философиясы;
 - этика, ізгілік, өнегелік философиясы;
 - экология (қоршаған орта) мәселесі;
 - құқық пен мемлекет философиясы;
 - таным ерекшелігі, оның шектілігі мен шексіздігі;
 - кеңістік пен уақыт, қозғалыс:
 - философиялық категориялар мәні;
 - диалектика қағидалары;
 - эстетика, өнер философиясы.
- Философияның негізгі әдістері:
- диалектика;

- метафизика;
- догматизм;
- эклектика;
- софистика;
- герменевтика.

Диалектика – болмыс пен танымның, заттар мен құбылыстардың, ойлаудың жалпы даму заңдылықтарының өзара байланысын, ішкі қайшылықтарын зерттейтін философиялық әдіс.

Метафизика – диалектикаға қарама-қарсы таным әдісі, мұнда заттар мен құбылыстар бір-біріне байланыссыз, ішкі қайшылықсыз, тұрақты түрде өзгеріп отырады.

Догматизм – қоршаған ортаны, дүниені әлдебір догмаларға, «жоғарыдан алдын ала берілген абсолюттік ақиқатқа сүйеніп қабылдау. Бұл әдіс ортағасырлық батысеуропалық философияға тән.

Эклектика – жан-жақтан жиналған, алуан түрлі қағидаларды біріктіріп, қоршаған дүниеге өзіндік көзқарасты дәріптеуге тырысатын философиялық әдіс.

Софистика – айтыс-тартыста өз қарсыласын жеңу үшін әдейі ақты қара деп, қараны ақ деп, ақиқатты жалған, жалғанды ақиқат деп көрсетуге жүгінетін әдісті айтады. Бұл әдісте ақиқатты тану емес, тек қарсыласын айтыста жеңу мақсат басшылыққа алынады. Ежелгі Грекияда кең таралған,

Герменевтика кез келген жазба нұсқасының, мәтіннің мәні, мағынасын талдап түсіну, ұғыну әдісі. Қазіргі заманғы шетелдік батыс философиясына тән.

Философиялық бағыттар:

- материализм;
- идеализм;
- эмпиризм;
- рационализм.

Материалистік бағыт шындық дүние шынайы өмір сүреді, материя алғашқы бастама, ал сана оның модусы, материяның көріну формасы деп түсіндіріледі.

Идеалистік философиялық бағыттың мәні – керісінше, идеяны алғашқы бастама, ал материя идеяның туындысы деп қабылдау.

Эмпиризм – негізінен тәжірибеге сүйенетін, сезімдік таным нәтижесін таным үрдісінің негізі деп санайтын бағыт. («Тәжірибе мен сезімдік түйсікте болмаған нәрсе, ойда да болмайды»).

Рационализм – ақиқатты, абсолюттік дәйекті білімді тек парасат, ақылмен ғана тануға болады дейтін философиялық бағыт. («Бар нәрсеге күмәндануымыз мүмкін, ал күмәннің болуы ақыл, ойдың жемісі»).

**ЕЖЕЛГІ ДҮНИЕ ФИЛОСОФИЯСЫ.
ҚАЗАҚТАРДЫҢ АЛДЫҢҒЫ ФИЛОСОФИЯСЫ.
ЕЖЕЛГІ ШЫҒЫС ФИЛОСОФИЯСЫ.
АНТИКА ФИЛОСОФИЯСЫ**

Қазақ философиясы тарихын мына кезеңдерде қарастырамыз:

- көне қазақ философиясы (б.д.д. VII – б.д. V ғ.ғ.);
- орта ғасырлық түркі кезеңі философиясы (VI – XIV ғ.ғ.);
- қазақ ақын-жырау философиясы (XV – XVIII ғ.ғ.);
- «Зар заман», ағартушылық философиясы кезеңі (XIX – XX ғ. басы);
- қазіргі заман қазақ философиясы (XX ғ. 30 жылдарынан бері).

Қазақ философиясының ерекшелік сипаты:

- тәңірге, аруаққа сыйыну, тәубелік ой-сана;
- философиялық ой ерекше формада – әдеби шығармада, өлең-жырларда, нақыл сөздер мен қара сөздерде, айтыс өнерінде көрініс тапты;
- қазақ философиясында экзистенциялық сарын басым;
- болмыс пен бейболмыс, абсолюттік Жаратушы, жалған дүние мәселелері;
- батыс философиясындағы жүйелілікке қарағанда, жеке ойшыл-тұлғалардың дүниеге көзқарастары құндылыққа ие;
- адам, мораль, эстетика, әдептілік тақырыптарына көп көңіл бөлінді;
- әлеуметтік әділеттілік, еркіндік, ізгі қоғамды аңсау.

Қазақ философиясы тарихы көне дүниеден басталады. Біздің дәуірімізге дейін өмір сүрген Заратуштра, Анахарс, Ишпақайлардан, әл-Фараби, Яссауи, Абай, Мағжанға дейін бақандай үш мың жыл жатыр. Қазақ сөз түсінер, сөз ұғар, бір ауыз сезге тоқтаған адамды өте жоғары бағалаған. «Аталы сөзге арсыз ғана таласады» – деген.

Ұлт өз дүниетанымын тілі, мәдениеті, рухани мұрасы, діни нанымы арқылы білдіреді. Философия пәні ойлау болса, ұлттық дүниетанымды бейнелейтін ойлау формалары ұлттық философия болмақ.

Ұлттық философия тек философия үшін қажет емес, ол ұлттың өзін-өзі тануы үшін қажет. Өз тілінде философиясы болмаған халықты мәдениетті, өркениетті елдер қатарына қосу қиын. Гегель айтқандай «менің ана тілімде (неміс) жазылғанның бәрі менің байлығым».

Көне қазақ философиясында аты белгілі ойшылдар:

– Заратуштра – осыдан үш мың жылдай бұрынғы азиялық ұлы даладағы тұңғыш пайғамбарлардың бірі. Еуропаға Заратуштра есімі екі жарым ғасыр бұрын ғана белгілі болған. Ғалымдар «Авестаға» неғұрлым тереңдеген сайын айтылған жер, су аттары Заратуштраның шығу тегі Тұран даласына, яғни қазіргі Қазақстан мен Орта Азия даласына алып келеді. Лондон университетінің профессоры Мэри Бойс «ақиқатында Заратуштра Еділдің шығысынан басталатын Азиялық далада өмір сүрген» – деп тұжырымдайды.

Заратуштра қалайда адамзат тарихы үшін теңдесі жоқ жұмбақ тұлға.

Классикалық неміс философиясының өкілі, атақты философ Фридрих ницшенің (1844 – 1900) «Заратуштра осылай деген, атты философиялық толғау жазу да тегін емес еді. Бұл Заратуштраның жалпы адамзат баласының алғашқы ұстазы болғандығын мойындау еді. Смағұл Елубайдың пікірі бойынша:

– адамзаттың алғашқы пайғамбары, соңғылықта өмірге буддизм, иудаизм, христиан, ислам діндерінің келуіне үлкен ықпал жасаған Заратуштра ұлы Тұран жерінің перзенті;

– соңғылықта, ең соңғы ғылыми зерттеулер Заратуштраның туған жерін қазақ даласына әкеп тіреді. «Еділдің шығысынан басталатын азиялық дала» – қазақ жері;

– адамзаттың алғашқы пайғамбары Заратуштраның туған жері, отаны Қазақстан екенін біздің де айта бастайтын уақытымыз жетті.

– Заратуштра адамзат тарихы үш кезеңнен тұрады дейді. Құдай дүниені жаратқан алғашқы балауса кезеңді – «жаралу» кезеңі. Адамзат тарихының екінші кезеңі дүниеге Сайтан араласқан кезең, яғни «араласу» кезеңі делінеді. Бұл кезеңде кеспат пен шарапат ұзақ та ұлы күреске шығады. Бұл жарық дүние үшін Құдай мен Сайтанның күресі еді. Заратуштра уағызы бойынша, адамзат тарихының үшінші кезеңі – «ажырасу» деп

аталады. Бұл кезеңде Құдай Сайтанды жеңіп, өзі жаратқан тозақ отына өзі күйіп, қиянат, кесапат, жамандық, қылмыс атаулы із-түссіз жоғалған күннен басталмақ. Сөйтіп, Алла тағала жаратқан жарық дүние баяғы бейкүнә, таза, жұмақ қалпына келмек. Сол болашақта, мәңгі жұмақта өмір сүрмек үшін, бақытты болу үшін адам бұл фәниде Заратуштраның үш шартын орындауы керек:

- бірінші шарт – «шарапатты ойға берілу»;
- екінші шарт – «шарапатты сөзге берілу»;
- үшінші шарт – «шарапатты ізге берілу».

Анахарс, грекше – Анахарсис – Скиф жұртынан шыққан дана, тапқыр, шешен (б.д.д, VI – V ғ.ғ.). Анахарстың әкесі көшпенділердің әйгілі ханы Гнур (Күннұр) болса, шешесі Афина ақсүйектерінің қызы. Анарыстың тапқырлық даналығы туралы Геродот, Платон, Аристотель, Диоген, Лукиан, Сеист Эмпирик, Плутарх, Мишель Монтень сияқты әйгілі тұлғалар ой-пікір, естеліктер қалдырған.

Диоген Лаэртский (шығармалары. М., 1975, 95-96 беттер): «Кеме ағашының қалыңдығы төрт-ақ елі екенін білген Анахарс, кемешілер өлімнен төрт елі қашықтықта жүреді» екен депті.

Анахарстың ескерткішіне: «Тіліңе, құлқыңа, тәңіне ие бол», деп жазылыпты. Адам бойындағы бақ пен сорға бірдей себепші болатын не? – деген сұраққа Анахарс: «Тіл» деп жауап беріпті.

Татымсыз көп достан, тартымды бір дос артық – депті Анахарс. Базар – адамдардың бірін-бірі алдап, тонау үшін әдейі ойлап тапқан орын дейді.

Плутарх (Тандамалы өмірбаяндар, 2 томдық. М., 1987, 161 бет): Анахарс Халық кеңесіне келіп отырып, эллиндер арасында сөзді ақылдылардың айтатынына, ал мәселені ақымақтардың шешетініне қайран қалыпты.

Ишпақай – біздің жыл санауымыздан бұрынғы 674 жылы қаза тапқан скифтер көсемі, қазақ даласының перзенті, ғұламасы.

Майқы би Мәнұлы – Хижра жыл санауынан 711 жыл бұрын туып, 800 жылы дүниеден қайтқан. «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» өз заманында бүкіл қазақ атаулыны билеген, билеу үстіне әділдік орнатқан, қара қылды қақ жарған адам болыпты.

ЕЖЕЛГІ ҮНДІ ФИЛОСОФИЯСЫ

Ежелгі үнді философиясын кезеңдерге бөлу негізінде – ежелгі үнді жазба нұсқаларының шығу тарихы жатыр. Осы әдеби – жазба нұсқаларына қарай ежелгі үнді философиясын үш кезеңге бөлуге болады:

- б.д.д, XV – VI ғ.ғ. – ведалық кезең;
- б.д.д. VI -II ғ.ғ. эпикалық кезең;
- б.д.д. II ғ.– б.д. VII ғ. сутралық кезең.

Ведалар (санскрит тілінде – «білім») – Б.д.д. XV ғасырларда Орта Азия, Волга жағалауы, Ираннан Үндістанға келген арийлер тайпасының жасаған діни– философиялық трактаттары.

Ведалардың құрамы:

- «қасиетті жазулар», діни әнұрандар (самхиттер);
- брахмандардың (абыздардың) шығарған, жазған жоралғы-рәсімдерін бейнелейтін және діни уағыздарды өткізгенде қолданылатын нұсқалар;

– орман тақуаларының кітаптары (араньяктар),

– Ведаларды философиялық түсіндіру (упанишадалар).

Ведалардың бізге жеткен төрт түрі бар:

– Ригведа– әр түрлі құдайларға арналған 1028 әнұран;

– Самаведа -ән-күй, өлең-жырлар ведасы;

– Яджурведа – құрбандыққа шалу, жоқтаулар ведасы;

– Атхарваведа – өмірге лайықталған 700-ден аса дуалар жиынтығы.

Упанишадалар – «Ведалардың аяқталуы» немесе Веданта, ведалар мазмұнын философиялық түсіндіру. «Упанишад» – ұстаздың алдында отырып, одан тәлім-тәрбие алу дегенді білдіреді.

Эпикалық кезеңде атақты поэма – эпостар «Махабхарата» және «Рамаяна – болды. «Бхагавадгита» – «Тәңір жыры», яғни «бхараттардың шайқасы– туралы жыр «Махабхаратаның» (18 кітап) 90000 шумақ, 6-шы кітабының бір бөлігі.

Ежелгі Үнді философиялық мектептерін екі бағытқа бөліп қарастырайық:

1) *Астика* – Ортодоксалды (Веданы мойындайтын) философиялық мектептер (даршандар):

– вайшешика – атомистикалық ілімге негізделген онтологиялық мәселелер, жан туралы ілім қарастырылады;

– ньья – логика, гносеология, метафизикалық мәселелер;

– йога – адам психологиясы, түрлену деңгелегінен азат болу ілімі;

– миманса – таным мәселесімен айналысты;

– веданта – рухани бастама түріндегі түпнегіз, субстанция мәселесі;

– санкхья – пуруша және пракрити – дуалистік қағида мәселесі.

2) *Настика* – бейортоксалды (веданы мойындамайтын) мектептер.

буддизм – Үндістанда (б.д.д.V ғ. кейін), Қытайда, Оңтүстік-Шығыс Азияда (III ғ. кейін) және басқа өңірлерде кең тараған діни – философиялық ілім.

Буддизм негізін Гаутама Будда (Сидхардха Шакьямуни) (б.д.д. 563-483 ж.ж.) салды. Ол қиыншылыққа толы, күрделі өмір соқпақтарынан (ханзада, тақуа-аскет, данышпан, әулие) өтіп б.д.д. 527 ж. «нұрланып», өзінің уағыздарын тарата бастады.

Буддизмнің басты идеясы – «Орта жолды» ұстау, яғни шегіне жеткен екі жол: «ләззат жолы» (құмарлық, шаттану, енжарлық, тән мен жан рахаты) мен «аскетизм жолының» (азаптану, күйіну, өлімді аңсау, тән мен жан қасіреті) ортасын қалау, таңдау.

«Орта жол» – білім, даналық, ақылмен шектеу, зерделеу, нұрлану, өзіндік кемелдену жолы, оның түпкі мақсаты – ең жоғарғы игілік – нирванаға жету.

Будда төрт ізгілікті (арийлік) ақиқатты айқындайды:

– бұл дүние қасіретке толы;

– қасіреттің өз себептері бар – байлық, құмарлық, атақ, даңқ, өмір ләззаты, т.б;

– қасіреттен арылуға, құтылуға болады;

– қасіреттен құтылудың жолы бар – ол пендешіліктен арылу, нұрлану, нирвана.

Будда философиясы адамның өзіндік кемелденуі, Ұлы Азаттану – нирванаға жетудің жолдарын көрсетеді. Ол сегіз сатылы, сегіз буынды ұстаным, сегіздік жол:

– дұрыс көзқарас – буддизм негіздерін және өмірдегі өз жолыңды түсіну;

– дұрыс ойлау – адам өмірі оның ойлауына тәуелді, ойың өзгерсе өмірің де өзгереді;

– дұрыс сөйлеу – айтқан сөзің жаныңа, мінезіңе әсер етеді;

– дұрыс іс-әрекет – келісімді өмір сүру, зұлымдық, жамандыққа барма;

– дұрыс өмір сүру – буддалық өсиеттерді әрқашан бұлжытпай сақтау;

– дұрыс ыждақат – ынталы болу, еңбек етуді сую;

– дұрыс зерделеу – дұрыс ойлаудан туындайтын әдептілік;

– дұрыс зейін қою – медитацияға ұмтылу, ғарышпен байланысу.

Буддизмнің бес өсиет-бағдары:

– өлтірме;

– ұрлама;

– пәк бол;

– өтірік айтпа, жалған сөйлеме;

– зиянды заттарды пайдаланба.

Жайнизм – адамның екіұдайлығы, қосмағыналығы туралы, карма, сансарадан құтылу, этика мәселесі туралы ілім.

Чарвака – локаята – карма заңын терістеу, сансара, о дүниелік өмір, төрт материалдық элементтер ілімін терістеу. Гедоникалық этика.

Ежелгі Үнді философиясы кезеңін сутра дәуірі (накыл сөздер) – қысқаша философиялық трактаттар, яғни жеке мәселелерді (мысалы «кама-сутра», т.б.) қарастыру аяқтайды.

Орта ғасыр дәуірінде үнді философиясында Сидхарта Гаутама Будда ілімі – буддизм үстем болды.

XVII-XX ғ.ғ. үнді философиясы батыс еуропалық (әсіресе ағылшын) философиясының жетістіктерімен байыды.

Үнді философиясының онтологиясы (болмыс пен бейболмыс ілімі) Рита заңына, яғни ғарыштық эволюция, циклдік өзгеріс, тәртіп пен өзара байланыс идеяларына негізделді. Болмыс пен бейболмыс Брахма – Ғарыштың (Жаратушы-Тәңірдің) дем алуы

мен дем шығаруы арқылы түсіндірілді. Ғарыш-Брахма 100 ғарыштық (біздіңше 8640000000) жыл өмір сүреді, сонаң соң, ол өліп абсолюттік бейболмыс орнығады – олда 100 ғарыштық (8640000000) жылға созылады, сөйтіп жаңа Брахма дүниеге келеді. Бүкіл шексіз тарих – Ғарыш өмірі (Маха Манвантара) мен Абсолюттік бейболмыстың (Маха Пралайя) әрбір 100 ғарыштық жылда бірін-бірі ауыстырып, алмастырып тұруы. Ғарыш – Брахманың қайтадан жаңарып туындауындағы өмірдің неғұрлым жаңарып, жетілген формада пайда болуы. Дүниедегінің барлығы байланыста болады. Кез келген өзгеріс, уақиға, (адам іс-ерекеті, табиғат құбылысы) Ғарыш өміріне әсер етеді. Эволюция, дамудың мақсаты-материалдық формалардың әрдайым ауысып отыруы арқылы неғұрлым жетілген, кемелдеген рухқа кенелуі.

Ежелгі Үнді философиясы гносеологиясының ерекшелігі-сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының, қасиеттерін зерттеу (еуропалық сияқты) емес, керісінше заттар мен құбылыстар дүниесімен жанасқандағы санада болатын үрдістер мен құбылыстарды зерттеу. Осыған байланысты Үнді философиясында сананың үш түрі қарастырылды:

- праkritи – материалдық түпнегіз, сана;
- пуруша – таза сана, барлық тіршілікті жандандыратын күш;

- майя – ақиқатсыз қияли сана, елес.

Үнді философиясының негізгі категориялары:

- Брахман – абсолют, тұлғасыз рухани бастама;
- Атман – «мен», жан; субъективтік рухани бастама;
- Манас – өмір барысында туындайтын адам жаны;
- Дхарма – мәңгілік әдептілік заңы, борыш, парыз, әділеттілік;

- Сансара – жанның мәңгілігі мен өлмейтіні туралы ілім, кармамен шартталған бастаусыз және шексіз түрленудің (дөңгелек) тізбегі;

- Карма – пешене, адам өмірінің тағдырының алдын ала мәлім болуы.

Адам тіршілігінде істеген қылықтарына берілетін әділ әдеп заңдылығы. Карма – бұрын істеген іс-әрекет нәтижесі, оған адам

болашағы тәуелді. Сіздің кармаңыз – Сіздің өзіңіз. Сіздің реинкарнацияңыз – сіздің кармаңыздың жемісі.

– Нирвана – өзіндік «Мен» сезімінен арылып, идеалдық азат күйге өту, «Меннің» абсолюттік жойылуы, онда сіңісуі;

– Мокша – Атман мен Брахманның қосылуы, қайта туылу; әдептіліктің дамыған шыңы, одан кейін жанның (карма) эволюциясы тоқтайды; мокшаға жеткен жан шексіз өмір тосқауылынан азат болып махатма – ұлылық жанға өтеді;

– Ахимса – фәни дүниедегі барлық өмір формаларының бірлігі (демек адам, жан-жануар және бүкіл қоршаған табиғаттың бірігуі). Ахимсаның басты қағидасы – өлтірмеу, қоршаған жанды дүниеге зиян, залал келтірмеу.

ЕЖЕЛГІ ҚЫТАЙ ФИЛОСОФИЯСЫ

Өзінің даму барысында үш негізгі кезеңнен өтті:

– б.д.д. VII ғ. – б.д. III ғ. – ежелгі ұлттық философиялық мектептердің пайда болуы мен қалыптасуы;

– III-XIX ғ.ғ. Үндістаннан Қытайға буддизмнің (б.д. III ғ.) енуі және оның ұлттық философиялық мектептерге ықпалы;

– XXI ғ. – қазіргі заманғы кезең – Қытай қоғамының біртіндеп ашыла бастауы, қытай философиясының еуропалық және дүние жүзілік философия жетістіктерімен сусындауы.

Қытайдағы ежелгі ұлттық философиялық ілімдер:

- даосизм;
- конфуцийшілдік;
- легизм;
- моизм;
- натурфилософия;
- номинализм.

Қытайға буддизм (III ғ.) енгеннен кейінгі және XIX ғ. соңына дейінгі қытай философиясының негізін қалаған ілімдер:

- чань-буддизм (ұлттық қытай буддизмі);
- неодаосизм;
- неоконфуцийшілдік.

XX ғасырда қытай ұлттық философиясы мына әлемдік философиялық идеялармен байыды:

- христиандық діни философия;
- марксизм;
- еуропаның көрнекті философтарының идеялары;
- американдық прагматизм философиясы.

Дүние мен қоршаған ортаны бейнелеудегі қытайлық көзқарасқа тән қасиеттер:

- өз елі Қытайды – шындықтағы дүниенің орталығы, деп қабылдау;
- жеке оқиғаларды, тарихты жалпы циклдік процестер ретінде ұғыну;
- жердегі ғарыштық циклдердің дұрыс жүруіне, Аспан мен Жер алдында адамның өзіндік жауапкершілігін сезінуі;

– адам, табиғат және ғарышты бірыңғай тұтастық деп қабылдау;

– сананың консерватизмі, өткенге оралу, өзгерісті қаламау;

– жеке адам, тұлғаның ұжымнан бөлінбеуі, жекеленбеуі;

– табиғат апаттарымен күресте жеке адамның дәрменсіздігін сезіну;

– еңбектің жаппай (ұжымдық) формаларына басымдылық беру (Ұлы Қытай қоршау салу, каналдар қазу, бөгеттер тұрғызу, су тасқынымен күресу және т.б.);

– жеке адам, ұжым, мемлекет пен қоғамды бөлінбес тұтастық деп қабылдау;

– қоғамда вертикалдық байланыстарды (билік пен бағыну), субординацияны, бастықты сыйлауды, мемлекет басшысын (императорды) ең жоғарғы мәртебе, мемлекетті біріктіруші күш ретінде ұғынуды қалыптастыру;

– қарым-қатынаста конформизмді, келісімпаздықты, мәмлелерлікті, тыныштық пен жайбарақаттылықты қалау;

– өмірді ең алдымен тән қабығындағы рух өмірі, деп ұғыну; фәни өмірді бақи дүниеден жоғары қою; ұзақ өмір сүруге әрекет жасау (дене шынықтыру, шөп дәрілерін ішу және т.б.)

– о дүниелік күштердің болуын мойындау, өлгендердің жандануы;

– ата-аналарды, үлкендерді сыйлау, ата-баба, аруақтарды (шэн) қастерлеу.

Қытайда адам қоғам, табиғат және ғарышпен барабарлықта, бірлікте қарастырылды. Сонымен бірге қытай философиясында адам мәселесі өзекті болды. Қытай философиясы дәстүрінде адам ғарыштық энергияның үш түрінің түйіндісі болды, олар:

– цзин;

– ци;

– шэнь.

Цзин – барлық тіршіліктің пайда болу энергиясы, тірі организмнің «түбірі», «тамыры», «тұқымы».

Осы психофизикалық энергияның екі түрі қарастырылды:

– «Алдыңғы Аспан ұрығы» – адамға туа біте берілген, генетикалық бағдарлама, тәндік белгілер;

– «Кейінгі Аспан ұрығы» – жүре пайда болады, адам өміріне байланысты.

Кейде цзинді жыныстық энергия деп те түсінуге болады.

Ци – барлық тіршіліктің (цзин – туындау энергиясынан өзгеше) «құрылыс материалы» болып қызмет ететін материалдық-рухани энергияны айтады:

– заттық ци – соның себебінен заттар мен тірі организмдер материалдық формаға ие;

– рухани ци – адам жаны және өзге тіршілік иелері;

Рухани ци адам өмірінің негізі. Жолы болғыш, дені сау, әдепті адам «жарқын», «мөлдір», «таза» циге ие. Ауру, әлсіз, жолы болмайтын адам – «ауыр», «лас», «күңгірт» циге ие.

Табысқа жету тән мен жан саулығы; бақыт – цидің бәрінен азат болуы, жанның тазаруы.

Шэнь – адамға тән жойылмайтын, таусылмас рухани энергия, ол адами тұлғаның «дiңгегiн» құрайды және адам өлгеннен соң жойылмайды (циден өзгеше).

Жоғарыда айтылған үш ғарыштық энергиядан (цзин – туындау энергиясы, ци – материалдық және рухани тіршілік энергиясы, шэнь – өлімнен соң қалатын тұрақты рухани энергия) өзге қытай философиясы жыныстық энергияның екі түрін қарастырады:

– ян – еркектік жыныстық энергия;

– инь – әйелдік жыныстық энергия.

Осыған байланысты барлық тіршілік екі қарама-қарсы бастамаға бөлінеді – еркектік және әйелдік. Бұл тірі табиғатқа да (адамдарды еркек және әйел, жануарларды жыныстық белгілеріне қарай бөлу) әрі өлі табиғатқа да (қытай философиясында белсенді, еркектік бастамаға – янға – Күн, аспан, күндіз, құрғақтық, жеңілдік, ал пассивтік әйелдік бастамаға – иньға – Ай, Жер, Қыраттар, түн, ылғал, ауырлық жатады) қатысты.

Тірі және өлі табиғат, бүкіл қоршаған дүниенің негізінде «Тай-ци» – яғни ян мен иньнің бірлігі, күресі, өзара өтуі мен өзара толықтырылуы жатады.

Адамды ұғыну:

– адам мәнін нақты ұғымдық түсінудің орнына, оның бейнесін жасау басымырақ (сондықтан қытай философиясына адамды және өзге де құбылыстарды бейне-ұғымдық түсіну тән);

– адам өмірінің басталуын туылғанынан емес, оның ұрықталуынан бастау;

– адам өлгеннен соң ол адами қатынастар жүйесінен мүлде шығарылып тасталмайды, яғни адам (шэнь – тәндік елесі бар рух) о дүниелікте болса да тірілермен қатынаста болады – тамаққа, қамқорлыққа, шарапатқа мұқтаж;

– адамның рухани орталығы бас (ми, бет, көз т.б.) емес, оның жүрегі;

– адамды табиғат пен ғарыш бөлігі деп түсініп, оның табиғат пен өзге тіршілік иелеріне үстем болу идеясымен келіспейді, жеке тұлғаны өзге қоғам мүшелеріне қарсы қоймай, жекелікті (индивидуализмді) қабылдамайды;

– фәни дүниедегі өмірді бағалау, неғұрлым ұзақ өмір сүруді дәріптеу.

Қытайдағы ұзақ өмір сүрудің басты шарттары:

– рухани психофизикалық энергия циді таза күйде ұстау, яғни қажетсіз қобалжулардан азат болу, зиянды және зұлым пиғылдан аулақ жүру, қоршаған ортаға дұрыс қарау, үлкендерді сыйлау, таза, сау циді бар адамдармен қатынаста болу;

– өзіңнің тән мен жаныңды күту – «син чун» – өзіңді мәденилендіру;

– тағдырға бой ұсыну, қоғамға пайда келтіру – «мин чун»;

– қоғамдық тәртіпті сақтау;

– шипалы шөптер мен дәрі-дәрмек, дұрыс тамақтану;

– Қытайда тұру, қытай мәдениетінен сусындау, Қытайлық рухани энергияны дарыту.

Ежелгі қытай мәдениеті тірі және өлі табиғатта, жерде өмірдің пайда болуының философиялық – мифологиялық түсінігін береді, ол өзінде мына кезеңдерді қамтиды:

– ұлы хаос, форма жағынан үлкен жұмыртқаны елестетеді;

– жұмыртқа – хаоста 18000 жыл бойы барлық тіршіліктің, Алғытегі – алып Пань – Гудың пайда болуы;

– алып Пань – Гудың жұмыртқадан шығуы, ол жұмыртқа тәріздес хаостың өліміне әкелді;

– барлық жеңілдік пен құрғақтықтың жоғарыда (Аспанда) және ауырлық, ылғалдықтың төменде (жерде) араласуының шоғырлануының нәтижесінде хаостан аспан мен жер құрылды;

– аспан мен жердің арасында алып Пань – Гудың 18000 жыл тұруы нәтижесінде аспан мен жер өзінің орнын сақтап қалды;

– Пань – Гудың өлімі, оның денесінен барлық мәнділіктердің жасалуы: көзден – күн мен ай, дауыстан – найзағай, демнен – жел, қаннан – өзен және т.б.

Ескі философиялық шығарма «и-цзин» әрқашан айналымда болатын бес түпнегіз – топырақ, ағаш, металл, от, судан дүниенің, пайда болуын түсіндірді.

Даосизм – қоршаған дүниенің, құрылымы мен тіршілігінің, негізін түсіндіру және адам, табиғат пен ғарыштың игілікке апаратын жолын табу мәселесін қарастырады.

Даосизмнің негізін б.д.д. VI ғ. соңы – б.д.д. V ғ. басында өмір сүрген Лао Цзы (қарт ұстаз) салды. Даосизмнің қайнар көзі – философиялық трактаттар «Дао-цзин» мен «Дэ-цзин», екеуі бірігіп, «Дао-Дэ-цзин» деп аталды.

Даосизмнің негізгі ұғымдары «Дао» және «Дэ».

«Дао» екі мағынаға ие:

– адам мен табиғаттың өзіндік дамуындағы қажетті баратын жолы, дүние тіршілігін қамтамасыз ететін әмбебаптық әлемдік заңдылық;

– барлық дүние, түпнегіз туындайтын субстанция, ол энергиясы қуатты бос қуыс,

«Дэ» – жоғарыдан туындайтын игілік; түпнегіз «Даоны» қоршаған дүниеге айналдыратын энергия, күш.

Даосизм философиясының негізгі идеялары:

– дүниедегінің, барлығы өзара байланысты. Бірде бір зат, бірде бір құбылыс өзге бір зат, өзге бір құбылыспен байланыссыз болмақ емес;

– материядан құралатын дүние бір, бірлікте, табиғатта материяның айналымы болып тұрады (барлығы жерден, топырақтан шығады және жерге, топыраққа кетеді), яғни бүгінгі адам кеше басқа формада – тас, ағаш, жануар бөлігі болған, ал адам өлгеннен кейін оның тендік құрамы өзге өмір формалары немесе табиғат құбылыстарының «құрылыс материалына» айналады;

– әлемдік тәртіп, табиғат заңдары, тарих даму барысы тұрақты және адам ерігіне тәуелсіз, сондықтан адам өмірінің негізгі ұстанымы – «у-вэй» – тыныштық және бейқамдық;

– император тағзымы қасиетті, тек император ғана құдай және жоғары күштермен рухани байланыста болады; император тұлғасы арқылы Қытай мен барлық адамзатқа жандандырушы

күш пен игілік – «Дэ» бұйырады; адам императорға неғұрлым жақын болса, оған соғұрлым көп «Дэ» өтеді;

– «Даоны» тану мен «Дэні» қабылдау арқылы даосизмнің заңдылықтарын толық сақтау; «Дао» – түпнегізбен қосылғанда, императорды қастерлегенде ғана жүзеге асады;

– бақытқа жету жолы, ақиқатты тану дегеніміз– құштарлық пен құлшыныстан азат болу;

– әрқашан ымыраға, түсінушілікке келу.

Конфуцийшілдік – адамды әлеуметтік өмірдің, өзекті мәселесі деп қарастыратын ежелгі философиялық мектеп.

Конфуций (Кун-Фу-Цзы) – б.д.д, 551-479 жылдары өмір сүрген. Оның негізгі шығармасы – «Лун Юй»-«Сұхбаттар мен пікірлер», ол 6 кітаптан тұрады:

– И-Цзин – «өзгерістер кітабы»;

– Юэ-Цзин – «ән– күй, музыка кітабы»;

– Шу-Цзин – «шежірелер кітабы»;

– Ши-Цзин – «мадақтау кітабы»;

– Ли-Цзи немесе Чжоу ли – салт -дәстүр, әдет -ғұрып;

– Чунь-Цю – көктем және күз.

Конфуций философиясының негізгі мәселесі:

– адамдарды қалай басқару, жолға салу?

– қоғамда өзін қалай ұстау?

Бұл мектептің өкілдері қоғамды басқарудың жұмсақ, қайырымды жолын ұсынды. Мысал ретінде, бастықтың қол астындағыларына билігі – әкенің балаға деген қатынасындай болу керек. Конфуцийдің алтын ережесі: өзіңе қаламағанды өзгеге істеме.

Конфуций ілімінің негізін құраушы ұстанымдары:

– қоғамда өмір сүру, қоғам үшін өмір сүру;

– бір-біріңмен ымырашыл, мейірімді бол;

– жасы үлкендер мен лауазымдарды сыйла;

– императорға бағын;

– өзіңді ұстай біл, шектен шықпа;

– бәрінде өлшемді сақта, шаманды біл;

– адамгершілікті сақта, кішіпейіл бол.

Басшы (жетекші) қандай болу керек деген мәселеге Конфуций көп көңіл бөлді. Басшыға тән қасиеттер:

– императорға бағыну және конфуцийшілдік ұстанымдарға жүгіну;

- ізгіліктік (бадао) негізде басқару;
- қажетті білімдерге ие болу;
- отанға адал қызмет ету, патриот (отаншыл) болу;
- алдына үлкен мақсаттар қоя білу;
- кешірімшіл болу;
- мемлекетшіл болу, әділеттілікті ұстану;
- өзіңе сенімді болу, басқаларға үлгі бола білу.

Конфуций ілімінің қытай қоғамының бірігуіне әсері күшті болды. 2500 жылдық тарихына қарамастан конфуцишілдік идея қазіргі кезде де өз маңызын жоғалтқан жоқ.

Легизм (фа-цзя, заңгерлер мектебі) мектебінің негізін Шан Ян (б.д.д. 390-338 ж.ж.) мен Хань Фей (б.д.д. 288-233 ж.ж.) салды. Император Цинь-Ши-Хуа (б.д.д. III ғ.) дәуірінде легизм ресми идеология рөлін атқарды. Легизмнің негізгі мәселесі (конфуцийшілдік сияқты) қоғамды қалай басқару керек деген мәселе болды.

Легистер қоғамды басқарудың жолы заңға сүйенген мемлекеттік мәжбүрлеу, пәрменділікті жүзеге асыру деп білді. Сөйтіп, легизм – күшті мемлекеттік билік философиясы.

Легизм философиясының негізгі қағидалары:

- адам өз бітімінде зұлым, жамандыққа бейім;
- адам іс-әрекетінің қозғаушы күші – жеке эгоистік мүдде;
- жеке тұлғалардың (әлеуметтік топтардың) мүдделері кереғар;
- қоғамдық қатынастардағы алауыздық пен өшпенділіктен арылу үшін оған мемлекет араласуы керек;
- мемлекет (әскер, шенеуніктер тарапынан) заң сыйлаушы азаматтарды құрметтеп, ал заң бұзушыларды жазалап отыруы керек;
- адамдардың тәртіпті болуға ұмтылуы жазадан қорыққаннан (үрейден) туындайды;
- дұрыс немесе бұрыс тәртіп пен жазалауды тек заң анықтауы керек;
- заң бәріне бірдей, кімде кім болмасын, жай адам немесе лауазымды шенеунік заң бұзса жазалануы қажет;

– мемлекеттік аппарат кәсіби қызметкерлерден тұруы, жасақталуы керек;

– мемлекет – қоғамның басты реттеуші құралы, демек ол қоғамдық қатынастарға, экономикаға, азаматтардың жеке өміріне араласуына құқығы бар.

ЕЖЕЛГІ ГРЕК ФИЛОСОФИЯСЫ

Ежелгі Грек философиясы (ілімі, мектебі) деп қазіргі заманғы Грекия территориясындағы, Кіші Азия грек полистеріндегі, жерорта теңізі, қара теңіз жағалауы мен Қырымдағы, Азия мен Африкадағы эллиндік мемлекеттердегі, Рим империясында өмір сүрген грек ойшылдарының, философтарының ілімін айтады. (Кейде Ежелгі Грек пен Ежелгі Рим философиясын «антикалық философия» деп те атайды).

Антикалық философия өз дамуында төрт кезеңнен өтті:

- демократиялық – (б.д.д. VII-V ғ.ғ.);
- классикалық (сократтық)– б.д.д. V ғ ортасы – б.д.д. IV ғ. аяғы;

- эллиндік – б.д.д. IV ғ. – б.д.д. I ғ.;

- римдік б.д.д. I ғ. – б.д. V ғ.

Сократқа дейінгі кезең:

- милет мектебі – «физиктер» (Фалес, Анаксимандр, Анаксимен);

- Гераклит Эфестік;

- элей (элеат) мектебі;

- атомистер (Демокрит, Левкипп).

«Сократқа дейінгілердің» айналысқан мәселелері: табиғат құбылыстарын, ғарыш мәнін, қоршаған дүниені түсіну, алғашқы бастама, түпнегізді іздеу.

Классикалық (сократтық) кезең – ежелгі Грек философиясының шарықтап дамыған кезі (ежелгі грек полисінің гүлдену кезеңі).

Бұл кезеңнің ерекшелігі:

- софистердің философиялық-ағартушылық қызметі;

- Сократ философиясы;

- «сократтық мектептердің пайда болуы;

- Платон философиясы;

- Аристотель философиясы.

Сократтық (классикалық) кезең философтары да табиғат пен ғарыш мәнін түсінуге ұмтылды, алайда олар философиямен «сократқа дейінгілерден тереңірек айналысты;

- алғашқы бастаманы іздеуге көп көңіл бөлмеді;
- табиғат пен ғарышты жаратуда, Құдай мен идеялардың катысы бар болуын жоққа шығармады;
- мәнділіктің пайда болуының идеалистік тұрғысы қалыптасты;
- адам, қоғам, мемлекет мәселелері қызықтыра түсті;
- форма мен материя ара-қатынасы анықтала бастады;
- философияның уағыздау – догматикалық дәлелдеу әдісінен сұхбаттық – дәлелдеу әдісіне көшуі басталды;
- формалды логика негізі қалана бастады;
- практикалық философиялық-ағартушылық қызмет жүзеге асты (софистер мен Сократ).

Эллиндік кезең – (полистің дағдарысқа ұшырауы, Азия мен Африкада ірі мемлекеттердің пайда болып, Александр Македонский мен оның ізбасарларының билігі) философиясына тән белгілер:

- киниктердің қоғамға қарсы философиясының белес алуы;
- философияның стоикалық бағытының пайда болуы;
- «сократтық» философиялық мектептердің қызметі Платон Академиясы, Аристотель Ликейі, кирендік (киренаиктер) мектебі және т.б.;

– Эпикур философиясы және т.т.;

Эллиндік философия ерекшеліктері:

- антикалық мораль мен философиялық құндылықтардың дағдарысы;
- құдайлар мен өзге де дүлей күштерді сыйлау және олардан қорқудың, үрейдің бәсеңдеуі;
- бұрынғы өткен ғұламаларды терістеу, мемлекет пен оның институттарына немқұрайлы қарау;
- тән мен жан сүйенішін өзінен табу, іздеу;
- шындықтан алшақтап, қиялға берілу;
- дүниеге материалистік көзқарастың үстем болуы (Эпикур);
- ең жоғарғы игілік – жеке адамның ләззаттануы мен бақыты деп түсіну (тәндік-киренаиктер, моральдік – Эпикур).

Римдік кезеңнің атақты философтары:

- Сенека;
- Марк Аврелий (161-180 жылдары Рим императоры);
- Тит Лукреций Кар;

- соңғы стоиктер;
- ерте христиандар.

Римдік кезең философиясына тән сипаттар:

– ежелгі грек және ежелгі рим философиясының өзара ықпалы (ежелгі грек философиясы римдік мемлекеттіліктің шеңберінде дамып, оның ықпалында болды, сол сияқты ежелгі рим философиясы ежелгі грек философиялық дәстүр мен идеялардың жалғасы болып табылды);

– ежелгі грек және ежелгі рим философиясының шын мәнінде бірігіп, антикалық философияға айналуы;

– антикалық философияға жаулап алған елдердің (Шығыс, Солтүстік Африка және т.б.) философиялық дәстүрлері мен идеяларының ықпалы;

– философияның, философтардың мемлекеттік институттарға жақындығы (Сенека рим императоры Неронды тәрбиеледі, Марк Аврелий өзі император болды);

– қоршаған дүние, табиғат мәселелеріне көп көңіл бөлінбеді;

– адам, қоғам және мемлекет мәселелеріне мейлінше көп көңіл бөлінді;

– эстетиканың гүлденуі (оның пәні ойлау мен адам қылығы философиясы болды);

– стоикалық философияның шарықтап дамуы; ең жоғары игілік пен өмір мәні тұлғаның рухани дамуы, білімпаздығы, өзін өзі ұстай білуі, бейқамдығы (атараксия, жабайрақаттылығы) болып танылды;

– идеалистік көзқарастың материализмнен үстемдеу болуы;

– қоршаған дүние құбылыстарын түсіндіруде құдайлардың пәрменіне жүгіну;

– өлім мен о дүниелік өмір мәселесіне көңіл бөле бастау;

– философияға ерте христиандық идеялар ықпалының өсуі;

– антикалық және христиандық философиялардың біртіндеп қосылуы, олардың ортағасырлық теологиялық философияға айнала бастауы.

Антикалық (ежелгі грек) философиясының ерекшеліктері:

– бұл философияның гүлденуінің материалдық негізі полистердің экономикалық (қалалық, сауда-кәсіптік орталықтар) дамуы болды;

– ежелгі грек философтары материалдық өндіріс үрдісінен қол үзіп, дербес қауымдастыққа айналды; ой еңбегі мен дене еңбегі бөліне бастады;

– ғарышкінділік (космоцентризм) идеясы өзекті мәселеге айналды;

– философия дамуының соңғы кезеңінде ғарышкінділік идеясы мен антропокінділік (антропоцентризм) идеясы араласып, біріге бастады;

– құдайлардың болуы күмән туғызбады;

– ежелгі грек құдайлары табиғаттың бір бөлігі болып саналып, адамға жақын болды;

– адам қоршаған дүниеден бөлінбей, табиғат бөлігі болып ұғынылды;

– философиядағы екі бағыт қалыптасты – «Платон бағыты» және «Демокрит» бағыты.

Алғашқы, Сократқа дейінгі Ежелгі Грекия философиялық мектептер б.д.д. VII-V ғ.ғ. ерте ежелгі грек полистерінде қалыптасып, пайда болды.

Ең атақты Ежелгі Грек философиялық мектептері:

– милет мектебі;

– пифагоршылар мектебі;

– Эфестік Гераклит мектебі;

– элей мектебі;

– атомистер.

Сократқа дейінгі философиялық мектептерге тән ерекшеліктер:

– ғарышкіндіктік (космоцентризм) идеяның үстемдігі;

– қоршаған табиғат құбылыстарын түсіну мәселесіне көңіл бөлу;

– барлық мәнділікті тудыратын алғашқы бастаманы іздеу;

– гилозоизм (өлі табиғаттың жандануы);

– философиялық ілімдердің дәріптеушілік (доктриналық) сипаты.

Милет мектебі Ежелгі Грекияда б.д.д. VI ғ. өмір сүрді. Милет қаласы Кіші Азиядағы ірі сауда-кәсіптік полис еді. Милет мектебінің өкілдері – Фалес, Анаксимандр, Анаксимен.

Милет мектебі философтарының көзқарастары:

– материалистік тұрғыдағы көзқараста болды;

– тек философиямен ғана емес, сонымен бірге өзге жаратылыстану ілімдерімен айналысты;

– заңдылықтарын түсіндіруге тырысты (сондықтан оларды «физиктер» деп те атайды);

– алғашқы бастама-түпнегізді (субстанция) іздеді.

Фалес (шамамен б.д.д. 640-560 ж.ж.) – милет мектебінің негізін салушы, адамзат тарихындағы аты аталатын ең алғашқы көрнекті грек ғалымы, философы.

Фалестің мұрасы;

– дүниенің алғашқы бастамасы (архэ) су деп білді;

– жерді судың үстінде тұратын жазық диск деп ұғынды;

– өлі табиғаттың, барлық заттардың жаны бар (гиллозоизм) деп санады;

– көп құдайдың (политеизм) болуын мойындады;

– әлемнің орталығы Жер деп түсінді;

– жылдың ұзақтығы – 365 күн болатынын дәлелдеп бақты;

– математикада жаңалықтар (Фалес теоремасын) ашты.

Плутарх «Жеті дана тойы» деген кітабында Фалестің мына керемет ойларын келтіреді:

– бәрінен не сұлу? Дүние, өйткені сұлу болғанның бәрі оның бөлігі болып табылады;

– бәрінен не дана? Уақыт, ол біреуді жаратты, әрі өзгені де жаратады;

– бәріне не ортақ? Үміт, өзінің ешнәрсесі болмағандар да оған ие;

– бәрінен не күшті? Қажеттілік, өйткені оны жеңу қиын;

– бәрінен не тиімді? Қайырымдылық, өйткені оны жасаған адам, әйтеуір бір пайдасын көреді;

– ең зиянды не? Азғындық, өйткені ол бар жерде бәрі бұзылады;

– ең оңтайлы не? Өз жаратылысына сәйкес болу, өйткені тіпті ләззат алу да көбінесе жалықтырады.

Анаксимандр (б.д.д. 610-540), Фалес шәкірті:

– алғашқы бастама, дүниенің негізі «апейрон» – мәңгі өлшеусіз, шексіз субстанция; барлығы одан пайда болады, оған айналады;

– материяның сақталу заңын (заттың атомдық құрылымын) мензеді: тірі дүние, барлық заттар микроскопиялық элементтерден тұрады;

– алғаш рет адамдардың эволюция процесінде жануарлардан пайда болатынын (Ч. Дарвин ілімінен бұрын) болжады.

Анаксимен (б.д.д. 546 ж. тұған), Анаксимандр шәкірті:

– алғашқы бастама ауа деп білді;

– жер бетіндегі барлық заттар – ауаның әр түрлі шоғырланған қозғалысының (ауа қысылғанда суға айналады, одан кейін лайға, топыраққа, тасқа және т.б.) нәтижесі;

– адам жаны (психэ) мен «ғарыш жаны – ауаны (пневма) бірдей, ұқсас– деді;

– құдайды табиғат күштері және аспан денелерімен барабарлықта қарастырды:

Ксенофан – алғашқы бастама – топырақ, жер;

Анаксагор – гомеомерия – ұрық, тұқым; нус-ақыл;

Эмпедокл – төрт элемент – су, ауа, от, топырақ бірден пайда болды деп ойлады.

Философия тарихында Ежелгі Грекия философиясына байланысты «Жеті данышпан» – Фалес, Солон, Периандр, Клеобул, Хилон, Биант, Питтактың аттары аталады.

Эфестік Гераклит (шамамен б.д.д. 544-483 ж.ж.) – ежелгі гректің көрнекті философы, материалист, объективтік диалектиканың негізін салушы:

– алғашқы бастаманы (архэ) от деп білді;

– диалектика ілімінің негізін салды; қарама-қарсылықтардың бірлігі мен күресі заңын мензеді;

– «panta rei» – «барлығы өзгереді» – дүние әрдайым қозғалыста, өзгерісте болады;

– «бір өзендегі суға екі рет түсуге болмайды»;

– табиғаттағы заттар айналыста болады, ал тарих цикл бойынша дамиды;

– қоршаған дүниенің салыстырмалылығын мойындады («теңіз суы адам үшін лас, бірақ балық үшін таза»);

– бәрін жасаушы, бәрін қамтитын құдайды Логос – әлемдік Парасат деп ұғынды;

– адами және әлемдік жанның материалдығын дәріптеді;

– қоршаған шындықты сезімдік (материалистік) таным арқылы зерделеуді қолдады;

– барлық процестердің қозғаушы күші күрес: «барлығының әкесі де, анасы да соғыс (күрес)» деп санады.

Пифагоршылар – ежелгі грек философы, әрі математигі Пифагордың (б.д.д. 580-500-ж.ж.) ізбасарлары:

– бар дүниенің алғашқы себебі сан деп білді (қоршаған әлем, өзгерістегі дүние санмен өлшенеді);

– дүние сан арқылы танылады, санда даналық, гармония, үйлесімдік бар;

– әрбір планета өзінің қозғалысында монотонды (сандық) дыбыс шығарады;

– бір санын әлемнің ең жай бөлшегі деді;

– адам өлгеннен соң оның жаны басқа денелерге өтетіне сенді.

Элеаттар – қазіргі заманғы Италия жеріндегі б.д.д. VI-V ғ.ғ. өмір сүрген ежелгі грек полисі Элей мектебінің өкілдері.

Осы мектептің әйгілі философтары – Парменид, Зенон, Мелисс.

Элеаттар:

– таным мәселесін зерттеді;

– сезімдік таным (пікір, докса) және жоғары рухани идеалистік танымды бөліп қарастырды;

– монизмді негізге алды, алуан түрлі құбылыстардың шығуын бір түпнегізден іздеді;

– болмыс пен бейболмысты ойдағы болмыс деп ұғынды;

– бірлік пен көптіліктің, үздіктік пен үздіксіздіктің, қозғалыс пен тыныштықтың арақатынасы мәселесін қарастырды;

– ақиқаттық менділікті дегеніміз болмыстың бірлігі мен өзгермейтіндігі туралы ойлау.

Элейлік Зенон (б.д.д. 480-430 ж.ж.):

– негативтік, терістеу диалектикасының негізін салды;

– көптілік пен қозғалысты ойлау мүмкін емес деді;

– қозғалыстың болмайтынын дәлелдеуге тырысты;

– апория – ойлаудағы қиналу, таң қалу, шешілмейтін жұмбақ;

– Зенонның атақты апориялары: «Дихотомия», «Ахиллес пен тасбақа», «Стадий», «Ұшудағы жебе».

Атомистер – материалистік тұрғыдағы философиялық мектеп, дүниенің негізі микроскопиялық бөлінбейтін жай бөлшектер – «атомдар» деп білді.

Атомистердің негізгі өкілдері – Левкипп пен Демокрит (б.д.д. 460 ж.)

Демокрит ілімінің негізгі қағидалары:

- барлық материалдық дүние атомдардан тұрады;
- атом бөлінбейді, мәңгілік, өзгермейді, өзіне-өзі тең, барабар;
- атомдар мәңгі қозғалыста болады, атомдар айналымы да бар;
- атомдар арасында қуыспен толтырылған кеңістік бар;
- атомдарда сапалық қасиет болмайды, олардың иісі, түсі, дыбысы жоқ, олар бір-біріне өзгермейді;
- атомдар ішінде ешқандай да қозғалыс болмайды;
- атомдар шар тәрізді, бұрышты, қармақ, зәкір және өзге де формада болады.

Софистер б.д.д. V – IV ғ. бірінші жартысында өмір сүрді. Софистика мектебінің өкілдері теориялық мәселелермен ғана емес, сонымен бірге педагогика, шешендік өнер (риторика), яғни практикалық қызмет те атқарды. «Софистер» – гректің «sophia» аударғанда «даналық ұстаздары» дегенді білдіреді.

Софистерді екі топқа бөледі:

– аға софистер (б.д.д. V ғ.) – Протагор, Горгий, Гиппий, Продик, Антифонт, Критий;

– кіші софистер – Ликофрон, Алкидамант, Трассимах.

Софистерге тән сипаттар:

- дүниедегі шындыққа сыни көзқараспен қарау;
- бәрін практика жүзінде қадағалау, кез келген ойдың дұрыс не бұрыстығын логикалық тұрғыдан дәлелдеу;
- ескі, дәстүрлі өркениет құндылықтарын қабылдамау;
- дәлелденбеген ескі ереже, қағидалар, дәстүрлерді терістеу;
- мемлекет пен құқықтың шарттылығын, кемшіліктерін дәлелдеуге ұмтылды;
- ақиқаттың, білімнің салыстырмалылығы туралы ойды шегіне жеткізу;
- мәселені әдейі шатастырып, жалған қағиданы шын деп, шындықты жалған деп айтыста қарсыласын жену;

– пікір айтуда шегіне жеткен субъективизм, әрі релятивизм.

Протагор (б.д.д. 481-411) – атақты аға софист. Оның әйгілі кредосы: «Адам – барлық заттың өлшемі, өмір сүрушілер үшін өмір суру, өмір сүрмейтіндер үшін өмір сүрмеу».

Протагор идеялары:

- адам санасынан тыс ештеңе жоқ;
- барлығы ақиқат;
- саған бүгін не жақсы болса, шынында да сол жақсы;
- егер бүгінгі жақсы нәрсе, ертең жаман болса, демек ол шынында да жаман, әрі зиянды екен;
- барлық айналадағы шындық адамның сезімдік қабылдауына тәуелді (сау адамға тәтті нәрсе, ауру адамға ащы болып көрінеді);
- қоршаған дүние салыстырмалы, релятивизм;
- объективтік (ақиқатты) таным мүмкін емес;
- тек пікірлер дүниесі ғана бар;
- маған заттар қалай болып көрінсе, мен үшін солай, ал саған қалай болып көрінсе, сен үшін де солай болады;
- құдайлардың бар екенін де білмеймін, жоқ екенін де білмеймін, бұл сұрақ күнгірт және адам өмірі қысқа.

Софист Горгий (б.д.д. 480-380):

- ештеңе жоқ; егер бір нәрсе бар болса да, оны білуге болмайды; егер оны білген күнде де, оны тануға болмайды,

Софистердің атақты софизмдері, яғни логикалық әдіс, тәсіл, амалдары болды: бір қарағанда дұрыс пікір айтылған сияқты болып көрінеді, ал қорытындыда қарсыласты әдейі шатастырып, жалған тұжырымға келу әдісі. Софизмдердің тарихи түрлері көп: «Үйінді», «Әке», «Электра», «Күшік», «Тақырбас», «Мүйіз» сияқтылар. Мысалы, «мүйіз» софизмін қарастырайық: «сенің жоғалтпаған нәрсең өзіңде бар, сен мүйіз жоғалтпадың, демек, сенде мүйіз бар». Бұл софизмде бірінші алғышарт жалған, бірақ ол дұрыс формада алынып тұр, сондықтан осындай жалған нәтиже шығып тұр.

Сөйтіп, философияда софистердің алатын орны ерекше болды:

- ойлау процесін дамытты;
- ежелгі грек ағартушылары болды;

– барлығына сыни көзқараспен қарап, ақиқаттың салыстырмалылығын көрсетті.

Сократ (б.д.д. 469-399 ж.ж.) өзін құдайдың сүйген пендесі деп санады.

К. Маркс: «Сократты жүзеге, іске асқан философия үлгісі» – деді, өйткені Сократ философия тарихында тұңғыш рет өз идеясының құрбаны болды.

Сократтың айтқан нақыл сөздері:

– «өзіңді өзің таны»;

– «мен өзімнің түк білмейтінімді білемін, кейбіреулер оны да білмейді»;

– «өмір сүру үшін тамақ жеу керек, бірақ тамақ жеу үшін өмір сүрмеу керек»;

– «жамандық – жақсылықтың не екенін білмеуден туындайды»;

– «өз қамыңды өзін ойла».

Сократ антикалық мағынадағы диалектиканың негізін салды.

Сократтық әдіс бойынша ақиқатқа жету – сұхбаттасу арқылы жүзеге асады. Ол ақиқатты анықтаудағы өз өнерін «майевтика» – «кіндік шеше» өнері деп атады. Бұл тәсіл сұрақ қойып, оған жауап алу арқылы адамның ақиқатқа өз бетінше жетуі, яғни ақиқатқа жете отырып ұғымды анықтау. Сократ үшін философия дегеніміз нақты өнегелік, әдептілік, моральдік құбылыстарды қарастырып, олардың мәнін ашу. Ол этикалық реализмнің негізін салды.

Сократ философиясының, маңызы:

– кез келген білім – игілік, жақсылық;

– жамандық, зұлымдық – білместіктен туындайды;

– Сократ адамзаттың мәңгі мәселесі – жақсылық пен жамандық, зұлымдық пен қайырымдылық, игілік, махаббат, ұждан жауап іздеді;

– қазіргі білім беруде кең қолданылатын майевтика әдісін ашты;

– ақиқатты табудың сұхбаттық әдісін енгізді;

– индуктивтік әдістің де негізін салды.

«Сократтық мектептер» – Сократ идеяларының ықпалымен пайда болған мектептер, философиялық ілімдер:

– Платон Академиясы;

- киниктер мектебі;
- кирендік (киренаиктер) мектеп;
- мегарлық мектеп;
- элидтік-эритрийлік мектеп.

Платон Академиясы – б.д.д. 385 ж. Платон ұйымдастырған философиялық мектеп. Бұл мектеп философиялық мәселелерді, құдайлар мен шығармашылық шабыт, шабыттанудың табиғаты және өзге де мәселелерді қарастырып, б.д. VI ғ. дейін (1000 жыл) өмір сүрді.

Киниктер – қоғамнан тыс еркіндікті (асоциалды еркіндік) аңсаған философиялық мектеп өкілдері. Оның белгілі тұлғалары – Антисфен, Синоптық Диоген (оны Платон «ақылынан адасқан Сократ» деп атаған).

Киниктер философиялық ізденістерін де өздерінде сынаған. Олар жалғыздықты көкसेген, қаңғыбас өмір сүрген, мемлекет пен заңды, отбасы, ошақ қасын мойындамаған, дәстүрлі мәдениет, мораль, байлықты жек көріп, адамның теріс мінез-қылықтарын зерттеуге көп көңіл бөлген.

Кирендік мектепті Сократтың шәкірті Кирен қаласының тұрғыны Аристипп б.д.д. IV ғасырда құрды, Бұл мектептің өкілдері (киренаиктер):

- табиғатты зерттеуге қарсы болды;
- ең жоғарғы игілік ләззаттану деп санады;
- өмірдің мәні – ләззаттану, бақытты болу;
- байлық – ләззаттануға жету жолы деп түсінді.

Мегар мектебін б.д.д. IV ғасырда Мегар қаласының тұрғыны Сократтың шәкірті Евклид ашты. Бұл мектептің өкілдері – Евбулид, Диодор Крон.

Мегарлықтар дәлелдеуге болмайтын абстрактты жоғарғы игілік – құдай, парасат, өмірлік энергия болады деп санады. Ал жоғарғы игілікті терістеуге (абсолюттік зұлымдық) болмайды деді. Мегарлықтар теориялық ізденіспен қатар белсенді практикалық қызметпен де (шын мәнінде софистикамен) айналысты.

Платон (б.д.д. 427-347 ж.ж.) – шын аты Аристокл, денесі ірі болғандықтан, Plato – үлкен, ірі, жалпақ деп аталып кеткен, Сократ шәкірті. Платон адамзаттың ұлы ойшылы; диалектика, таным теориясы, педагогика, эстетика, өнер, мемлекет теориясы, объективтік идеализм философиясының негізін салушы.

Платонның нақыл сөздері:

- кешіру оңай, бірақ ұмыту қиын;
- біреуге өкпелегеннен гөрі, өзіңе өкпелегенің дұрысырақ;
- адамдар өзінің бақытсыздығына, мүшкіл халіне құдайды, тағдырды, кім көрінгенді кінәлайды, бірақ өз кінәсін мойындағысы келмейді.

Платонның шығармалары сұхбат түрінде жазылған, оның маңыздылары: «Сократ апологиясы», «Лакхес», «Кратил», «Гой», «Федон», «Горгий», «Мемлекет», «Парменид», «Тимей», «Геэтет», «Зандар» және т.б.

Платон идея (түр) туралы ілім, идеализмнің негізін салушы:

– идея болмыстың, оның қасиеттері мен қатынастырының кайнар көзі;

– идея – үлгі, норма, соған қарай Тәңір заттар дүниесін жасайды;

– идея – мақсат, нысана, оған мәртебелі игіліктей барлық тіршілік иелері ұмтылады;

– идея – жалпылық; ол ойлаудағы заттар мәні туралы тектік ұғым;

– материалдық заттар өзгермелі, тұрақсыз және уақыты келе өз тіршілігін жояды;

– қоршаған дүние (заттар дүниесі) де уақытша, өзгермелі және шын мәнінде дербес субстанция ретінде өмір сүре алмайды;

– шындықта тек таза (денесіз) идеялар (эйдостар) тіршілік етеді;

– таза (денесіз) идеялар ақиқат, мәңгі, әрі тұрақты;

– бар әлем таза идеялар (эйдостар) бейнесі.

Платон сонымен бірге триада туралы философиялық ілімді дүниеге әкелді: барлық мәндік үш субстанциядан (түпнегізден) тұрады:

– «бірлік»;

– «ақыл»;

– «жан».

«Бірлік» дегеніміз бар болмыстың негізі; ешқандай белгі, қасиет жоқ (басталуы да, соңы да, бөлігі де, бүтіні де, формасы да, мазмұны жоқ); бар болмыстан, бар ойлаудан, бар түйсіктен жоғары; барлығының алғы бастамасы-барлық идеялардың, барлық заттардың барлық құбылыстардың, барлық қасиеттердің

бастамасы. «Ақыл» дегеніміз «бірліктен» туындайды; «бірлікпен» бөліседі; «бірлікке қарама-қарсы; барлық заттардың мәні; жер бетіндегі бар тіршіліктің жалпылануы. «Жан» дегеніміз жылжымалы субстанция, ол «бірлік-ештеме» мен «ақыл-барлық тіршілікті» біріктіріп, байланыстырады және барлық заттар мен барлық құбылыстарды да байланыста ұстайды; жан әлемдік жан және жеке адам жаны болуы мүмкін; гилозоистік тұрғысынан алғанда заттар мен өлі табиғат жандануы мүмкін; адам жаны (заттар) әлемдік жанның бөлігі; жан өлмейді; адам тәні өледі, ал жаны басқа тәндік қалыпқа көшеді; жанның тұрақтылығы мен тәннің формасының өзгеруі – ғарыштың табиғи заңы.

Платон диалектиканы заттарды (және заттар туралы ұғымды) тектерге бөлу және тектің өз ішіндегі түрлерді ажырату өнері деп ұғынды.

Бар мәнділіктің жоғарғы тегі (категория):

- болмыс;
- қозғалыс;
- тыныштық;
- барабарлық;
- өзгеріс.

Осылардың әрқайсысы әрі бар, әрі бар емес; әрі бір-біріне тең, әрі тең емес; әрі өзінде барабарлықта, әрі қарама-қарсылықта және сонымен бірге өзінен «өзгеге» өтеді. Сөйтіп, болмыс-бейболмысты, біртұтастық (бірлік) – көптілікті, тыныштық – қозғалысты, барабарлық – айырмашылықты ұйғарады.

Дегенмен, Платон жүйесі тарихты, дамуды білмейді; бұрынғы болған үрдістер қайталанып, циклді шеңбер түрінде айналымға түседі.

Платон гносеологиясында дүниені идеалистік бейнелеу басым:

– материалдық дүние тек «идея дүниесінің» бейнесі болғандықтан, таным пәні ең алдымен «таза идеялар» болуы тиіс;

– «таза идеяларды» сезімдік таным арқылы тану мүмкін емес (мұндай таным түрі анық білім емес);

– «таза идеяларды» тек ақылмен, жоғары рухани қызмет (идеалистік таным) арқылы тануға болады;

– жоғары рухани қызметпен тек дайындығы барлар – білімді зиялылар, философтар айналысуы мүмкін, демек тек солар ғана «таза идеяларды» зерделеп көре алады.

Платон қоғамды нағыз білімді философтар басқарулары тиіс деген. Ол мемлекеттік билік пен заңдардың қажеті болмайтын идеалды «болашақ мемлекеттің болуын көкседі, бірақ ондай мемлекетті қазір құруға болмайтынын біліп, өз заманындағы мемлекеттің алты түрін қарастырды:

- монархия – бір адамның әділетті билігіне негізделген;
- тирания – бір адамның әділетсіз билігіне негізделген;
- аристократия – азшылықтың әділетті билігі;
- олигархия – азшылықтың әділетсіз билігі;
- демократия – көпшіліктің әділетті билігі;
- тимократия – көпшіліктің әділетсіз билігі, атаққұмарлардың, әскерилердің билігі.

Тирания, олигархия және тимократия мемлекеттің әділетсіз формалары, ал демократия – өте сирек әділетті форма болатындықтан, ол әдетте қайтадан тирания, олигархия немесе тимократияға айналып кетеді, сондықтан мемлекеттің ең тұрақты және қолайлы формалары – аристократия мен монархия болуы мүмкін.

Сонымен бірге Платон мемлекеттік құрылыстың өзіндік жобасын ұсынды:

- мемлекеттің (полистің) барлық тұрғындары үш қауымға бөлінді – философтар, әскерилер, жұмыскерлер;
- философтар (даналар) – философиялық теория, ілімдер жасайды, білім береді, мемлекетті басқарады;
- әскерилер дене шынықтырумен, жаттығумен айналысып, тәртіп сақтайды, қажет болған жағдайда-соғыстарға қатысады;
- жұмыскерлер (шаруалар мен кәсіпкерлер) ауыр дене еңбегімен айналысып, материалдық байлықтар жасайды, олардың шектелген жеке меншігі болуы мүмкін;
- философтар мен әскерилердің жеке меншігі болмауы керек;
- мемлекет тұрғындары бос уақытын бірге өткізеді, бірге тамақтанады;
- некеге отыру, некелесуге болмайды, барлық әйелдер мен балалар ортақ;

– құлдардың, тұтқындардың еңбегін пайдалану керек.

Платон тұңғыш рет ұғымдық ойлауды, диалектиканы, философиялық категорияларды (болмыс-қалыптасу, мәңгілік-уақыт-шалық, тыныштық-қозғалыс, бірлік-көптілік және т.б.) дүниеге әкелді;

– ұлы философтың жазған еңбектері қазіргі күнге дейін сақталып, адамзаттың алтын қорының жәдігеріне айналды;

– идеализм философиясының негізін салды;

– тек қана табиғатты емес, сонымен бірге қоғамды, мемлекетті терең зерттеу қоса алынды;

– қазіргі заманғы көптеген ғылымдардың, ілімдердің негізі қаланды.

Платон Академиясының тәрбиесін көрген атақты ойшылдар: Аристотель, Ксенокрит, Кратет, Аркесилай, Карфагендік Клитонах, Ларисалық Филон және т.б.

Аристотель (б.д.д. 384-322 ж.ж.) – адамзаттың бірінші ұстазы, Платон шәкірті, Ескендір Зұлқарнайынның (Александр Македонский) тәрбиешісі болған. Оның әкесі никомах-Македония патшасы Аминта III-тің қарамағындағы дәрігер болған. Ғылыми әдебиетте Аристотельдің көптеген лақап аттары кездеседі: Статирит – туған қаласының құрметіне сай аталған, никомах – әкесінің құрметіне, Перипатетик – мектебінің құрметіне сай аталған. Аристотельдің философиялық баянды қызметін үш кезеңге бөлуге болады:

1-ші кезең б.д.д. 367-347 ж.ж. (20 жыл) – 17 жасынан бастап Платон Академиясында (Платон қайтыс болғанша) қызмет етті;

2-ші кезең б.д.д. 347-335 ж.ж. (12 жыл) – патша Филипптің шақыруымен Пелле-Македония мемлекетінің астанасында өмір сүрді; Александр Македонскийді тәрбиеледі;

3-ші кезең б.д.д. 335-322 ж.ж. (13 жыл) – өзінің, философиялық мектебі – Ликейді (перипатетикалық) құрды. Осында өмірінің соңына дейін қызмет етті.

Аристотельдің атақты шығармалары: «Органон» – оның құрамында – «Категориялар»; «Түсіндірмелер» (пікірлер), «Аналитикалар»-тұжырым туралы ілім (силлогизмдер), дәлелдеме туралы ілім; «Топика» – ықтималды дәлелдемелер және диалектика туралы, «Софистикалық дәлелдемелерді жалғандау»; «Метафизика», «Физика», «Аспан туралы», «Жануарлардың

түрлері», «Жан туралы», «никамах этикасы», «Риторика», «Саясат», «Афиндік полitiesя», «Поэтика» және т.б.

Аристотель әмбебап ғұлама-логиканың, философияның психологияның биологияның, саяси экономияның этика, эстетика, өнер теориясының және т.б. көптеген ғылымдардың негізін салды.

Аристотель философияны төрт негізде қарастырды:

1. Теориялық (алғы философия) – болмыс, болмыстың әр түрлі көріністері, алғашқы бастама, себептер туралы мәселелерін қарастырды;

2. Практикалық – адам қызметі, мемлекет құрылымы туралы;

3. Поэтикалық.

4. Логикалық.

Болмыс мәселесін қарастыра келе Аристотель Платон философиясын сынады: «Платон менің досым, бірақ ақиқат қымбаттырақ». Платон қоршаған дүниені «заттар дүниесі» және «таза (денесіз) идеялар дүниесі» деп бөліп, барлық дүние мен жеке заттарды «таза идеялардың материалдық бейнесі болады деп түсіндірді. Аристотель болса, шындықтағы дүние мен «идея дүниесін» бөлуге болмайды, олар бір-бірімен тығыз байланысты, олардың жалпылық өзіндік сипаттары – созымдылық, тыныштық, қозғалыс және т.б. болады, дейді. Осы мәселені Аристотель былай түсіндіреді: қоршаған дүниемен байланыссыз, барлық заттар мен материалдық дүниелер оның бейнесі болатын «таза идеялар» жоқ, болмайды да; тек жеке және анықталған нақты заттар ғана бар; берілген заттар индивидуум (бөлінбейтін) деп аталады, яғни нақты тіршілікте «жылқы идеясы», «үй идеясы», «автокөлік идеясы болмайды, нақты жылқы, нақты үй, нақты автокөлік болады; индивидуумдер алғашқы мәнділік, ал индивидуумдер түрі мен тегі (жалпы ат, жалпы үй) – екінші мәнділік болып табылады.

Сөйтіп, егер болмыс «таза идея» (эйдос) және оның материалдық бейнесі (заттар) бола алмаса, онда болмыс дегеніміз не? деген сұрақ туындайды.

Бұл сұраққа Аристотель болмыс туралы ойлау, яғни категориялар (айтылу) арқылы жауап іздейді. Жалпы, адам болмыстың мәнін емес, тек оның қасиеттерін ғана қабылдауға қабілетті.

Категориялар дегеніміз бар шындықты жоғары бейнелеу мен жалпылау, онсыз болмысты ойлау мүмкін емес. Ол он категорияны қарастырды, оның біреуі болмыстың не екенін айтса, ал қалған 9-ы оның сипатын білдіреді:

- мән (субстанция);
- мөлшер;
- сапа;
- қатынас;
- орын;
- уақыт;
- жағдай;
- күй немесе қалып;
- әрекет немесе әсер;
- қасірет.

Демек, Аристотельдің пікірінше, болмыс дегеніміз – мән (субстанция), ал мөлшер, сапа, қатынас, орын, уақыт, жағдай, күй, әсер, қасірет – оның қасиеттері болып табылады.

Аристотель философиясында материя мен форма арақатынасы мәселесі маңызды орын алады. Осыған байланысты Аристотельдің төрт түрлі себептілік туралы ілімі туындады:

- «материя» – ұғым шындығының жүзеге асуы;
- «форма» – мүмкіндіктің шындыққа (потенцияның энтелехияға) өткендегі «материяның» қабылдайтын ұғымы;
- қозғалыс тудыратын себептер;
- мақсатты көздейтін себептер.

Аристотель материя – формамен шектелген потенция (мысалы, жезді шар – шар формасымен шектелген жез және т.б.) дейді. Осы мәселені дамыта отырып, ол мынадай қорытындыға келеді: жер бетіндегі барлық менділік потенция (яғни материя) мен формаға ие; осы қасиеттердің (материя немесе форма) біреуінің өзгеруі заттың өзінің мәнінің өзгеруіне әкеледі; ақиқаттылық дегеніміз материяның формаға және форманың материяға біртіндеп өтуі; потенция (материя) пассивті бастама, ал форма – белсенді, активті бастама; барлық мәнділіктің ең жоғары формасы-дүниеден тыс болмысқа ие – Құдай.

Аристотель сананың иесі жан дейді, философ жанның үш деңгейін қарастырды;

- өсімдіктік жан;

- жануарлық жан;
- ақылдық жан.

Сананың иесі жан организмнің қызметтерін игереді.

Өсімдіктік жан қоректену, өсу және көбею функцияларына жауап береді. Бұл функцияларға (қоректену, өсу, көбею) жануарлық жанда ие, бірақ оның көмегімен ағзаға тітіркену мен құлшыныс функциялары қосылады. Тек ақылдық (адами) жан ғана жоғарыдағы қызметтердің бәрін өзінде қамтиды және сонымен бірге пайымдау мен ойлау функциясына да ие. Адамның ерекшелігі де осында. Аристотель адам мәселесін материалистік тұрғыда қарастырды. Адам биологиялық мәнінде жоғары ұйымдасқан жануар түрі, ол жануардан ойлау мен санасы арқылы ерекшеленеді; өзіне ұқсастылармен туа біте бірге өмір сүруге ұмтылады (яғни қауымда өмір сүргісі келеді). Осы қасиеті қоғамның пайда болуына әкеледі. Қоғамның реттегіш тетігі мемлекет болып табылады.

Ол мемлекеттің алты түрін қарастырды:

- монархия;
- тирания;
- аристократия;
- шегіне жеткен олигархия;
- охлократия (тобыр билігі, шектен шыққан демократия);
- полития (жай олигархия мен жай демократия қосындысы).

Платон сияқты Аристотель мемлекет формаларын «дұрыс» (монархия, аристократия және полития) және «бұрыс» (тирания, олигархия және демократия) деп бөлді. Оның пікірінше, онтайлы мемлекет формасы, яғни «орта тап» мемлекеті – полития.

Аристотель теңдесі жоқ философия, ойлау туралы ойлау ілімінің негізін салды; болмысқа категория арқылы анықтама берді; философияның (диалектиканың) он категориясын анықтады; Платонды сынап келе философияға жаңа үрдіс берді; формалды логиканың негізін қалады (дедуктивтік ойқорытынды шығару әдісі, силлогизм жүйесі логика заңдары және т.б.) материя мен форма диалектикасын ашты; мемлекеттің түрлерін зерттеді, саясаттану ғылымының ізашары болды; дүние мен адамның пайда болуы себептерін ғылыми түрде қарастырды; биология мен экономиканың негізін салды; психологияның негізін салды.

Киниктер – сократтық кезеңдегі Ежелгі Грекия философиялық мектептерінің бірі. Бұл мектептің әйгілі өкілдері – Антисфен, Синоптік Диоген, Кратет.

Киниктік ілімінің басты мақсаты – терең философиялық теория ізденісі емес, керісінше, ерекше өмір сүруді, яғни қоғамнан тыс (жалғыздық, қаңғыбастық, кемтарлық) өмірді қалап, сол мұқтаждықтарды өз басынан өткізу, өзінде сынау.

Киникалық философия антикалық полистің дағдарысқа ұшыраған кезінде пайда болып, дамыды, ол қоғамдық қатынастардың ресми жүйесінде өз орнын таба алмаған адамдардың дүниеге көзқарасы, философиясы болды.

Киниктер философиясы мен өмір сүру әдісінің сипаты: қоғамнан тыс (бейқоғами) еркіндікті абсолюттендіру; әлеуметтік байланыстарды үзу, жалғыздықты дәріптеу; тұрақты мекенжайы болмау, қаңғыру; паразиттік (біреудің арқасында) өмір сүру, қайыр сұрау, дуаналық; тәндік және рухани жұтандықты мадақтау; неғұрлым нашар өмір сүруді қалау, ескі, жыртық киім кию, жеке тазалықты сақтамау; шектен шыққан аскетизм, тұйықтық, кінәмшілдік; барлық өзге философиялық ілімдерді сынау және терістеу; бедел, атақтарды мойындамау; өз көзқарасын қорғағанда табандылық көрсету, айтыс-тартыста, дау-дамайда қарсыласын сыйламау, бет қаратпау; қоғам мен адамның нашар жақтарына, кемшіліктеріне көп көңіл бөлу; Отан сүйгіштіктің жоқтығы, мәңгірттік, «әлем азаматы» идеясы; радикализм, қиянқылық, жанжал, ұрыс-керіс шығарушылық.

Қазіргі заманда киниктік өмір сүру салты, философиясына йога, дервиштер, хиппилер және т.б. өте жақын, ұқсас келеді.

Кинизм байлық, атақ, даңқ, билік және тағы басқа да бақытсыздыққа әкелетін адамға тән иллюзияларды теріске шығара отырып, халық арасында үлкен табыстарға жетті. Бақытқа жеткізетін зерделік пен даналықтың шарты болып табылатын – апатия және автаркия. Бұл ұстаным эллинизм дәуіріндегі өзге де философиялық бағыттарға тән.

Өзге философиялық ағымдармен салыстырғанда, киниктердің дәуірі аз уақытты қамтыды. Олар дәстүрлі құндылықтарды теріске шығарғанымен, өздері ешқандай жаңа нәрсе ұсына алмады. Адамды айуандық бастауға әкеліп тіреу және осындай тұрпайы адамнан жоғары рухты талап ету ғылым мен мәдениет-

тің рөлін төмендетіп, рухани азғындыққа әкелері сөзсіз. Ертедегілер кинизмді «жаксылыққа жетудің қысқа жолы» деп атағаны белгілі, алайда философияда да, өмірде де қысқа жолдың болмайтыны айдан анық. Б.д.д. III ғасырда өзге де соқраттық мектептер (киренаиктер, мегариктер) өздерінің өмір сүрулерін тоқтатты.

Эллиндік философияның жарқын беттерінің бірі Эпикур шығармашылығы және б.д.д. IV ғасырдың соңында ол негізін қалаған «Бак» мектебінің өкілдерінің философиясы болды. Эпикур және оның ізбасарларының философиясы грек философиясындағы түбірлі өзгерістерінің айшықты көрінісін білдіреді. Оның ілімінде каноника да (ақиқаттың өлшемі және таным ережелері туралы ілімі), физика да (болмыстың құрылысы туралы ілімі) бар, алайда олар этиканың функциясы арқылы ғана жүзеге асады. Яғни бұл адамның мақсаты туралы ілім бақыт және оған жетудің тәсілдеріне негізделеді. Тіпті атомизмге негізделген Эпикурдың онтологиясы да атомдарға жаңа сипаттамалар (салмақ және көлем) енгізгенімен, минимумдар теориясы мен ауытқулар теориясын қосқанымен, оның мақсаты осылар арқылы этиканы негіздеу еді. Эпикур бойынша, ғаламның табиғатын білмей өмір мен өлім, тағдыр және т.б. алдындағы адам жанында болатын қорқынышты жеңу мүмкін емес. Ал онсыз бақытқа жету мүмкін емес. Эпикурдың айтуынша, бақыт – бұл ешнәрсемен бүркемеленбеген ләззат, ол «денеге тән қасіреттің жоқтығынан» (арогіа) немесе жанның тебіреніссіз қалпынан (аіагахіа) көрінеді. Сондықтан Эпикур үшін нағыз идеал практикалық даналық болып табылады, яғни моральдық өмірді басқаруға жағдай жасайтын ақыл-ой. Саяси өмірге деген, құндылықтарға және заңның, құқықтың, әділеттіліктің мәніне деген Эпикурдың көзқарасы классикалық дәуірдің теорияларына түпкілікті қайшы келеді. Платондық идеалдық әлем мүлдем төңкерілді. Адам-азаматтың орнына тарихи аренаға адамзатқа тән байланыстардың ішінде тек достықты ғана қадірлейтін адам-индивид келді. Эпикур тағдыр мен фатализмге қарсы шыға отырып, өз замандастарына бақытқа жетудің жаңа жолын көрсетті: бақыт іштен туындайды және ол тек біздің қолымызда, ал қалған нәрсенің бәрі іш пыстыратын бос дүние.

Эпикурдың идеялары Римде республикалық және империялық кезеңдерде кеңінен таралады. Римде эпикуреизм сол қалпында игерілуімен қатар, оның гедонизм рухындағы түсіндірілуі де кездесіп отырады. Эпикуреизмнің нағыз ізбасарларының бірі Тит Лукреций Кар болды. Оның еңбегінің маңыздылығы эпикуреизм мен атомизмді тарихқа таныстырып қана қоймай, сонымен қатар, ақылмен ғана емес, жүрекпен де ұғынуға лайықтап тамаша поэзиялық-образдық формада жеткізуде болды.

Б.д.д. IV ғасырдың аяғында «Бақ» мектебі құрылғаннан кейін-ақ Афиныда тағы бір атақты философиялық стоиктер мектебі пайда болды. Ол б.д. III ғасырына дейін өмір сүріп, дүниеге Зенон, Сенека, Марк Аврелий және т.б. ұлы ойшылдарды әкелді.

Егер Эпикур онтологияда атомизмді ұстанса, ал стоиктер гераклиттік от-логосқа сүйенеді. Бірақ ең басты айырмашылық олардың этикасында болды. Стоиктер ілімінше кедейлер мен құлдардан бастап императорға дейін бейім болып келуі оның кең танымалдығына себеп болды. Эпикур адамға үнемі қауіп төндіріп отыратын тұрақсыз, аумалы-төкпелі болмыстан, белгісіздік пен сенімсіздіктен құтылудың құралы ретінде жоғары еркіндікке жетуге мүмкіндік беретін, данышпанның жан тебіреніссіз, толқыныссыз қалпын, яғни атараксияны ұсынғаны белгілі. Бірақ оны Эпикурдың "Бағына" енген тек кейбір «таңдаулылар» ғана пайдалана алды. Стоицизм болса мұндай данышпанға да, қоғамдық және саяси өмірге қатыса алатын қарапайым адамға да лайықты неғұрлым кең идеалды алға тартады. Стоиктік адам – бұл жазмышқа да, құдайдың еркіне де бағына отырып, өз үлесін салқынқандылықпен және абыроймен көтере білетін адам. Ол қарсы тұрудың мәні жоқ екендігін түсінеді, өйткені «тағдыр ұмтылғанды жетелейді, ал қаламағанды сүйрейді» (Сенека). Сондықтан «тәзімділік сұлулығының» идеалы үмітсіздіктің өзін тіршілік пен жағдайлардан үстем жеңіске, ал бағыныштылықты ішкі еркіндікке айналдырады. Жарты мың жыл бойында философиялық аренада стоицизмнің үстемдік етуі де осы алғышарттарға байланысты болады.

Эллиндік дәуірде стоицизммен салыстырғанда азырақ таралған тағы бір философиялық бағыт – скептицизмнің негізін қалаушылар Пиррон және Тимон болды. Олардың ілімін Академия (Аркесилай, Карнеад) жалғастырды, кейінірек Энесидем мен Агриппа «жол-сүрлеу» (тропы)-скептикалық аргументация

жүйесін ойлап табуы нәтижесінде қайта өркендетті, ал оның тарихын Секст Эмпирик және т.б. эмпиризммен байланыстыра отырып аяқтады.

Скептицизм эллинизм дәуірінің полемикалық ұстанымын білдіреді: ол бүкіл және жалпы «догмаларға» қарсы өз дәлелдерін келтіре отырып пікір таластарды, антикалық философтың өмірі мен күресін аша отырып, оның білімге деген ұмтылысын аша отырып, оның жалпы мүмкіндігіне терең күмән келтірді.

Скептицизмнің идеалы – теория туралы пікірден бас тарту, практикада мүмкін болатын парасаттылыққа ғана, әдет-ғұрыпқа ғана сүйену. Бұл бағыт ақырында нигилизмге алып келді.

Кейбір мектептердің өмірлік потенциалының түгесілуі, олардың проблематикаларының біржақты шектелуі, скептицизмнің әсерімен теориялық барьерлерінің бұзылуы эклектизмнің (бұзу және қайта жинақтау) қалыптасуына ықпал етті. Эклектизм классикалық және эллиндік философияның әртүрлі жүйелерінің «ең жақсы» және келісілген түйіндерін таңдап алып, ал жалғандарын алып тастайтын философияның түрі болып табылады. Бұл тенденция б.д.д. II ғасырда басталғанымен эклектизмді ресми түрде Филон Академияға б.д.д. 87 жылы енгізіп, оны Антиох қолдады. Эклектизм академиялық философияның негізінде дами отырып, табиғатпен қатар қоғамдық танымды да қамтитын энциклопедизмнің шекарасына ұласты.

Римде бұл бағыттың ең көрнекті өкілі атақты шешен және саясатшы Цицеронның шығармашылығы эклектизмнің принципсіз және қайшылықты емес екендігін дәлелдейді. Онда әсіресе, біртұтас синтетикалық дүниетанымға деген қажеттілік айқын көрінеді, ал бұл синтезге объективті түрде қол жеткізу бөтен әңгіме. Цицеронның мәдениет феномені ретіндегі баға жетпес маңызы грек мәдениетін рим өркениетімен, кейіннен жалпы батыспен байланыстыруында еді. Латын ғұламасының маңызы осы грек ақыл-ойының бүкіл әлемдегі триумфын жасауда, оның тірілтуші және қозғаушы күшінде.

Рим империясының алғашқы ғасырлары әртүрлі дүниетанымдық бағдарлардың бір-бірімен араласа дамуымен сипатталады. Эллиндік философияға монотеистік идеаларды ендірудегі шешуші қадамды Александриядан шыққан Филон жасады. Оның дүниетанымында грек философиясының иудейлік мифологиямен тұтастана бастауы байқалады.

Эллинизм дәуіріндегі діни емес даналықтың соңғы бағытының бірі б.д. III-IV ғасырларында дамыған неоплатонизм болып табылады. Оның Александриялық-Римдік (Аммония Саккас, Плотин, Порфирий), Сириялық (Ямвлих) және Афиналық (Прокл) мектептері болды.

Неоплатонизм өз дәуіріне тән философиялық бағыт болғандықтан сол заманның қоғамы мен адамының әлеуметтік тәжірибесін дәл ұғынып, оны абстракциялық философиялық формулаларда шебер көрсете білді. Бейнеленбейтін Тұтастық пен оның алуан түрлілікпен байланысын іздеу, Тұтастықты абсолюттендіру және Тұтастық пен материалдық ғарыш, Құдай мен адам арасындағы шексіз аралық сатыларды іздеу мифологиялық ойлауды философиялық тұрғыда реконструкциялауға әкелді. Тәнге қатысты барлық нәрселерге қарсы шығу, аскетизм мен экстаз туралы ілімге басымдылық беру тек ертехристиандық философияға ғана емес, бүкіл ортағасырлық теологиялық ойлауға өзінің едәуір ықпалын тигізді. Филон Александрийскийдің Көне Өсиетті грек философиясымен алғаш синтездеуге ұмтылысы өзінің жалғасын таппады. Христиан дінінің жеңіске жетуі ертедегі гректердің ойлау тәсілін игере отырып, теріске шығару арқылы жүзеге асты. Бұл ортағасырлық өркениетте бастапқыда антикалық-христиандықты, ал кейінірек европалық христиандықты даярлады.

Синоптiк Диоген (б.д.д.IVғ. өмiр сүрген, Александр Македонскийдiң замандасы) – киниктiк философиясының теоретигi мен практигi, әйгiлi философ.

Диогендi замандастары әзiлдеп «кинос»-«ит» деп атаған. Сонда бұл сөз гректiң «киник»-«ии» деген сөзiмен үндес болып келедi. Ал шын мәнiнде бұл атау Афинадағы «Киносарг» – қырат және гимназияны бiлдiредi, мұнда Антисфен өзiнiң шәкiрттерiне дәрiс берген.

Киник Диоген бөшкеде өмiр сүрген; патша Александр Македонскийге: «көлеңке түсiрмей Күннен кет!» – деген; «Үйсiз, жұртсыз, отансыз өмiр сүр»; – деп ұран тастаған; «әлем азаматы» (космополит) болу; некелiктi терiстеген; дәстүрлi өмiр сүру салтын мойындамаған; табиғат заңынан өзге заңдарға бой ұсынбау; өзi қайыршы бола тұрып, өзiнiң тәуелсiздiгiне масаттанған; жабайы адам мен хайуанаттар тiршiлiгiн үлгiге алып, дәрiптеген.

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ШЫҒЫС ЖӘНЕ БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫ

Мұсылмандық Шығысты зерттеумен айналысқан тарихи-философиялық және мәдениеттанымдық еңбектерге қарағанда ислам әлемінің данышпандары ерте грек ғылымы мен философиясымен қатар алдыңғы Азия, Орталық Азия және Шығыс мәдениеті мен философиясын қабылдай отырып, философиялық дәстүрлерді онан ары жалғастырған. Егер ортағасырлық Батыс Европада христиандық дінді идеологияландыру, философиялық интоксикациялау және негіздеу процесі жүріп өтсе, ал мұсылман аймағында, әсіресе VII-X ғасырларда философия мен ғылым өзінің гүлденген кезеңін бастан кешірді. Бұл кезеңде ғылымның мынадай салалары қарқынды дамыды: тригонометрия, алгебра, оптика, психология, астрономия, химия, география, зоология, ботаника, медицина. Арнайы білім салаларының дамуына әл-Хорезми, әл-Бируни, ибн Сина, Омар Хайям және т.б. ойшылдар өздерінің үлкен үлестерін қосты. Мысалы, әл-Бируни Жердің өз осінен айналып қозғалуы туралы болжамды алғаш айтқан данышпанның бірі болды, сондай-ақ көптеген өзге әлемдердің өмір сүруі туралы идеялар мен бірнеше қызықты математикалық идеяларды ойлап тапты. Омар Хайям алгебрадағы үшінші дәрежеге дейінгі теңдеулердің шешімін жүйелеп, оны тұңғыш рет геометриямен байланыстырды.

Мұсылман әлемінің философтары мен ғалымдары Батыстың ғылымы мен философиясының қалыптасуына дүниетанымдық және теориялық үлкен ықпалын тигізді. Батыс мұсылмандық Шығыс арқылы алғаш рет антикалық мәдени мұрамен, сонымен бірге Шығыс мәдениетінің прогрессивті жетістіктерімен танысты. Бұл ғылыми, теориялық жетістіктер мен философиялық жаңашылдықтарды, прогрессивті рационалистік философия мен ғылыми шығармаларды мұсылман әлемінің ойшылдары араб тілінде жазғанымен, олардың біразы этникалық шығу тегі жағынан араб емес, түркі және парсылар болды.

Осылай, Батыс әлемі Шығыспен рухани диалогының нәтижесінде ерте грек дүниесімен қатар, шығармашылдық және

жаңашылдық идеялар мен концепцияларға толы шығыстық мәдениеттің есігін ашты. Шығу тегі түрік философтар мен ғалымдар әл-Фараби, Баласағұни, Қашқари тағы басқалармен қатар әл-Хорезми, әл-Бируни, ибн Сина, әл-Кинди, Габари, әл-Газена, әл-Газали сияқты ойшылдар мен философтардың есімдерімен танысты.

Ислам философиясының бастапқы негізін қалаушылар қатарына әл-Кинди және әл-Фараби жатады. Әл-Киндиді ортағасырлық дәуірде «арабтардың философы» деп жиі атайтын. Бұл бекер айтылмаған сөз, себебі әл-Кинди мұсылман әлемінің көптеген философтары ішінде шығу тегі жөнінен араб. Өбу-Жүсіп Якуб ибн Исхак әл-Кинди (800-879) Басра қаласынан шыққан, жетік білім алған, тек философ ретінде ғана емес, дәрігер, математик, астроном ретінде де белгілі, геометрия, оптика, метеорология, психология, музыка салалары бойынша трактаттар жазды. Әл-Кинди еңбектерінен біздің заманымызға дейін аз ғана бөлігі жетті. Логикалық-гносеологиялық мәселелерге арналған жұмыстарымен қатар, мынадай трактаты белгілі: «Аристотель кітаптарының саны жөнінде және философияны меңгерудің шарты, бастапқы философия туралы бес мәнділік туралы кітап, пайда болу және жойылудың себептерін түсіндіру туралы трактаттар». Әл-Кинди жұмыстарының қалған бөліктері туралы оның замандастары мен ізбасарларының жекелеген сілтемелері, әр түрлі тақырыптар мен үзінділер арқылы білеміз. Оның мұрасының осы үлкен бөлігі X-XI ғасырлардағы діни реакция тұсында жойылған. Әл-Кинди мынадай мәселелерге үлкен көңіл қояды: Құдай мәселесі, ақыл-ой мәселесі мен философияның мәнін анықтау, ғылымдарды классификациялау. Өзінің шығармаларында әл-Кинди Құдайдың мынадай түсіндірмелерін береді:

1. Құдай түп-негіз, барлық нәрсенің абсолюттік бастауы ретінде;

2. Құдай мақсатты себеп ретінде;

3. Құдай кеңістіктегі абсолюттік шексіздік және уақыттағы мәңгілік ретінде. Философтың пікірінше, Құдай материяны, форманы, қозғалысты, кеңістікті және уақытты жаратқан. Пайда болған нәрсе қозғалыстың нәтижесінде өзгереді және ақыры соңында жойылады, ол нәрсе мәңгілік емес, оның соңы бар. Адамға ақыл-ой берілгендіктен ол өзін-өзі танып қана қоймай,

өзін қоршаған дүниені де таниды. Ақылдың көмегімен адам заттар мен құбылыстардың себептік байланысын, олардың мәнін ұға алады. Адамның әлемді танудағы ақылдың ролін анықтай отырып әл-Кинди ақыл-ойдың төрт түрін және танымның үш сатысы туралы идеяны айтады. Әл-Кинди ақыл ойдың мынадай төрт түрін ерекшелейді: активті, пассивті, жинақтаушы, жариялаушы.

Егер әл-Кинди неоплатонизмге жақындау болса, ал әл-Фараби Х ғасырдағы Аристотельдің ізбасары болып саналады. Әбу Насыр Мухаммед ибн Тархан ибн Узлаг әл-Фараби-ат-Түркі 870 жылы Сырдария бойындағы Фараб қаласында түрік отбасында дүниеге келді. Фараби жоғары білімді оқыған адам еді, ол медицинаны, музыканы, математиканы, этиканы, саясатты, психологияны зерттеуге үлкен қызығушылық танытты. Фараби Аристотельдің алғашқы комментаторларының бірі. Ол Аристотельдің «Категориялар», «Герменевтика», «Аналитика, Софистика, Поэтика» сияқты шығармаларына түсініктеме берді. Бірақ әл-Фарабидің дара философ ретіндегі даңқы басым болды. Ол философия мен жаратылыстану ғылымдары тарихы бойынша жүзден астам жұмыстар жазды, оның көпшілігі қазақ тіліне әлі аударыла қойған жоқ. Фараби ғылыми болжамға, әлемді ғылыми танып білу мүмкіндігіне сеніп, қоғамдағы зорлық-зомбылыққа қарсы шықты. Ол зұлымдықтың жойылып, жер бетінде қайырымдылық бастаудың салтанат құратынын жазып, зорлық-зомбылықсыз, қанаусыз және соғыссыз қоғам идеалын жер бетіндегі халықтардың бейбіт және достық қатынастарын идеялық теориялық тұрғыда негіздеді. Өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», «Адамдық саясат» еңбектерінде Фараби саясат пен мораль мәселелерін қарастырады, феодалдық қоғамның моральдық және саяси жағдайын, қоғам мен мемлекет арасындағы қатынастар мәселесін көтеріп, аббасидтер халифатындағы әлеуметтік қайшылықтарды пайымдай отырып, оған теориялық түсінік береді. Әл-Фарабидің көптеген философиялық идеялары батысевропалық философияның идеялары мен концепцияларының қалыптасуы мен дамуына, әсіресе Б. Спинозаның философиялық көзқарасына теориялық ықпалын тигізді. Сонымен қатар оның идеялары мұсылман әлемінің көптеген

ойшылдарының, мысалы ибн Сина, Ж.Баласағұн және тағы басқаларының философиялық көзқарастарына да әсер етті.

Философия мен ғылымның дамуына түркістандық Бұқарадан шыққан энциклопедист-ойшыл Әбу-Әли ибн Сина (980-1037) өзінің үлкен үлесін қосты. Ибн Сина әл-Фарабидің кейбір идеяларын шығармашылық тұрғыда онан ары жалғастырды: эманация идеясы, ақыл-ой туралы идея және т.б. Шығыста ибн Синаны аш-Шейх ар Райс деп атаған (аударғанда аш Шейх – рухани ұстаз, ал ар Раис—басшы дегенді білдіреді), ал Батыста атақты «Медицина ғылымының канондарының авторы» Авиценна деген атпен белгілі болды. Ибн Синаның философиялық көзқарастарына әл-Фараби үлкен ықпалын тигізді. Ибн Сина надандыққа қарсы шығып, ақыл-ой үстемдігі үшін күрескен жан-жақты ғалым адам болды. Әр түрлі білім салаларындағы қажырлы еңбегі және орасан зор шығармашылық әдеби, ғылыми-философиялық мұрасына орай ибн Синаны энциклопедист ғұлама деп орынды атайды. Ғалымдардың мәліметі бойынша, ибн Сина 450-ден аса еңбектер жазған, онан біздің заманымызға дейін 240-ы жетті. Ибн Синаның тірі кезінде-ақ өзінің философиялық идеяларын баяндаған «Шығыс философиясы» және 20 томнан тұратын "Әділеттілік" деп аталатын философиялық энциклопедия жоғалып кеткен болатын.

Шығыста да, Батыста да ең танымал оның «Медицина канондары» деп аталатын капиталды еңбегінде сол заманға орай жоғары деңгейде жүйеленген анатомия, физиология, терапия, хирургия, фармакология, профилактика мәселелері қарастырылған. Өзінің философиялық жүйесін ибн Сина платондық ілімнен бас тарта отырып, перипатетизм арқылы құрастырады. Оның жүйесіндегі ғылымдар классификациясы өзінің ерекшелігімен қызықтырады. Әбу Әли философиялық білімді екі салаға бөледі: теориялық және практикалық. Оның ойынша, егер теориялық философия ақиқатты игеруге ұмтылса, ал практикалық философия – игілікке жетуге ұмтылады. Теориялық философияға ибн Сина физиканы, математиканы, ал практикалық философияға саясатты, экономиканы жатқызады. Бұл ғылымдардың барлығын пысықтайтын логика, сондықтан ол инструменталды ғылымға жатады. Логика – бұл әлемді танудың құралы, ол барлық ғылымдарға тәсіл береді. Барлық ғылымдардың шы-

ны метафизика деп санады (метафизиканы ол бірде философия, бірде теология деп түсінді). Жильсонның пікірінше, теологияның статусы туралы авиценалық шешім ізгі хабарға жол ашады, бірақ әрбір құндылық туралы мәселеге толық жауап жоқ.

Газалидің айтуынша, ибн Сина «философиялаушы мұсылман» ретінде өзінің пайымдауларында кейде дінсіздікке жақын жағдайларға дейін барады. Шындығында, ибн Сина өз жауаптарында мынадай идеяларға келеді: егер философия ақыл-ойдың мәліметіне, дәлелге негізделген шындық туралы білім берсе, ал теологиялық білім сенімге негізделеді. Өзінің батыл және ерекше дара идеялары үшін ибн Сина үнемі қуғынға ұшырап отырды. Ибн Синаның философиялық позициясы кезіндегі әл-Фарабидің философиялық ізденістерінен өзінің бастауын алатын шығыс перипатетизм бағытын онан ары дамытқан оның заңды жалғасы болды. Сонымен қатар ибн Синаның философия мен теологияның ара жігін ажыратып, олардың статусы туралы идеясын онан ары ибн-Рушд өзінің, қосарланған ақиқат туралы теориясында жалғастырды.

Орталық Азиялық әлемнің келесі бір інжу-маржаны Баласағұн қаласынан шыққан түрік «Құтадғу білік» (Құтты білім) деп аталатын атақты шығарманың авторы Жүсіп Баласағұн (XI ғасыр). Өлең түрінде жазылған бұл шығарма 6520 бәйіттен тұрады. Оның негізгі тақырыбы моральдық-этикалық мәселе. Баласағұн әл-Фарабидің ізгі қала-мемлекет туралы идеяларын қолдай отырып, мемлекеттің формасы билеушінің адамгершілік тазалығы мен асқақтығына, билеуші мен бағыныштылар арасындағы ізгілікті қарым-қатынастарға байланысты деп есептеді. Өзінің еңбегінде философ саяси дағдарыстар тұсындағы Қарахандар мемлекеті үшін қажетті (ол сол заманда өмір сүрді) билеушінің идеалды портретін беруге тырысты. Баласағұн билеушіге мынадай ақыл кеңестер береді: «Біліп ал: адамдар алдында сенің үш парызың бар. Соны орында – күшпен ұзаққа бармассың. Ең алдымен күмістей тазалықты сақта. Екіншіден – адамдарға әділ заң бер... Және үшіншіден – күзетінді мықта». Баласағұнның түрік тілінде жазылған «Құтты білік» еңбегі сол заман энциклопедиясын білдіреді. Бұл жұмыс этика, саясат мәселелеріне арналып қана қоймай, философиялық, эстетикалық,

ертедегі түріктердің діни наным сенімдеріне байланысты материалдарға да толы.

Қарахан қағанатының гүлденген дәуірінде өмір сүрген тағы бір философ – Махмұт Қашқари. Ол өзінің 1072-1083 жылдары жазылған «Дивани лұғат ат-тюрк» (Түрік тілінің сөздігі) еңбегінде түрік рулары мен тайпаларының тілі, әдет-ғұрпымен қатар, олардың тарихы мен саяси өмірінен де мол мағлұмат береді. Ол адамдардың қоғамдық өміріндегі адамгершіліктің, тәрбиенің, білімнің маңызына назар аударып қана қоймай, рулар арасындағы қарым-қатынасты реттеу мен бекітудегі қуатты тетік ретіндегі тілдің рөліне де үлкен көңіл қояды. Қоғамдық өмір мен мемлекетті нығайтуда түрік философының айтуынша ер мінезділік, адалдық, патриотизм және т.б. адамгершілік қадір-қасиеттер де маңызды орын алады. Сонымен қатар, түрік халықтарының бір-бірімен жақындасуы мен қатынасуының негізгі құралы ретінде Қашқари ана тілінің маңызды рөлін баса көрсетеді.

Философия дамуындағы рационалистік бағыт әл-Фараби, ибн Сина, Баласағұн есімдерімен қатар, мұсылмандық Шығыстың мынадай танымал ғалымдары мен философтары арқылы сипатталады: Закария әл-Рази, әл-Маари, Омар Хайям, ибн Абдаллах, ар-Раванди. Бұлардың соңғы екеуі туралы замандастарының қалдырған кейбір естеліктерінен өзге мәліметтер өте аз. Алайда олардың өмірінің трагедиялық жағдайда аяқталуы ибн Абдаллах пен ар Раванди өз идеяларын қорғау жолындағы олардың батылдығынан, рухы мен еркінің жоғары күш-жігерінен хабар береді. Бұл аталғандар 760 жылы халиф әл-Мансұрдың бұйрығы бойынша, еркін ойлары үшін жазаланып, бастары кесілген. Ибн Абдаллах (724-760) және Ибн ар-Равани Әбу-л-Хусейн Ахмед ибн Яхия (827-864) ежелгі грек тілін білген білімпаздар еді, сонымен қатар олар ертегрек, ертеүнді, ертеиран және еврей философияларын меңгеріп, антикалық және шығыс философтарының шығармаларын араб тіліне аударды. Мысалы, Әл-Мукаффа Абдаллах Аристотельдің «Категориялары» мен «Аналитикасын» араб тіліне аударды. Ибн әл Мукаффа Абдаллах пен ибн ар-Раванди бастапқыда мутазилиттердің идеялары мен көзқарастарын мойындаса, кейінірек ар-Раванди шиизмге қызығушылық танытып, ақырында мүлдем діннен алшақтайды, ал ибн Абдаллах исламнан бірте-бірте түні-

ліп, зороастризмге ден қояды. Бұл екі философ та исламға күмәнмен қарап, Құранның қасиеттілігіне күмән келтіріп, оның кейбір жағдайларының қайшылықтары мен әдеби тұрғыда жетілмегендігіне назар аударады.

Ибн Абдаллахтың қаламынан мынадай шығармалар туды: «Әл-Адаб әл-Кабир» (Ұлы істер үшін насихат), «әл-Адаб ал-Сагир» (Кіші істер үшін насихат). Ибн Абдаллахпен салыстырғанда ар-Раванди өзінің радикалды көзқарастары мен идеяларымен ерекшеленді, ол оның мынадай жұмыстарынан көрінеді: «Китаб ат-тадж» (Тәж кітабы), «Аз-Зумурдат» (Маржан тас), «Ад Дами» (Төгілген жастар), «Албасирет» (Алғырлық).

Әл-Разидің еңбектері біршама көп мөлшерде сақталған және біздің заманымызға дейін жеткен. Әбу-Бекр Мухаммед ибн Закария әл-Рази (латынша аты Разес, 865-925/934ж) Тегеран маңындағы Рея қаласынан шыққан. Оны замандастары ғалым энциклопедист ретінде бағалайды. Жалпы көлемі 184 жұмыс жазды, оның біздің заманымызға дейін жеткені 61. Әл-Разидің шығармашылық мұрасы философия, медицина мәселелеріне қатысты туындылармен байланысты. Оның онтология мен гносеология мәселелері бойынша идеялары ерекше қызығушылық тудырады. Мысалы, ол онтологияда бес мәңгі бастау туралы идеяны негіздейді: жаратушы, жалпы рух, праматерия, абсолюттік кеңістік және абсолюттік уақыт, міне осылар әлемнің өмір сүруінің қажетті алғышарттары болып табылады. Әл-Разидің пікірінше, жан мен тән бір-бірімен ажырамас байланыста. Және адам ақыл-ойға ие болғандықтан табиғи құбылыстарды танып-білуге қабілетті. Адам тірі мақұлық ретінде білімнің қуанышын сезуге құштар. Адамдар арасында ақиқатқа жетуге қабілеттілері философтар болып табылады. Разидің ойынша, философ жаратушыға ұқсас болуға тиіс, ол адамдарға әділетті және олардың қателіктеріне кешірімді болуы тиіс, себебі әркім ақиқатқа әртүрлі жолмен жетеді және шамасы келгенше жақындауға тырысады. Әл-Рази өзінің пайымдау процесінде Алланың рөлін тек бастапқы түпнегізге ғана теліп, оның функциясын барынша азайтады, ал материалдық әлем өзінің қозғалысында салыстырмалы түрде жаратушыдан тәуелсіз және дербес. Әл-Рази өзінің онтологиясының кейбір жағдайларында материяны өзінің атрибуттарымен қоса (кеңістік пен уақыт) жаратушымен тең

бірқатарға қояды. Әл-Рази ғылымның жақтаушысы болып, дінді сынға ұшыратады. Ойшылдың пайымдауынша, дін дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың арқасында өмір сүреді, алдауға негізделеді, шыдамсыздық пен мағынасыз соғыстарға әкеледі. Дінмен осы полемиканы тағы бір философ әл-Маари жалғастырды.

Әбу-л әл-Маари (973-1057) Сириядан шыққан философ және ақын. Әл-Рази сияқты Маари де дін алдауға негізделген деп есептейді. Әр халықтың өзінің діні бар және өз жолдарын дұрыс бағыт деп санайды. Бірақ олар қателеседі, ал бұл адасушылық көптеген ғасырлар бойы өмір сүріп келе жатқан дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар арқылы бекітіледі. Дін әдетте, надандық пен фанатизмнің есебінен гүлденеді. Ғылым онымен салыстырғанда білімге негізделеді және ғалымдар мен оқыған адамдар арасында кеңінен таралады.

Мұсылман әлемінің көптеген философтары адам субъективтілігінің адамгершілік қасиеттеріне үлкен көңіл бөледі. Әл-Фарабиден бастап мұсылман әлемінде жалпыадамзаттық маңызды мәселелерді шешу барысында адамның адамгершілік қасиеттерінің маңыздылығын алға тартатын дәстүр қалыптасқан. Ортағасырлық мұсылман философтарының бұл идеялары жетілген адам туралы идеяның қалыптасуының алғышарты болып қызмет етті. Олар үшін мұндай адам гуманист болып саналды, оның қылықтары, әрекеті мен позициялары қоғамның рухани-адамгершілік өміріне ықпал ететін болғандықтан білімділік пен тәрбиеліліктің көрсеткіші болды. Бекерден-бекер әл-Фараби, Ж.Баласағұн, А.Йугнеки, А.Яссауи сияқты түрік философтары әдепке үлкен көңіл бөлмесе керек. Әдеп идеясын суфизм философиясы да басты назарға алады. Нақты өмірдегі рухани бөлектенудің, мемлекеттік және құқықтық нигилизмнің орын алатынын ескере отырып, суфизмнің идеялық данагөйлері рухани-адамгершілік тұрғыда толысудың жолын ұсынады. Осы парасаттылыққа жеткен адамға ғана ақиқат ашылады. Бұл ақиқаттың мәні Құдайға деген сүйіспеншілік, барлық әлем мен оның өзгерістерін Құдайға тән құдіретті сұлулықтың феномені, «әсем тазалық пен асқақтық» арқылы түсіндіріледі. Сопылардың пікірінше, бүкіл дүние құдаймен толық бірегей. Әлем мен адам – Құдай мен Ақиқаттың, Құдай мен Құштарлықтың бірегейлігінің көрінісі. Мәнділіктің Тұтастығы теориясы (вахдат аль-вуджуд)

барлық нәрсенің құдай екендігін мойындайды. Барлық бар нәрсе Мәнділіктің Тұтастығында бар, демек ол құдай. Бұл бірлік құштарлық арқылы ғана жүзеге асады, ол жаратылғанды жаратушымен, ғашықтарды құдай-құштарымен байланыстырып, ақырында олардың Мәнділік Тұтастығында толығымен қосылуға алып келеді. «Ана-аль-хакк» – «Мен құдаймын» – дейді сопылар. Суфизмнің ең көрнекті өкілдері қатарына Қ.А.Яссауи, А.Йүгінеки (XI ғ.), Шабустари (1320 ж. қайтыс болды), әл-Хуруфи (1339-1393/94), ибн Араби (1165-1240), Мағриби (X), Әнуар Қасими (X) және т.б. жатады. Осы және тағы басқа суфизм философиялары Барлығына тән және Біртұтас Құдай туралы ойды дамытып қана қоймай, рухани жетілген адам туралы, олардың өмірде әділетсіз мемлекетке, қоғамның азғындауына үнемі қарсы тұратыны туралы идеяларды да насихаттайды. Зұлымдыққа белсенді түрде бұзу-қирату тән – деп пайымдайды сопылар, – ол жүрегінде құдайға деген сүйіспеншілігі жоқ адамдарды дереу өз қатарына тартып алады. Мұндай адамдар осының ықпалымен әрекет етіп, әртүрлі қылмыстар мен жамандықтар жасайды. Адамгершіліктің таяздығы, ниеттің арампығылдылығы, сананың тұрпайылығы адамды Құдайға деген сүйіспеншіліктен алшақтатып, біреудің қайғысы мен қасіретіне бей-жай қарайтын адамға айналдырады. Мұның бәрі адамның қылығына, жүріс-тұрысына өз ықпалын тигізеді. Азғындық, арам пиғыл, сананың таяздығы өмірдің барлық қырына, саясатқа, құқыққа, дінге зиянды әсерін тигізіп, мемлекеттегі әділетсіздікке, берекесіздікке әкеледі.

Құлдыраудан, апатиядан, нигилизмнен шығатын жол сопылардың пікірінше, Құдайға бет бұруда, Жаратқанға деген сүйіспеншілікте, рухани жетілген адамды тәрбиелеуде. Егер бұл жетілген адам мұсылман рационалистерінің ұғымында моральдық-этикалық сипатта болса, ал сопылар үшін онтологиялық, космологиялық және танымдық сипатта болады. Суфизмнің негізін қалаушының бірі Мухий-д-Дин ибн Араби жетілген адамды дәл осы аспектіде қарастырады. Онтологиялық қырынан алғанда әдеп – бұл әмбебаптық нақтылық (логос). Онда феноменалды болмыстың дифференциалды емес және потенциалды жағдайларындағы барлық түрі сақталған. "Адамда әлемдегі барлық мәнділік потенциалды түрде жинақталады" (ибн Араби),

одан ғарыштың бүкіл алуан түрлілігі туындайды. Адам – логос – бұл әлемнің алуан түрлілігін келтіріп шығаратын монада. Екінші тұғыр – ғарыш. Ғарыштың өзі жетілген адамның бір келбеті ретінде қарастырылады. Адамның өзі – әлемдегі барлық нәрселердің ішіндегі ең жетілгені, және ол Ғаламның көшірмесі сияқты жетілген адамның ерекшелігі сонда, дәл осы адамнан абсолют өзін тани алады, дәл адамда ғана құдайдың барлық қырлары синтезделеді. Адам эзотериялық білім арқылы ғана құдаймен Тұтастыққа қол жеткізеді және тұтастықпен сүйіспеншілік экстазында қосылады. Сонымен адам гнозисте (танымда) Тұтастықпен өзінің субстанционалды бірлігіне қол жеткізеді, әлемдік процестермен үйлесе отырып, Ғаламның жалпы ырғағына енеді, әлемдік бүтіндіктің бір бөлшегіне айналады. Дәл осы жағдайда ғана адам толық еркіндікке жетеді. Ибн Араби діни төзімділікті уағыздайды. Ол діннің адамдарға үстемдік ету мақсатында қолданылуына қарсы шығып, бүкіл діндер мен наным сенімдердің теңдігін жариялады. Бұл идея гнозис принципінен келіп шығады, өйткені гностик өзгелерді теріске шығара отырып, бір ғана наным сеніммен өзін шектемейді, себебі әрбір құдіретті нәрседен ол құдайды көре алады. Құдай өзін әртүрлі формада көрсетеді және барлығында да оның құдіретті қуаты мен сұлулығы көріне алады. Ибн Арабидің плюрализмі барлық діндердің тең құқылығын, әрбір адамның жеке сеніміне құқықтылығын мойындауға мүмкіндік береді. Ибн Арабидің тұжырымдауынша, құдайға барудың жолы әр түрлі, бірақ оның бәрі ақыры соңында Тұтастықты мойындауға әкеледі. Әралуандылық пен айырмашылықты көре білу және осы айырмашылықтан Тұтастықты аңғарып, оған құштар болу – міне, осы әдепке тән қасиет. Егер құдайға деген сүйіспеншілік жетілген, нағыз шынайы болса, онда бұл құштарлықтың нәтижесінде Құдаймен бірігуге адамның қолы жетеді. Ибн Арабидің пікірінше, сүйіспеншілік ғашықтық себебі және қозғаушы күші болып табылады, онсыз ешнәрсе де өмір сүрмес еді.

Суфизмнің көптеген идеяларын мұсылман әлемінің әл-Газали сияқты ірі теологы да қостады. Әл-Газалиге дейін өмір сүрген ойшылдар да, оның замандастары да мемлекеттік құрылым мәселесін айналып өте алмады. Әл-Газали өзінің бірқатар жұмыстарында мемлекетті басқару мәселесінде сұлтанға ұсы-

ныстар береді, сұлтанның нақты билігін заңдастыру негізінде оны нығайту мәселесін көтеріп, халифты сынайды. Газали халиф пен сұлтан арқатынасы мәселесін жан-жақты сипаттап, имамат теориясын дайындайды. Газалидің пікірінше, мемлекет ислам мен мұсылманша өмір сүру тәртібін қорғауға тиіс. Ол өзінің «Философтарды терістеу» деген еңбегінде Фарабиді, ибн Синаны сынап, оларға өзінің «әлемнің ешнәрседен жаратылысы» туралы идеясын қарсы қояды. Бұл идеяда ол бүкіл қоршаған әлемге өзінің ықпалын жүргізетін құдайдың шексіз еркі туралы ойды негіздейді. Газали Фарабидің, ибн Синаның ақыл-ойдың рөлі туралы позициясымен келіспейді. Мистиктің пікірінше, ақыл-ой тек реттеуші рөлді ғана атқара алады, ол біздің ізденісімізді мақсатқа қарай бағыттай алғанымен, мәнділікті ешқашан да аша алмайды. Мәнділікті танудағы жалғыз тәсіл өзіне-өзі терең бағытталған мистикалық жағдай, сонда ғана мәнділік ашылады. Бұл мәнділік – Құдайдың болмысы.

Сопылық философия еуропалық дүниетанымға, еуропалық мәдениетке (трубадурлар шығармашылығына, францискандық монахтар орденінің әрекетіне, М.Лютердің, М.Экхарттың, И.Таулердің дүниетанымдарына, Гурджевтің мистикалық іліміне) едәуір ықпалын тигізді. Көптеген идеялары батыстық әлемнің бірнеше ойшылдарының философиялық ой толғаулары үшін жемісті ықпал етіп, шығармашылық «субстрат» ретінде қызмет етті.

Орта ғасыр дәуірі Рим империясының құлауынан (476 ж.) басталып XV ғ. (1492 ж.) дейінгі кезенді қамтиды. Батысеуропалық ортағасырлық ойлау үрдісі теоцентрлік тұрғыда болды, яғни барлық әлем, дүниені Құдай жаратты, ол бүкіл жаратылыстың иесі.

Батыс Еуропалық ортағасырлық философиясының негізгі идеясы мен сипаты:

- абсолюттік тұлға қағидасы; Монотеизм;
- теоцентризм (бүкіл дүние, адамзатты Құдай жаратты, Құдай философиялық ойлаудың негізгі тақырыбына айналды);
- креационизм – Құдай дүниені жоқтан бар етті және мәңгі жаратуда;
- провиденциализм – Құдай адам мен адамзатты құтқаруын, жарылқауын алдын ала біледі;

- ғарышты, табиғатты, қоршаған дүние құбылыстарын зерттеуге көп көңіл бөлінбеді, өйткені олар Құдайдың жаратқаны;
- философияда екі дәстүрдің синтезі – антикалық философия мен христиандық аян ілімінің қабысуы;
- мән мен тіршілік, ерік пен парасат, сенім мен білім арақатынасы;
- жаратылу догматы мен аян догматы (інжілде) үстем болды;
- Құдай тағылымы шеңберінде адамның ерік еркіндігі қағидасы сақталды;
- Құдайға құлшылық еткен жағдайда келешекте қайта тірілу (жан мен тән) идеясы дәріптелді;
- адам мен адамзатты Иса пайғамбар құтқарады, әрі ол бүкіл адамзаттың күнәсін мойына алып кешірімділік жасайды (арылу идеясы);
- дүниені тану Құдайды тану, Құдайға сену арқылы жүзеге асады.

Ортағасырлық философиясының негізгі догматтары: жаратылу, аян.

Жаратылу догматы:

- Құдай дүниені жоқтан жаратты;
- дүниенің жаратылуы Құдайдың қалауының ерігінің нәтижесі;
- дүние Құдайдың күдіретімен тұр;
- табиғат өздігінен өзін жарата алмайды;
- әлемдегі жалғыз жасампаздық бастама – Құдай;
- Құдай мәңгі, тұрақты және бәрін білуші;
- нағыз болмыс тек Құдай болып табылады;
- Құдай жаратқан дүние нағыз болмыс емес, ол Құдайдан пайда болған туынды;
- дүниені Құдай жаратқандықтан, дүние өзіне-өзі ие емес, тұрақсыз, өзгермелі және уақытша;
- Құдай мен оның жаратқанының арасында шек жоқ, шекара жоқ.

Аян догматы:

- дүниені тек Құдайды тану арқылы тануға болады;
- таным үшін Құдай тылсым (Құдайға біліммен жете алмайсың);

– Құдайды тануға болмаса да, ол өзін аян арқылы – Інжілде (өзі туралы ізгі хабар) өзін тануға мұрсат берді;

– Құдайды және барлық мәнділікті танудың жалғыз жолы – інжілді ұғу;

– Құдайды тек сенім арқылы тануға болады.

Ортағасырлық философияда қайырымдылық пен зұлымдылық (жамандық пен жақсылық) мәселесі де қарастырылды.

Қайырымдылық пен зұлымдық мәселесінің шешімі жаратылу идеясынан туындайды:

– дүниедегі барлық шарапат Құдайдан;

– Құдай қайырымдылық пен әділеттілікті беруші, демек қоршаған дүние басталуынан қайырымды;

– дүниеге залымдықты күнахар періште – ібіліс әкелді, ол Құдайға қарсы шықты;

– бастапқы дүниеде зұлымдылық болмағандықтан, ол жиі қайырымдылықты бүркініп өзінің қара мақсаттарына жетеді;

– дүниеде қайырымдылық пен зұлымдылықтың күресі толастамайды, бірақ дүниені Құдай жаратқан, Құдай мейірімді, сондықтан түбінде қайырымдылық зұлымдықты жеңеді.

Ортағасырлық батысеуропалық философия дүниетаным дамуындағы өзіндік ерекшелігі бар кезеңдердің бірі. Бұл ерекшелік философиялық ой дамуының тікелей діни-теологиялық шеңбердің ішінде, христиандық діни ілімінің апологетикасы төңірегінде өрбуімен сипатталады. Ортағасырлық батысеуропалық философияның қалыптасуы мен дамуына Муций Феликс, Тертуллиан, Ориген сияқты апологеттер, неоплатонистер және Аврелий Августин өздерінің интеллектуалдық ықпалдарын тигізді. Рим шіркеуі әулие Августинді сенім мен ақылдың үйлесімділігі тұрғысынан христиандық діни ілімді негіздеудегі орасан зор сіңірген еңбегі үшін «әкей» ретінде мойындаса, көптеген батыстық зерттеушілер оны «батыстық ортағасырлық мәдениеттің ұлы құрылысшысы» деп атайды. Аврелий Августин өзінің «Құдай қаласы туралы» еңбегінде атақты формуласын – «ұғыну үшін сенемін, сену үшін ұғынамын» формуласын негіздейді. Бұл ақыл мен сенімнің өзара бірін-бірі толықтыру принципі V-XV ғасырлар аралығын қамтитын Батыс Еуропаның бүкіл ортағасырлық философиялық ойының ең негізгі дүниетанымдық кредосына айналды.

Егер Аврелий Августин Рим шіркеуінің «әкейі» болса, онда Боэций (480-526), М.Грабманның берген дәл сипаттамасы бойынша, «соңғы римдік және бірінші схоласт» болып табылады және сонымен қатар ортағасырлықтың негізін қалаушы ретінде де (Э.Рэнд) орынды саналады. Боэций антикалық дәуірдің рухани-философиялық мұрасын ортағасырлық мәдениетпен байланыстырушы, антикалық интеллектуалдық-философиялық дәстүрдің ортағасырлық руханиятпен сабақтастығын жүзеге асырушы ұлы транслятор болып табылады. Боэций аристотельдік ілімнің ұғымдық аппаратын рухани трансляция жасап қана қоймай, ортағасырлық философиялық ойлау мәдениетіне теологиялық проблематиканың негізгі қаңқасын да енгізді: универсалийлер мәселесі, тринитарни (Күдіретті Құдай, оның Ұлы және Қасиетті Рух арақатынастары), субстанция мәселесі және акциденция. Боэцийдің айтуынша субстанция – бұл барлық атрибуттар мен акциденцияларды айқындайтын барлық мәнділіктердің негізі. Егер субстанция – бұл заттардың жалпы негізі болса, универсалийлер – бұл жалпы атаудың мәні. Олар ақыл-оймен абстракциялаудың нәтижесі болғанымен, әлемде бар және нақты өмір сүретіндерді бейнелейді.

Схоластикалық философияның басталуы И.С. Эриугенаның есімімен байланысты (810-877). Эриугена өзінің «Табиғаттың бөлінісі туралы» деген жұмысында әлемдік үйлесімділік туралы идеясын негіздейді. Онда құдай барлық бастаудың түпнегізі бола отырып, болмыс процесін өзі аяқтайды: «Құдай өзі танылмағанымен өзі таратқан нәрселерінде ашылады, ал Құдайға иланудың өзі – таңғажайып жаратылыс» (Эриугена).

Ортағасырлық философиясының дамуына үлкен үлес қосқан Ансельм Д'Аоста (1033-1109) болды. Ол өзінің «Прослогион» деген еңбегінде құдайдың өмір сүруінің априорлық немесе онтологиялық дәлелдерін негіздейді. Сол сияқты П. Абеляр (1079-1142) заттардың мәніне сәйкес келетін және сөздердің мағынасын білдіретін универсалийлер туралы идеяны дайындап шығарады.

Ф. Аквинский (1225-1274) өзіне дейінгі ойшылдардың универсалийлер туралы барлық идеяларын жүйелей отырып ортағасырлық схоластикалық ойлауда өзінің радикалды қадамымен ерекшеленді. Бұл қайта пайымдаудың мәні табиғатты, адамды,

оның Құдайға қатынасын зерттеуге негізделді. «Тән туралы ой жан туралы ойға, жан туралы ой жекелеген субстанция жайлы ойға, ал бұл ой құдай туралы ойға жетелейді» -деген Ф.Аквинскийдің кредосы аристотелизмді христиандық тұрғыда қайта пайымдаумен сипатталатын схоластикалық философия дамуындағы жаңа кезенді білдіреді. Ол сондай-ақ креационизм идеясын да ұсынады. Ф. Аквинскийдің ілімі – христиандық діни ілім мен перипатетизм философиясының, христиандық теология мен пайда болып келе жатқан жаратылыстанымның арасындағы ымыраға келушілік.

Бірақ бұл компромисс XV ғасырда Дунс Скот (1270-1308) тарапынан сынға ұшырайды, томизм мен номинализм арасындағы пікірталасқа Р.Гросетест (1168-1253), Р.Бэкон (1210-1294), У.Оккам (1290-1349/50) белсене араласады. Фомамен салыстырғанда У.Оккам концептуалды номиналист болып табылады. Әлемде санаға бағынышты емес заттар да өмір сүреді. Ұғымдар – бұл ментальды феномендер. Осы жағдайларды теориялық тұрғыда дамыта отырып У.Оккам теологиялық спекуляция жасауға негіз жоқ деген шешімге келеді, өйткені олар универсалийлер туралы ойға сүйенеді. Оккам діни мәселелерді шешуде Папаның сөзінің абсолюттігі туралы тезиске оппонент болды. Оның пікірінше, ақиқатқа жету жолында барлық нәрсеге де сын болуы шарт. Универсалийлерді сынап отырып Оккам философия мен теологияның ара жігін ажыратады. Номиналистің пікірінше, философия теологияның қолжаулығы. Философияның өз міндеті бар: тәжірибе арқылы табиғи әлемді зерттеу. Ал теологияның философиядан ерекшелігі ол құдайға бет бұрған және сенімге ғана сүйенеді.

ҚАЙТА ӨРКЕНДЕУ ДӘУІРІ ФИЛОСОФИЯСЫ

Қайта өрлеу дәуірі философиясы деп XIV ғ. аяғы– XVI ғ. соңындағы Батыс Еуропада пайда болған антишіркеулік және антисхоластикалық бағыттағы, антикалық философия дәстүрін қайта жаңғыртып, адам мәселесін зерттеуге талпынған философиялық кезеңді айтады.

Қайта өрлеу италиянша – *Реначименто*, французша – *Ренессанс*, немісше – *Реформацион*, орысша – *Возрождение* деп аталады.

Қайта өрлеу дәуірі философиясы мен мәдениетінің пайда болуы мен қалыптасуының алғы шарттары:

- еңбек құралдары мен өндіріс қатынастарының дамуы, капиталистік қатынастарының пайда болып, феодализмнің дағдарысқа ұшырауы;

- сауда мен кәсіптің дамып, қалалардың өркендеуі, феодалдар мен шіркеуден тәуелсіз мәдени, саяси орталықтардың пайда бола бастауы;

- ұлы географиялық жаңалықтар (Колумб, Васко да Гама, Магеллан);

- ғылыми-техникалық жаңалықтар (қару-жарак, оқ-дәрі, домен пеші, микроскоп, телескоп, кітап басу, медицина, астрономия, космология және т.б.);

- ұлттық мемлекеттердің пайда болуы, абсолюттік монархияның үстем болуы;

- ұлттық әдеби тілдердің қалыптасуы;

- шіркеу мен схоластикалық философияның дағдарысы, Еуропада сауаттылық деңгейінің өсуі.

Қайта өрлеу дәуірі философиясының негізгі идеялары мен белгілері:

- антикалық, классикалық дәстүрді қайта жаңғырту;

- мәдениеттегі өтпелі кезең мәдениеттің гүлденуі, дамуы;

- гуманизм принципін айқындау – адамның шығармашылыққа, еркіндікке, бақытқа деген құқығын анықтай бастау;

- антропоцентризмнің дамуы, адамның өз табиғатына қайта оралуы;

– пантеизм – Құдай мен табиғатты, табиғат пен адамды барабарлықта қарастыру;

– аристотелизм, платонизм, стоикалық және Эпикурлық философиясы ойларының модификациясы;

– дүниені ғылыми, жаратылыстану ілімдері тұрғысынан тану элементтерінің пайда болуы (гелиоцентризм, әлемнің шексіздігі, анатомиялық білім және т.б.);

– реформация философиясы – католицизмді реформациялау, шіркеуді демократияландыру;

– Құдай, шіркеу және дінге сенушілер арасында әділеттілікті орнату мақсат болды;

– индивидуализмнің үстем болуы, әлеуметтік теңдік идеясының кең тарауы;

– әлеуметтік мәселелерге, қоғам мен мемлекет мәселелеріне қызығушылық таныта бастау;

– философиялық ойлаудың антифеодалдық, антисхоластикалық және антитеологиялық үрдісі.

Қайта өркендеу дәуірі философиясының негізгі бағыттары:

– гуманистік;

– неоплатондық;

– натурфилософиялық;

– реформациялық;

– саяси;

– социалистік-утопиялық.

Соңғы үш ағымды «әлеуметтік – саяси бағыттар» деп атауға болады.

Гуманистік бағыт XIV ғ.-XV ғ. орта шені, оның орталығы Италия болды.

Гуманизмнің негізгі сипаты:

– адам тағылымы, оның ұлылығы мен құдіреті;

– антишіркеулік және антисхоластикалық бағыттылығы;

– ортағасырлық Құдай теоцентрлік көзқарастан адамның өзіндік құндылығы, адами, антропологиялық зерделеуге өту;

– антропоцентризм, адамгершілікті дәріптеу, өмірлік оптимизм;

– гуманистік философия көркем формаға, әдебиетке жақын болды.

Көрнекті философ-гуманистер, сонымен бірге ақын, жазушылар болды.

Данте Алигьери (1265-1321) – ортағасырдың соңғы және сонымен бірге жаңа заманның бірінші ақыны. Шығармаларын италиян тілінде жазды. Атақты шығармалары: «Құдіретті комедия» (тозақ, арылу, жұмақ), «Той», «Жаңа өмір». Өзінің шығармаларында Данте христиандықты дәріптеді, бірақ оның қайшылықтары мен догматтарын астарлы сынға алды; адамды мадақтады; адамды Құдай жаратты деуден алшақтай берді; адамды Құдай және табиғи бастамалардың гармониялық үйлесімдігі деп ұғынды; адамның бақытты болашағына сенім, адам табиғатының ізгіліктігін дәріптеді.

Франческо Петрарка (1304-1374) – бірінші гуманист, жаңа еуропалық лириканы жасаушы. Шығармалары: «Өлеңдер кітабы», «Менің құпиям».

- адам өмірге бір-ақ рет келеді, өмір – жайсаң;
- адам Құдай үшін емес, өзі үшін өмір сүруі керек;
- адам табиғи, әрі рухани тұрғыда еркін болуы тиіс;
- адам өз-өзіне, өз күшіне сүйене отырып, бақытқа жете алады;
- о дүниелік өмір жоқ, адам тек адамзат жадында мәңгілікте қалады;
- адамның ішкі дүниесі мен сырт бейнесінің сұлулығының гармониясы.

Лоренцо Валла (1507 -1557) – «Ақиқи игілік тұрғысындағы ләззаттану туралы» деген трактаттың авторы.

- шіркеуді терістеді, схоластиканы жасандылығы үшін сынады;
- адам мүмкіншілігі мен парасатына сенді;
- адам мәселесін жете зерттеді, оны әлем орталығы деп ұғынды;
- әйел мен еркек теңдігін жақтады;
- белсенді іс– әрекетке, күреске, дүниені өзгертуге шақырды;
- аскетизмді терістеді, ең жоғарғы игілік деп ләззаттануды ұғынды.

Неоплатондық бағыт (XV ғ. ортасы– XVI ғ.) Платон ілімін дамытты.

Идеализм тұрғысында табиғатты, ғарышты, адамды тануға ұмтылды.

Неоплатонизмдік ағым негіздері:

– мызғымастай орныққан, жүйеленген схоластикалық философияға қарсы Платон идеясына негізделген жаңа жүйені дүниеге әкелді;

– дүниенің жаңа бейнесін жасады, Құдай дүниеден гөрі, заттар дүниесінен бұрын алғашқы идеялардың маңызын дәріптеді;

– адамның Құдай табиғатын мойындай келе, сонымен бірге оның өзіндік болмысын микрокосм ретінде қарастырды;

– бұрыңғы өткен философия қағидаларын қайта қарастырып, біртұтас әлемдік философиялық жүйе құруға тырысты.

Николай Кузанский (Кребе) (1401-1464) – неміс ойшылы, діндар, Қайта өрлеу заманының диалектигі. Оның шығармалары: «Ғалымдық білімсіздік», «Ғалымдық білімсіздік апологиясы» және т.б. Оның идеялары:

– Құдай мен дүние болмысында қайшылық жоқ, қарама-қарсылықтардың бірлігі диалектикасы;

– «Бірлік» (Құдай) пен «шексіздік» (жаратылым) минимум мен максимум қатынасындай қатынаста болады;

– абсолюттік минимум және абсолюттік максимум дегеніміз бір нәрсе;

– сызық нүктеден қалай басталса, дүние Құдайдан солай басталады;

– қарама-қарсылықтың бірлігінен форма мен материя, мән мен тіршілік, эссенция мен экзистенция сәйкестігі туындайды;

– идея мен материя бір;

– өзекті шексіздік (бәрін өзіне сіңіретін) шындықта бар;

– әлем шексіз, оның басталуы да, аяғы да жоқ, орталығы да жоқ, жер әлем орталығы болып табылмайды;

– әлемнің, қоршаған дүниенің шексіздігі танымның шексіздігіне әкеледі;

– абсолюттік (толық) білімге жету мүмкін емес, білімнің көбеюі ғалымдыққа әкеледі, бірақ ақиқатты білім бермейді («ғалымдық білімсіздік» – николай Кузанский термині);

– Құдай адамилық, христиология идеялары.

Джованни Пико делла Мирандола (1463-1494) өзіне белгілі барлық діни және философиялық ілімдерді біріктіріп эк-

лектикалық, «900 тезистер» «Гептапл» (жеті күндік жаратылу) деген кітаптар жазды.

Мирандола идеялары:

- үш дүниенің иерархиясы: періштелік – аспандық – жердегі;
- адамды қоршаған дүниеден бөле қарастырды (адам ғарыштың «төртінші дүниесі»);
- адамның еркіндікті таңдау мүмкіндігін мойындау;
- барлық философиялық ілімдерді біріктіріп, «алтын ортасын» табу.

Соңғы қайта өрлеу (XVI-XVII ғ. басы) кезеңінде натурфилософиялық ағым кең тарады. Натурфилософиялық идеялар:

- дүниеге материалистік көзқарасты қалыптастырды;
- философияны теологиядан бөле қарастыра бастады;
- теологиядан азат ғылыми дүниеге көзқарас қалыптасты;
- гелиоцентрлік дүние бейнесі (Құдай, табиғат, ғарыш бір, ал жер әлемнің орталығы бола алмайды) идеясы;
- дүниені тануға болады, таным сезімдік және ақыл арқылы (аяндық емес) жүзеге асады.

Андреас Везалий (1514-1564) философия мен медицина саласында жаңалықтар ашты. Мың жылдық үстем болып келген Галеннің (130-200 ж.ж.) медициналық идеяларын терістеп, адам анатомиясын «Адам денесінің құрылымы туралы» деген кітабында зерттеді.

Леонардо да Винчи (1452-1519) – Ренессанс данышпаны, универсал-эмбебап, суретші, құрылысшы, сәулетші, гидротехник, мелиоратор, математик, механик, астроном, геолог, палеонтолог, анатом, биолог, ботаник, оптик. Тәжірибелік, эксперименталды әдісті қолданды. Ол «Құдай – қажеттілік кепілі», «Адам – табиғаттың ұлы құралы» деген.

Николай Коперник (1473-1543) – поляк ғалымы, астрономиялық зерттеулерге сүйеніп, болмыстың мына бейнесін көрсетті:

- жер әлемнің орталығы емес (геоцентризмді терістеді);
- жер күнді айналады (гелиоцентризм);
- барлық ғарыштық денелер өз траекториясымен қозғалады;
- ғарыш шексіз;
- ғарыштағы құбылыстарды табиғат заңдылықтарымен түсіндіруге болады.

Джордано Бруно (1548-1600) натуралистiк пантеизм өкiлi, шығармалары: «6 диалог», «Идеялардың көлеңкесi туралы»:

– күн тек жерге қатысты орталық бола алады, бiрақ әлем орталығы емес;

– әлемнiң орталығы жоқ, ол шексiз;

– әлем галактикалардан тұрады (жұлдыздардың шоғырлануы);

– жұлдыздар – күн сияқты аспан денелерi және олардың планеталық (ғаламшарлық) жүйелерi бар;

– әлемдегi дүниелер саны шексiз;

– барлық аспан денелерi – ғаламшарлар, жұлдыздар және т.б. – үнемі қозғалыста болады;

– әлемнен бөлек Құдай жоқ, әлем мен Құдай – бiр.

Реформациялық бағыт (XVI-XVII) шiркеулік идеологияны, дiнге сенушiлер мен шiркеу арасындағы қатынасты қайта қарастыру, өзгертудi мақсат еттi. Реформациялық бағыттың пайда болуының алғы шарттары:

– феодализм дағдырысы;

– сауда-өндiрiс, буржуазия табының пайда болып, нығаюы,

– феодалдық ыдыраудың әлсiреуi, еуропалық мемлекеттердiң қалыптасуы;

– еуропалық мемлекеттер басшыларының Рим Папасы мен католиктiк шiркеу билiгiн шектеуге ынталығы;

– католиктiк шiркеудiң моральдiк дағдарысы, халықтан алшақтауы, өмiр ағымынан қалуы, индульгенция беру практикасының сақталуы;

– Еуропада гуманизм идеясының кең тарай бастауы;

– индивидуализм, тұлғаның өзiндiк санасының өсуi;

– антикатоликтiк дiни-философиялық iлiмдердiң мистиканың ықпалы күштi болды.

Реформацияда негiзгi екi ағымды бөліп қарастырады:

1. Бюргерлік-евангелдiк (М.Лютер, У. Цвингли, Ж.Кальвин).

2. Халықтық (Т.Мюнцер, анабаптистер, диггерлер және т.б.).

Реформацияның негiзiн теология докторы **Мартин Лютер (1483-1546)** салды. Ол 1517 жылы 31 қазанда Германиядағы Виттенбергтiк сарайдың шiркеу есiгiне индульгенцияға қарсы бағытталған 95 тезистi қағып қойды.

Бұл католицизмге қарсы идеологиялық (кейбір елдерде қарулы) күрестің басталуы еді. Мартин Лютердің негізгі идеялары:

- Құдай мен сенушілердің қауышыуы тікелей өтуі керек;
- Құдай мен сенушілердің арасында католиктік шіркеу сияқты дәнекер болмау керек;
- діни ырымды азайту (жеңілдету) керек;
- шіркеу демократиялы, ал ырымдар – адамға түсінікті; болуы керек;
- Рим Папасы мен католиктік діндарлардың мемлекет саясатына ықпалын азайту керек;
- мемлекеттік институттар мен зайырлы биліктің беделін көтеру керек;
- Құдайға құлшылық ету ісі – дін иелері иемденіп алған тек кәсіп қана емес, ол христиандардың бүкіл өмірлерінің уәзипасы;
- мәдениет пен білім ошағын католиктік догмалардан тазарту керек;
- индульгенцияға қатаң тыйым салу керек.

Жан Кальвин (1509-1564) Лютердің ісін жалғастырып, оның идеяларын бір жүйеге келтірді:

- протестантизм идеясының негізі – алдын ала білу (жазмыш, тағдыр) идеясы;
- Құдай адамдарды құтқаратынын немесе құтқармайтынын алдын ала анықтап қойған;
- адамдар өздерінің құтқарылатынынан үмітін үзбеу керек;
- адамның жер бетіндегі өмірінің мәні – кәсіпке (мамандыққа) ие болу;
- кәсіп (профессия) – бұл тек күн көру ғана емес, сонымен бірге ол Құдайға құлшылық ету орны;
- өз ісіне ынтымақпен, жауапкершілікпен қарау – құтылудың жолы;
- жұмысындағы жетістік – Құдайдың мейірімінің белгісі;
- жұмыстан тыс жерде қарапайым, аскет бол.

Кальвин Лютердің идеяларын бір жүйеге келтірумен, әрі өзінің теориялық діни-философиялық ілімімен бірге протестантизмді практикада, іс жүзінде жүзеге асырды:

- Женевада протестандық қозғалысты басқарды;
- Женевада католикті Шіркеу мен Рим Папасының билігін (Кальвиннің өзі «Женевалық Папа» деген атқа ие болды) жойды,

реформаланған (кальвинистік) шіркеуді ресми түрде мойындаттырды;

- зайырлы билікті кальвинистік шіркеуге бағындырды;
- тек шіркеуде ғана емес, сонымен бірге қалада да реформа жүргізді: католиктік мерекелерге, ырымдарға, жылтырақ киінуге, думан-сауыққа, әшекей-бұйымдарға тыйым салды; азаттарды аскетизм, пуританизм, өз жұмысына ұқыпты қарау рухында тәрбиелеу мақсатымен тұрғындарға қатаң пасторлық бақылау қойды.

Томас Мюнцер (1490-1525) реформацияның халықтың бағытына жетекшілік етті. Томас Мюнцердің өзіндік реформация идеялары:

- тек шіркеуді ғана емес, бүкіл қоғамды реформалау керек;
- қоғамды өзгертудің мақсаты – әмбебаптың әділеттілікке, жер бетінде «Құдай патшалыққа» жету;
- барлық зұлымдылықтың басты себебі – теңсіздік, таптық бөліну, оның негізінде жеке меншіктік пен мүдде жатыр;
- жеке мүддені шектеп, барлығын жалпы ету керек;
- адам өмірі мен қызметі қоғам мүддесіне бағышталуы керек, бұл Құдай қалауы;
- билік пен меншік қарапайым халыққа – «кәсіпкерлер мен егіншілерге» тиесілі болу керек.

Реформацияның нәтижесі көптеген еуропалық елдерде католицизмнің әлсіреуіне, діни бөлініске әкелді:

- протестантизмнің әр түрлі бағыттарының (лютерандық, кальвинизм және т.б.) Солтүстік және Орталық Еуропа елдері – Германия, Швейцария, Ұлыбритания, Голландия, Дания, Швеция, Норвегияда үстем болуы;
- католицизм оңтүстік және шығыс Еуропа елдері – Испания, Франция, Италия, Хорватия, Польша Чехияда және т.б. сақталды.

Қайта өрлеу дәуірі философиясының саяси бағыты (XV-XVI) мемлекет мәселесі, саяси күрес, қоғамдағы басқару әдістерін қарастырды. Саяси философияның көрнекті өкілі – флорентийлік саяси қайраткер, философ, әрі жазушы **Никколо Макиавелли (1469-1527)** болды. Макиавелли философиясының негізгі қағидалары:

- адам табиғаты туысынан зұлымдыққа бейімделген;

- адам іс-қылықтарының қозғаушы күші – өзімшілдік және жеке басының пайдасын күйттеу;
- әркім өзінің тек эгоистік мүддесін күйттесе, онда адамдардың бірге өмір сүруі мүмкін емес;
- адам опасыздығын, эгоистік бітімін ауыздықтау үшін ерекше ұйым – мемлекет құрылады;
- ешқашанда адамдардың жеке өмірі мен мүлігіне көз салмау керек;
- мақсатқа жету жолында – бар әдіс, амалды қолдану керек, өйткені мақсат – амалды өтейді;
- мораль – саясат мақсатына бағынады.

Социалистік-утопистік (XV –XVII ғғ.) бағыт мемлекет пен қоғамды құрудың идеалды – қияли формаларын, тендестіру, жаппай реттеу және т.б. мәселелерді қарастырды.

Томас Мор (1478-1535) – утопистік социализмнің негізін салды. Мордың атақты шығармасы «Утопия» деп аталды. *Утопия* – грекше «орны жоқ орын», «Жер ұйық» дегенді білдіреді. Томас Мордың Утопиясында жеке меншік жоқ; барлық азаматтар өндірістік еңбекпен айналысады; еңбек ету бәрін еңбекке міндеттеу негізінде жүзеге асады; барлық өндірілген өнім қоғам меншігіне өтеді және барлық Утопия тұрғындарына бірдей бөлініп беріледі; барлығының еңбекпен айналысуына байланысты Утопияны қамтамасыз ету үшін 6 сағаттық жұмыс күні жеткілікті; ғылымға ерекше қабілеті бар адамдар қара жұмыстан босатылады; ауыр қара жұмысты құлдар-тұтқындар және сотталған қылмыскерлер атқарады; барлық лауазым иелері тікелей немесе жанамалай сайланады; ерлер мен әйелдер тең құқыққа ие; Утопия тұрғындары Құдайға құлшылық етеді, әрі өзге діндерге түсіністікпен қарайды.

Томмазо Кампанелла (1568-1639) утопистік социализмнің көрнекті өкілі «Күн қаласы», «Галилей апологиясы», «Метафизика» деген еңбектер жазды. Күн қаласында, оның тұрғындары – соляррийлер әлеуметтік әділеттілікті орнықтырып, өмір мен еңбектің рахатын көреді. Томмазо Кампанелланың Күн қаласында: жеке меншік болмайды; коммунистік идеал – 4 сағаттық жұмыс күні; барлық азаматтар еңбек етеді, еңбектің нәтижесі бүкіл қоғам меншігіне өтіп, барлық тұрғындарға, қоғам мүшелеріне теңдей бөлінеді; еңбек ету оқумен ұштасады; соляррий өмір сүру

салты толық реттелген; солярийлер бәрін бірге істейді: бірге жұмысқа барады, бірге еңбек етеді, тамақтанады, бірге демалады, бірге өлең айтады; тәрбиеге көп көңіл бөлінеді: бала жастайынан ата-анасынан алынып арнайы мектептерде тәрбиеленеді, сөйтіп ұжымдық өмірге бейімделеді екен.

ЖАҢА ДӘУІР ФИЛОСОФИЯСЫ

XVII-XVIII ғғ. батыс Еуропа елдерінде капитализм қалыптасты, мануфактура дамыды. Бұл заманды ерте буржуазиялық революция дәуірі деп те атайды. Материалдық өндіріс практикасы ғылымға сүйенді. Механика, Ньютон физикасы, жаратылыстану ғылымдары, эксперименталды-математикалық зерттеу дамыды. Ағартушылық, яғни антифеодалдық қозғалыс белең алды, жаңа заманды кейде ағылшын және француз материализмі дәуірі деп те атайды. Жаңа заман философиясының басты ерекшеліктері:

- метафизикалық немесе механикалық ойлау әдісі үстем болды;
- философияда екі бағыт – рационализм және эмпиризм пайда болды;
- индуктивтік-эмпирикалық әдіс – жаратылыстану әдісі;
- дедуктивтік-рационалдық әдіс – идеалистік спекулятивтік әдіс;
- материализм философиясы мен ағартушылық идеясы,

Жаңа дәуір философиясы мен мәдениетінің дамуына Ренессанс (Қайта өрлеу) үлкен ықпалын тигізді. Ренессанс дәуірінде білімнің қарқынды дамуы, антикалық мәдениетті қайта өркендету, жаратылыстанымдық ғылымдардың пайда болуы сияқты құбылыстар орын алды. XVI-XVII ғасырларда жаратылыстанымдық және математикалық ғылымдар белсенді түрде дами бастады. XV ғасырға қарай классикалық механика, жаратылыстанымдық ғылымдардың экспериментальдық негізі қалыптасып үлгерді. Сондықтан философияның ғылымға қатынасын анықтау көптеген философтардың маңызды міндетіне айналды. Осыған орай философ-рационалистер Декарт пен Лейбниц, философ-эмпиристер Локк және Юм, трансценденталист Кант философия мен жаратылыстану арасындағы шекараны демаркациялау туралы мәселені шешумен айналысты.

Дәл осы жаңа заман тұсында ғылым алдыңғы орынға шығып, діннің беделі мен билігі мәдени кеңістіктің жиегіне қарай ығыстырыла бастайды. XVII ғасыр – бұл ғылыми рационализм-

нің қалыптасу дәуірі. Ең алғаш рет дінді сынап және табиғатты экспериментальды зерттеуді негіздеп, әлемге үстемдік етуде рационализмді уағыздаған Жаңа заман философиялары қатарына Ф.Бэкон, Т.Гоббс, Р.Декарт және т.б. жатады.

Ф.Бэкон жаңа философия методологиясының мынадай қағидаларын ұсынады:

1. Табиғатты зерттеудегі объективтілік.
2. Ғылыми және философиялық методтың өзіндік құндылығы.
3. Табиғаттан технологиялық үстемдік.
4. Табиғи әлемді зерттеудің индуктивті методы.

Бэконның пікірінше, ғылым адамның табиғаттан үстемдігін қамтамасыз етеді және бақытты қоғам құрудың алғы шарттарын қалыптастырады. Ал ол үшін философия әлемді тану жолындағы гносеологиялық схемалар мен стереотиптерді тазалауы қажет. Кедейлер түріндегі мұндай идолдар қатарына ол тектік идолдарды, индивидтік идолдарды, алаң идолдары және театр идолдарын жатқызады. Бұл идолдар ескі философиялық дәстүрлер әсерінен қалыптасқан. Ф.Бэкон адамдарды ағарту мен надандыққа және стереотипке қарсы күресудің бағдарламасын ұсынады. Ол үшін Бэкон адамдарға санадағы тосқауылдардан құтылып нағыз танымға жол сілтеуге мүмкіндік беретін педагогиканы дайындады. Сонымен қатар ол идеалдық мемлекеттің платондық теориясына өзінің саяси утопиясын қарсы қойды. Бэконның пікірінше, адамзат қоғамы өзгеріп отырады және бұл дамудың өзегі адамның табиғатты пайдалану қабілеті мен үстемдігі болып табылады. Қоғам алға жылжиды және тарихты құдай емес адамның өзі қозғайды – міне Бэконның идеясы. Ал бұл тұжырымның негізін бэкондық индукция теориясы құрайды. Дәл осы индукция теориясы адамға табиғатқа билік жүргізу үшін қажет білімді береді және ғылымның көмегімен адам жаңа қоғам – аспанда емес, жерде жұмақ орната алады!

Дәл осы Жаңа заманда ашылған философиялық идеялар мен ғылыми жаңалықтардың арқасында парадигмалардың алмасуы іске асады: бұдан былай табиғат пен заттар әлемі объектіге, ал адамның өзі субъектіге айналады. Жаңа заманда тілдің стратегиясында да өзгерістер болып, терминологияны «пайдаланудың» жаңа тәсілі пайда болады. Бұл тілдің жаңа стратегиясы жаңа философиялық стратегияның нәтижесі болып табылады.

Бэконнан Декартқа дейінгі, Локктан Кантқа дейінгі Жаңа заман философтары жаңа философиялық стратегия ретінде эпистемологияны қалыптастырды. Жаңа заман философиясы алдыңғылармен салыстырғанда субъективтіліктің философиясы болып қалыптасты. Егер Бэкон индуктивті методты идолдарды игеру және ақиқатқа жету методы деп санаса, Декарт адамның құралы күмән деп есептеді, ал Локк индивидуалды тәжірибе мен ақылдың әрекетіне басымдылық береді. Жаңа философиялық стратегияның жалпы түпкі бастауы субъект ретіндегі адам болып саналады.

Адамды субъект ретінде қарастырып, ал табиғатты адам эксплуатациясының (қанауының) объекті деп қарастыратын жаңа философиялық парадигма ғылыми методтарды қолдануға мүдделі болды. Заңдылықтар мен себептік байланыстарды түсіндіру үшін ғылыми методтарды пайдалану адамға объекттің үстінен билік жүргізуге мүмкіндік береді. Адам енді ғылыми білімнің көмегімен универсум объектілеріне билігін бекітетін субъект. Осыған байланысты жаңа замандағы философиялық дискуссиялардың ең өзекті мәселелері мыналар: білімнің қайнар көзі мәселесі, айқындықтың критерийі (өлшемі). Егер рационалистер (Р.Декарт, Лейбниц, Спиноза) «айқындықты» рационалды интуиция арқылы өзінен өзі көрнекіліктен көрсе, ал эмпиристер (Локк, Юм және т.б.) «айқындыққа» бақылау арқылы, «эмпирикалық тексеру» арқылы жетуге болады деп есептейді. Жаңа заман философтары арасында пікірталас туғызған келесі маңызды сұрақ – субстанция, оның атрибуттары мен акциденциялары мәселесі болды. Спинозаның пікірінше, субстанция өз-өзіне себеп болып табылады. Субстанция Құдай да, табиғат та. Субстанция танушы адамның алдында ара қашықтық ретінде және ойлау ретінде көрінеді. Субстанция өзін өте шексіз көптеген тәсілдердің ішінде осы екі әдіспен көрсете алады. Г. Лейбництің Спинозадан ерекшелігі, ол базистік элемент ретінде монаданы мойындайды, олардың синтезі мен бірігуінен ғалам құралады.

Т. Гоббс барлық мәнділіктің себебі ретінде материяны мойындайды, оның кеңістік пен уақыттағы қозғалысының нәтижесінде табиғи әлемнің барлық алуан түрлілігі пайда болады. Бұл идеяны сонымен қатар, Гельвеций, Гольбах, Ламетри сияқты

философтар да қолдады. Ал Р.Декарттың бұлардан айырмашылығы, ол Құдайдан өзге созылмалы болмысты да (материя), ойлаушы болмысты да мойындайды. Беркли өзінің «өмір сүру, демек қабылдану» деген методологиялық принципіне сәйкес жалғыз өмір сүретін Құдай деп есептейді. Құдай барлық нәрселерді қолдайтын нәрсе. Философтың пайымдауынша барлық заттардың өмір сүруі Құдаймен қабылдануының арқасында ғана. Құдай барлық нәрсенің себебі ретінде тәжірибенің реттелуі мен тәртіптілігін қамтамасыз етеді. Тәжірибе арқылы барлық заттардың нақтылығы беріледі. Берклидің тұжырымдауынша, осылай Құдай жаратушы, сақтаушы және сыйлаушы болып табылады, өйткені әлемдегі барлық нәрсе жалғыз оның арқасында ғана өмір сүреді, бір-бірімен байланысады.

Берклидің ізінше Юм материяны субстанция ретінде қарастыру идеясын да, рухани (ментальдық) субстанция туралы идеяны да сынға алады. Юм бойынша, өмір сүретін барлық нәрсе сезім органдары арқылы ассоциацияға және тәжірибеге берілуі мүмкін. Юм субстанция туралы идеяны, жаратылыстану ғылымындағы «меннің» себептілігін артық деп есептеді, ғылым үшін тәжірибенің мәліметі маңызды. Сонымен Юм әлемдегі барлық білім тәжірибеден алынады деп, туа бітті идеялары мен априорлық ықтималдықтарға қарсы индукцияның рөлін теріске шығарады. Юм дұрыс ақылдың танымда да, моральда да, саясатта да маңыздылығын көрсетті.

Субстанция мәселесі төңірегіндегі пікірталастар тек философиялық рефлексияның нәтижесі ғана емес, сонымен қатар еуропалық адамның нақты практикалық әрекетінің теориялық-абстракциялық бейнесі де болып табылады. Себебі ол ғылыми білімнің мәліметіне сүйеніп, әлемнің үстемдігіне ғана сеніп қоймай, қоршаған орта белгісіз тылсым күштің ықпалымен емес, өз заңдылықтарымен өмір сүретіні туралы білімге сүйене отырып, өзінің нақты практикалық әрекетіне де сенуі тиіс. Бұл сенім барлық жүзеге асатын нәрсенің материалдығы, оның себептілігі мен құрылымдылығы, шексіздігі мен мәңгілігі туралы біліммен бекітілуі тиіс. Материяның барлық мәнділіктің субстанциясы, жалғыз себебі екені, адам мен қоғам өмір сүруінің қажетті шарты ретінде әлемнің, географиялық, табиғи ортаның

материалды екендігін негіздеуге ағартушылық дәуірдің ойшылдары да үлес қосты.

XVIII ғ. француз философиясын ағартушылық философиясы деп те атайды. Ағартушылық философия – антифеодалдық, антифеодалистік, қалыптаса бастаған буржуазиялық философия. Ол ағартушылық қызметпен бірге, 1789-1794 ж.ж. Ұлы француз революциясы идеологиясын дүниеге әкелді.

Бұл философияның үш негізгі бағытын көрсетуге болады:

- деистік;
- атеистік – материалистік;
- утопиялық – социалистік (коммунистік).

Деизм (део, тео – Құдай дегенді білдіреді) – философиясының мәні:

- Құдайлық тұлға идеясын терістейді;
- Құдай мен табиғаттың барабарлық идеясын (пантеизм) мойындамады;
- Құдай тек алғашқы бастама, бәрінің себепшісі ғана;
- Құдай дүниені жаратқаннан соң, басқа дүниелік үрдістерге араласпайды.

Вольтер (Мари Аруэ) Франсуа (1694-1778) – философ, жазушы, публицист. Шығармалары: «Философиялық хаттар», «Кандид», «Метафизика туралы трактат».

Вольтер ілімінің негіздері:

- дінге, әсіресе католицизмге, қарсы шықты;
- қоршаған дүниені жасаушы, барлық тіршіліктің көзі Құдай, алайда ешқандайда теория мен практика оның бар екенін де, жоқ екенін де дәлелдей алмайды;
- Құдай – физикалық дүние мен мәңгі өсиеттерді жасаушы ұлы инженер;
- таным мәселесінде эмпиризм мен рационализмді бірге қарастырды, бірақ эмпиризмге басымдық танытты;
- адамның табиғи құқығын, құқықтағы теңдікті, ойлау еркіндігін дәріптеді;
- дәстүрлі дінді терістеп, «табиғи дінді» қолдады;
- мемлекеттік жүйеде абсолюттік монархия болғанын қалады, оның басшысы білімді билеуші (ағартушылық абсолютизм) болуы қажет.

Шарль Луи Монтескье (1689 -1755) – философ, жазушы, заңгер, ғалым.

Монтескье философиясының негізгі қағидалары:

– деизм мен механикалық материализм;
– тәртіпті сақтау мен әдептілікті тәрбиелеу үшін Құдай қажет;

– жанның мәңгілігі идеясын терістеді, христиандық пен католиктік шіркеудің билікке ұмтылуын, қоғамға ықпалын, дінге сенушілерді адастыруын, адам бастамшылдығын тежеуін қатты сынға алды;

– тарихты Құдай алдын ала болжап қоймайды, оны адамдар жасайды;

– қоғам құрылысына табиғат, ауа райы және география әсер етеді (оңтүстік ыстық климатты елдер деспотизмге жақын, суық климатты солтүстіктілер демократияға, ал қоңыржай климатты елдер деспотизмнен демократияға өтуге бейім);

– мемлекет пайда болғанға дейін адамдар «табиғи жағдайда» болды, ал кейін солай өмір сүру мүмкін болмаған соң, адамдар «қоғам келісім» негізінде мемлекет құрды;

– мемлекет адамдардың бір-бірінің құқығы мен міндеттерін мойындау және жариялық биліктің пайда болуынан туындайды;

– «билікті бөлу» идеясын, яғни мемлекеттік биліктің үш тармағы – заң шығарушылық, атқарушы және сот билігі деспотизмді тежеу үшін тиімді құрал деп білді;

– заңның үстемдігін қолдады.

Жан Жак Руссо (1712-1778) әлеуметтік-саяси философия, революциялық демократияға көп көңіл бөлді. Руссо философиясы тағандары:

– Құдай тағылымында әлемдік ерік пен әлемдік парасатты көрді;

– материя жаратылмаған және әрқашан объективті өмір сүреді;

– адам өлетін тәннен және өлмейтін жаннан тұрады;

– адам дүниені ақырына дейін (заттар мен құбылыстар мәнін) тани алмайды;

– жалпы дінге, әсіресе христиандыққа, қарсы болды, бірақ дін жойылған жағдайда адамзаттың әдебі, моральдік тежеулер

әлсірейді, сондықтан дінді-«азаматтық дінмен», «әлемдік ерік тұғырымен», «ұлы жасаушы. күшпен (Құдай) алмастыру керек;

- эмпириялық (тәжірибелік) танымның қолдаушысы болды;
- жеке меншікке қарсы болды, қоғамдағы қайшылықтың басты себебі – жеке меншік деп санады;
- халықтың көтеріліске шығу құқығының негізін салды;
- әділетті қоғамда барлығының тең құқығы болуы керек, ал жеке меншікке деген құқық баю үшін емес, тек өмірге қажетті сұранысты өтеу үшін ғана теңдей бөлінуі тиіс;
- билікті парламент арқылы емес, тікелей құрылтай, жиналыс арқылы азаматтар жүзеге асыруы керек;
- қоғам өмірдің өлшемі-теңдік пен еркіндіктің «табиғи жағдайы»;
- мемлекеттің пайда болуы – қоғам келісім нәтижесі;
- демократиялық республиканы қолдады.

Этьенн Кондильяк (1715-1780) көбінесе таным мәселесіне көңіл бөлді:

- дүниені тануға болады;
- адам қоршаған дүниені өзінің таным қабілетіне (сезімі, ақылы) сай тани алады;
- қоршаған дүние – барлық білім көзі;
- таным негізінде сезімдік қабылдау жатыр;
- сезімдік қабылдау болмай, рационалдық таным өзінше дербес бола алмайды.

XVIII ғ. *француздық агартушылық философияның атеистік-материалистік бағыты* ұлы француз революциясының қарсаңында күшті дамыды.

Жан Мелье (1664-1729) – өзі діндар болса да, өмірінің аяғында атеизмге бой ұрды, материализмнің жауынгері болды:

- ешқандай да тылсым күш (Құдай) жоқ;
- материядан тәуелсіз идея болмақ емес, жан да мәңгі емес;
- дүние ерекше субстанция – материядан тұрады ;
- материя барлық мәнділіктің, заттар мен құбылыстардың себепшісі, ол мәңгі, жаратылған жоқ, материя ұдайы қозғалыста болады;
- материя жай бөлшектерден құралған, олардың комбинациясынан заттар құралады;
- таным-материяның өзін-өзі бейнелеуі;

- білім көзі – сезім;
- әлеуметтік антагонизмнің себебі-жеке меншік, ол дене еңбегін жақтырмайтын адамның «жаман қасиетінен» туындайды;
- абсолютизмді құлату керек, жеке меншік пен мемлекетті жою керек.

Осы әлеуметтік-саяси көзқарастары үшін Мельенді бірінші коммунист, социалист-утопист деп те атайды.

Жюльен Офре де Ламетри (1709-1751) «Жан туралы трактат», «Адам-машина» және т.б. еңбектер жазды. Ол да материалист-атеист болды:

- идеализм мен теологияны толықтай терістеді;
- қоршаған дүние біртұтас субстанция-материяның әр түрлі көріністерінің жиынтығы, ол мәңгі, шексіз, жаратылмаған;
- жан, сана, сезім табиғи пайда болған, олар материя қасиеттері;
- материяның өз бітімі болғандықтан Құдайдың қажеті жоқ;
- тәрбие көрмеген адам қандай қабілеті күшті, ақылды болса да, оның құны болмайды;
- дүниені толық тануға болады, таным көзі – сезім мүшелері;
- утилитаризмді қолдады, яғни адам өмірінің мәні-жеке бастын бақыты;
- жеке меншік – адам еркіндігінің кепілі;
- мемлекет мұраты «зайырлы абсолютизм».

Дени Дидро (1713-1784) – көрнекті француз-материалист. Атақты 25 томдық француздың «Ғылым, өнер және кәсіп энциклопедиясының» бас редакторы. Энциклопедия 20 жыл жазылды, оның құрамында – Вольтер, Монтескье, Кондильяк, Гольбах, және т.б. болды. Дидро «Жиен Рамо», «Философиялық ойлар» және т.б. кітаптар жазды. Дени Дидро идеялары:

- философия дегеніміз сенбеушілік, сенімсіздік;
- табиғат – ең соңғы беті жабылмайтын кітап;
- «Біз – түйсігі мен зердесі бар аспаппыз. Біздің сезіміміз – аспаптың тетігі, оны табиғат, қоршаған орта өзгертіп отырады»;
- материя тіршіліктегі бірегей субстанция, ол барлық жеке заттарда көрініс табады;
- қозғалыс материяның әртекті қасиеттерінің нәтижесі;
- сана – материя қасиеті, дүниенің рухани бастамасы жоқ;

– патша мен феодалдардың билігі Құдайдан емес, ал қоғам мен мемлекет негізінде «қоғами келісім» жатыр.

Осындай көзқараста **Поль Анри Гольбах** та болды (1723-1785), шын аты – Пауль Дитрих Тири. Ол «Табиғат жүйесі – материализм інжілі»; табиғатта кездейсоқтық болмайды, табиғат бәрінің себепшісі; көпшілікті ағарту және қоғам заңдылықтары-парасат патшалығына жол салу деді.

Клод Адриан Гельвеций (1715-1771) «Ақыл туралы» деген еңбек жазды.

Ол танымның негізі – түйсік, зерде – әлсіреген түйсік, ойлау – түйсікті комбинациялау қызметі, – деп ұғынды.

Атеистік-материалистік бағыттағы француз философтары қызметінің сол кездегі қоғамға тигізген ықпалының маңызы:

– философиядағы екі бағытты – материализм мен идеализмді айқындап көрсету;

– философияны көптеген діни уағыз-нанымдардан тазартты;

– субстанцияның шынайы анықтамасы – материяны тұжырымдады;

– сана – материяның өзін-өзі бейнелеу қасиеті деген идеяны (қазіргі күнге дейін солай) дүниеге әкелді;

– тәжірибеге дейінгі сезімнен тыс (таза) білімді сынады;

– материалистік сенсуализм теориясын негіздеді;

– жеке заттар микробөлшектердің әр түрлі комбинациясы болып табылады деген идеяны дамытты;

– қозғалыс сыртқы әсерден туындамайды, ол материяның ажырамас қасиеті;

– әлеуметтік әділеттілік идеясын кең таратты;

– ұлы француз революциясын идеологиялық түрде әсіреледі.

Ағартушылық дәуірі Еуропаның мәдени дамуына үлкен ықпалын тигізді. Ағартушылық идеялары шенеуніктер мен буржуазияның санасында және ойында, әрекетінде берік сақталып қалды. Ағартушылық идеялары Батыс Еуропаның университеттерінің өміріндегі белсенділіктің артуына, неміс мәдениетінің жоғары өрлеуіне ықпалын тигізді.

И. Кант (1724-1804) жаңа замандық парадигманың сызығын, эпистемологиялық проблематика бағдарын одан ары жалғастырды. Оның гносеологиясы жекелеген индивидке басымдылық беруден келіп шығады. Эпистемология ретінде философияны негіздеу идеясын жалғастыра отырып И.Кант өзінің трансценденталдық философиясының көмегімен эмпиризмнен (Локк және Юм), рационализм мен скептицизмнен (Декарт) асып түсуге тырысады. Өзінің философиясын негіздеуді Кант Юммен пікірталасқа түсумен қатар, эксперименталды ғылым негіздерінің тұрақтылығын талдау мен дәлелдеулерден де бастайды. Канттың пікірінше, кеңістік пен уақыт танымға тән қажеттілік болып табылады.

Рационализм мен эмпиризмді синтездеуге тырысып Кант танымдағы субъекттің белсенділігін мойындайды. Бұл белсенділік қабілет субъекттің объектіге әсерінен көрінеді. Және объект субъекттің алдында қалай көрінсе, ол объекттің субъектке әсерінің нәтижесі емес, бұл жерде объект парасат пен ақылдың белсенді әрекетінің нәтижесінде өзгеріп көрінеді. Канттың түйіндеуінше, кез келген таным субъектпен сипатталады, яғни барлық таным оның ұйымдастырған тәжірибесінен басталады. Барлық әсердің субъекттің объектке салған формасы бар. Объект туралы тәжірибелік білімді біз сезімдік әсерлерді ұғымдық өңдеудің нәтижесінде аламыз. Осылай біз себептілік категорияларының көмегімен жалпымәнді және қажетті формалары негізінде сезімдік қабылдау формасындағы әр түрлі құбылыстарды объекттен бөліп алып, белгілі бір тәртіпке келтіреміз. Бұл формалардың қатарына кеңістік, уақыт, себептілік жатады, өйткені олар таным мүмкіндігін қамтамасыз ететін алғышарттар болып табылады.

Кеңістік, уақыт, себептілік тәжірибеге дейін берілген, яғни априорлы. Оларды меңгеру жаратылыстану ғылымдарының танымдық шарттарына философиялық рефлексия жасау арқылы ғана мүмкін болады. Канттың пікірінше, барлық сезімдік әсерлер сыртқы нақтылықтан туындайды. Адамның танымдық әрекет аумағына енген сыртқы нақтылық объект деп аталады, ал

танымдық қабілеттің тікелей бағытталған нәрсесін Кант зат (предмет) деп атайды. Біз өзіміздің танымдық әрекетіміздің аумағына енген нәрселерді ғана тани аламыз. Ал біздің танымдық қабілетімізден тыс жатқан нәрселер танылмайды және оларды Кант "өзіндік зат" деп атайды.

Кант танымның мынадай типтерін айқындайды: аналитикалық таным, синтетикалық таным (апостериорлы), синтетикалық априорлы таным. Синтетикалық априорлық дегенді Кант тәжірибеге бағынбайтын таным деп түсіндіреді. Синтетикалық апостериори тәжірибеге бағынышты таным. Ал аналитикалық априорлы деп ұғымдар арасындағы байланыстарды талдау нәтижесінде пайда болатын танымның типін айтады. Синтетикалық априорлы танымға мынадай математикалық пайымдау мысал бола алады: "түзу сызық екі нүкте арасындағы ең қысқа қашықтық болып табылады". Канттың пікірінше, математика мен жаратылыстану негізделген ғылымдар болып табылады, ал олардың пікірлері жалпымәнді және қажетті сипат алады. Бұл ғылымдардағы зерттелетін элементтерді белгілі тәртіпке келтіру үшін қолданылатын формалар барлық субъектке тән. Демек, Канттың пікірінше, математика мен жаратылыстану берік негізге сүйенеді.

Кант Юмнің скептицизмін теріске шығарып, оның тұжырымдарының кемшіліктерін айқындайды, сонымен қатар рационалдық интуицияға негізделген рационалистік догматизмді де теріске шығарады. Канттың пікірінше, рационалдық догматизмнің (метафизиканың) берік негізі жоқ, себебі рационалдық интуиция тек жалған меңгеру ғана болып табылады. Осы сәттен бастап Кант танымды сынай бастайды. Ол дәстүрлі рационализмді жалған ғылым деп есептейді, өйткені біз рефлексияны тек тәжірибе жағдайында ғана, оның шеңберінен шықпай ғана іске асыра аламыз. Ал рационалистер рационалдық интуицияның көмегімен сезімдік тәжірибенің шекарасынан тыс шығып кетеді, яғни трансценденттікке иек артады. Бірақ адам "трансценденттік" туралы біле алмайды, өйткені ол танымның шарттарынан асып кетеді.

Өзінің көзқарасын негіздей отырып, Кант екі дәлел келтіреді: 1. Біз тәжірибе мүмкіндігіміздің шекарасынан тыс жатқан нәрселерді сезіммен қабылдай алмаймыз. Сондықтан трансцен-

денттік біздің танымымыздың шекарасынан тыс орналасқан және ол таныла алмайды. 2. Рационалистер өз түйіндерін дәлелдеу барысында "растайтын" және "терістейтін" аргументтер келтіреді. Мұның екеуі де салмақты болғандықтан берілген жағдайды бірдей дәлелдейді де, теріске де шығарады. Мұндай "растайтын" және "терістейтін" аргументация бірдей мөлшерде дәлелденіп және теріске шығарылатын болғандықтан адамды априорлы теориялық тығырыққа әкеліп тірейді. Кант мұны антиномия деп атайды. Антиномиялар біздің трансценденттік туралы ешнәрсе біле алмайтындығымызды көрсетеді. Сонымен, таным процесінде метафизикалық сұрақтар үнемі туындап отырады, алайда оларға толық жауапты біз бере алмаймыз деп санайды Кант.

Мұндай жағдайда діни сұрақтарға берілген жауаптар сенімге негізделуі мүмкін, өйткені Құдайдың өмір сүретінін біз дәлелдей де, теріске шығара да алмаймыз. Бірақ біздің сенуіміз мүмкін немесе керісінше сенбеуіміз мүмкін. Кант сенімнің орнын діннің ауқымы ішінде қалдырады да, ал дін туралы білімді одан айырады. Ол ақыл-ойдың ауқымы ретінде математика мен жаратылыстануды айқындайды. Осылай Кант өзінің "Таза ақыл-ойды сынау" (1781) еңбегінде сол замандағы жаратылыстанудың алғышарттарын сипаттап, ғылымның дінге бағынбайтындығын көрсетеді.

Осы жұмысында Кант ескі метафизиканы сынай отырып, философияның нені зерттеуі керек екендігі туралы мәселені көтереді. Философияның зерттеу аймағын қайта қарай отырып Кант ескі метафизиканың негізі болып табылатын логиканың шектеулі екендігін аңғарды. "Жалпы логиканың" (Канттың терминологиясы бойынша) шектеулігі, онда пікір мен ой қорытынды формаларына баса назар аударылып, ал олардың мазмұнын қарастыруды теріске шығарғанынан көрінеді. Бұл алдын ала бар білімді өзгерткенімен, жаңа білім алуға мүмкіндік бермейді. Бұл логиканы Кант талдау логикасы деп атады. Жалпы логиканың мақсаты мен функциясын жан-жақты қарастыра отырып, танымдағы пікірдің рөлі мен білім алу туралы мәселелерді зерттей отырып Кант жаңа логиканың – синтез логикасының қажеттілігі туралы ойға келеді.

Жаңа логиканың мәні логикалық формалардың мазмұндық жағын зерттеу болып табылады. Бірақ мұндай логика субъекттің

шеңберінен тыс шығып кетеді, яғни трансценденттік логикаға айналады. Мұндай логиканың зерттеу аймағы субъектінің объектке қатынасын зерттеу болып табылады, басқаша айтқанда танушы субъектінің (адамның) қоршаған әлемге қатынасы болып табылады. Бұл мақсатты логиканы таным теориясы мен синтездейтін жаңа философия ғана шеше алады, ал ескі метафизика болса, ол логика мен таным теориясы арасындағы байланысты керек етпейтін онтологияға үлкен көңіл бөлетін еді. Осылай Кант адамның танымдық әрекетінің формаларын, жалпыға тән шарттарды негіздеу философияның мақсаты деп санады.

Егер ғылымның міндеті ақиқатты негіздеу, философияның міндеті ақиқатты меңгеруге септігін тигізетін адамның танымдық әрекетінің формаларын, жалпыға тән шарттарды негіздеу болса, ал моральдың, эстетиканың және саясаттың мақсатын анықтау мәселесі Канттың "Практикалық ақыл-ойды сынау" (1788), "Пікірлесу қабілетін сынау" (1790) еңбектерінде сөз болады. Кант моральдың дербес статусын жаратылыстанумен салыстырмалы түрде негіздейді. Оны негіздеудегі Канттың өзіне дейінгі және замандас ойшылдармен салыстырғандағы ерекшелігі "сен тиіссің" деген нақты нормадан шығуында болды. Бұл норма абсолюттік міндет болып табылады, себебі ол тікелей тәжірибеден туындамайды. Ол біздің ішкі дүниемізде негізі қаланған және біздің моральдық еркімізге бағытталған. Канттың пікірінше, адам өзінің моральдық принциптерін тәжірибе жолымен тексере алмайды. Адам әрқашан да өзінің қылықтары мен әрекеттерінде өзінің парыздық сезіміне сүйенеді. "Сен тиіссің" деген императив өзге де трансценденталдық формалар — кеңістік, уақыт, себептілік және т.б. сияқты біздің санамызға сіңіп кеткен.

Кант бойынша, мораль абсолютті және міндетті. Бұл жағдайды негіздеу барысында Кант табиғи адам мен ақылды адам арасында айырмашылық жүргізе отырып "субъектке" сілтеме жасайды. Адам табиғи мақұлық ретінде ақылдың негізінде бекітілген заңдарға бағынады. Ал ақылды бола отырып адам заңдар формасындағы абсолюттік моральдық міндеттерге бағынады. Бұл заңдар дербес мақұлық ретінде өзі үшін ақыл-ойдың негізінде бекітіледі. Адам ақыл-оймен қатар ерікке ие болғандықтан этика ақылды мақұлық ретіндегі адамға негізделеді.

Моральдық міндеткерліктің мынадай сипаттағы категориялық императиві бар: "Жалпыға тән заңға айналғанын өзін қалай алатын ұстанымды ғана өзіңе жетекшілікке ала отырып әрекет ет". Канттың пікірінше, адам осы ұстанымға сәйкес моральдық міндеткерлікті жалпыға тән маңызы бар деп түсінеді, ал моральдықтың өлшемі осындай жағдайдағы әрбір адам үшін бұл ұстанымның әділдігі болып табылады. Демек, бұл ұстаным әркім және барлығы үшін норма (калып) болып табылады, өйткені ол жасырын емес және дұрыс, жалпыға тән үлгілі стандарт ретінде қызмет атқарады. Категориялық императив Канттың ойынша, априорлы сипат алады және өзінді қоршаған адамдарға құрал ретінде емес, өзіндік мақсат ретінде қарауға және қабылдауға бағдар беруі тиіс. Барлығының бұл ұстанымға деген құрметі, оның жасырын еместігі мен дұрыстығы адамзаттық қоғам үшін негіз бола алады.

Канттың философияны ғылымға айналдыруға тырысқан ұмтылысы И.Фихтенің шығармашылығында жалғасын тапты.

И. Фихте (1762-1814) – Канттың нағыз ізбасары, ұстазының ілімін ғылыми жүйе түрінде баяндауға тырысты. Фихтенің пікірінше, кез келген ғылым өзінің жетілген формасына келгенге дейін екі кезеңнен өтеді: эмпирикалық және теориялық. Теориялық деңгейде таным процесінің барлық формаларын жүйелі түрде қосу жолымен адамның танымдық қабілетін ғылыми негіздеу жүзеге асады. Ғылыми жүйенің негізделуі МЕН=МЕН принципін (өзін-өзі пайымдау акті) білдіреді. Философтың пікірінше, өзін-өзі пайымдау өзге нәрсеге сәйкестендіру жолымен мүмкін болады. Адамның танымдық қабілетінің субстанциясы қиялдың іс-әрекеті болып табылады. Қиялдың өзі екі сәттің байланысы: продуктивті және репродуктивті.

Фихтенің айтуынша, адам теориялық іс-әрекетте қиялдағы бейнелермен еркін қимыл жасайды. Қиялдағы мұндай еркін құрылымдар кез келген теориялық ойлаудың негізі болып табылады. Қиялдың іс-әрекетінің нәтижесінде бір жағынан нақтылықпен байланыс орнатылады, екінші жағынан ол туралы біздің біліміміздің шынайылығы қамтамасыз етіледі. Өзінің ғылым ілімінің бастапқы принциптерін негіздей отырып И.Фихте мынадай маңызды жағдайға тоқталады: таным процесінің өзі түбірленген сипатта болады және ол анықтаушы болып табылады.

Фихтенің түйіндеуінше, адам жануарлармен салыстырғанда мәдениет әлемінде өмір сүреді. Онда ол өзінің интеллектуалдық құралдарын, жалпылықтың кепілін және біздің біліміміздің қажеттілігін таба алады. Мәдениет әлемі адамның табиғатпен қатынасын және танымын түбірге отырғызып қана қоймай, оның сезімінің қалыптасуы мен дамуына жағдай жасап, танылатын заттардың мәнді, қажетті және жалпылама сипаттамаларын айқындау қабілетін арттыруға мүмкіндік береді.

Гегель (1770-1831) Кант пен Фихтенің ерекше дара идеяларын шығармашылық тұрғыда танытуға тырысты, сонымен қатар өз құқығында ақыл-ойды негіздемекеші болды, яғни жаңа заман философтарының шығармашылық жетістіктерін жалғастырды. Егер Кант трансценденталды алғышарттарды – қабылдаудың екі формасын, яғни кеңістік пен уақытты, он екі категорияны және априорлы субъект пен берілген себептілік принципін аштым және негіздедім деп ойласа, Гегель өз ілімін жаңа негіздерден алып шығады. Кантпен салыстырғанда Гегель трансценденталды алғышарттарды тарих құрастырады деп санады, өйткені ол Абсолюттік Идея дамуының интерсубъективті процесі болып табылады. Абсолюттік Идеяның өзіндік дамуын Гегель өзінің "Рух феноменологиясында" (1807) түсіндіреді. Ол бойынша, бұл процесс екі деңгейде көрінеді: индивидтің санасы деңгейінде (сезімталдықтан философиялық білімге дейінгі сананың қозғалысында) және тарих деңгейінде (антикалық дәуірден Наполеон заманына дейін). Гегель әр түрлі формалар арқылы өзіндік санаға қарай бағытталған сананың салтанатты шеруін көрсетеді. Абсолюттік Идеяның өзіндік дамуының бүкіл осы күрделі драмалық жолын индивидтің қалыптасуы мен даму процесі ретінде қарастыруға болады және оның барысында индивидтің көзқарасы, санасы, тәжірибесі өзгеріп, оның болмысының "негіздері шайқалады". Сананың өзгерісі процесінде Гегель гносеологиялық теориялардың мазмұнын, олардың шектеулілігін анықтай отырып, сыни тұрғыда қарастырады. Сонымен қатар ол танымның әр түрлі формалары арасындағы өткелдерді сипаттай отырып танымды қалай пайда болғаны тұрғысынан баяндайды. Сананың пайда болу процесін анықтай отырып, Гегель ақиқат пен өзін-өзі тану күрделі диалектикалық процесс деген тоқтамға келеді. Ақиқат өзгер-

мейтін нәрсе емес және абсолюттік біліммен мәңгіге берілмейді, оған таным процесінде жетуге болады және ол әрекетпен байланысты.

Гегель бойынша, адам әлемі өлі, дайын, өзгермейтін және абсолюттік заттардың жиынтығы емес, өзінің адами әрекетінің нәтижесі болып табылады. Адамды қоршаған нәрсенің бәрі – өзгертілген әлем, адамның әрекетінің барысында қалыптасқан әлем.

Гегельдің пікірінше, тарих – бұл адамның адам болу, әлеуметтену процесі және адамзаттың өткен жолы. Бұл оған өзін-өзі тану үшін қажетті негіз болып табылады. Сонымен, тарих адамға қатысты алғанда сыртқы, онан тыс нәрсе емес, нақты тірі адамдар онда өмір сүретін, болатын, ойлайтын, сезінетін нәрсе. Адам тарихи өзіндік дамудың нәтижесі болғандықтан, осы алғышарттың негізінде тарихты зерттеумен айналысады. Гегельдің түсінігінше тарих рефлексия процесі сияқты, оның барысында адам белгілі бір негізге келіп тоқтайды. Бұл рефлексия дамудың диалектикалық заңдарына бағынады.

Белгілі бір затқа жасалынған рефлексия дайын, априорлы схемалармен, методтармен емес, сол заттың өзгерісінің нәтижесімен беріледі. Заттың барысының өзі рефлексияның қозғалысын айқындайды. Рефлексия терістеумен сипатталады, яғни білімнің бұрынғы нүктелерінен кемшіліктерді алып тастауға деген ұмтылыспен ерекшеленеді. Алып тастауды Гегель өмір сүріп отырған көзқарастың кемшілігін жою арқылы позитивтілікті сақтау одан жоғары көзқарасқа өту деп түсіндіреді. Демек, гегельдік мағынада диалектикалық алып тастау позитивтілікті өзге және одан жоғары сатыда сыни тұрғыда сақтауды білдіреді. Демек, рефлексия үнемі алға бағытталған және неғұрлым жоғары, неғұрлым шынайы негізге үнемі бағдар ұстанады, әрбір потенциалды шынайы негіздің мәнін ашуға және меңгеруге ұмтылады. Ақиқатты толығымен меңгеруге жете отырып, адам жоғары рационалды танымға ие болады, базистік негіздердің мәнін игереді.

Егер Гегельге дейінгі ойшылдар тарихты қателіктер мен адасушылықтардың тарихы деп есептесе, Гегель салыстырмалы шындық ұғымын енгізе отырып, ақиқатты салыстырмалы шындықтарды анықтау және олардың даму процесі деп есептеп,

ақиқаттың осы түсінігінсіз ғылымның мүмкін болмайтындығын айтады.

Гегельдің ойынша, жоғары ақиқатты философия ашады, өйткені ол өзінің жеке даму жолына рефлексия жасай отырып болмыстың шынайы мәніне қол жеткізеді. Ал өнерге, дінге және ғылымға келер болсақ, олар бізді ақиқатқа тек қана жақындатады. Тек философия, Гегельдің түйіндеуінше, болмыстың шынайы картинасын беріп, әлемнің негізін игереді. Ал әлемнің негізі болмыс пен ойлаудың бірегейлігі болып табылады. Ол "Логика ғылымында" (1812-1814 ж.ж.) болмыстың идеалды негізі мен оның өзіндік даму тәсілдерін ашады. Гегель бойынша, дамушы ойлау мәнділіктің нақты негізі. Ақыл-ой танымының құралы – ұғым. Ұғымның қозғалысы қайшылықтар арқылы жүзеге асады. Қоғам қозғалысы процесінің өзі қарапайымнан күрделіге қарай жүріп, абстрактылыдан нақтылыға, бүтіндікке немесе категориялар жүйесіне шығуымен сипатталады. Білімнің жүйесін қалыптастыруға септігін тигізетін логиканың формасы (мұнда таным теориясы мен диалектика қосылады) диалектикалық логика болып табылады. Диалектикалық логика деп түйіндейді Гегель, әлемді қарапайым тұрғыда бақылаудан оның мәнін ғылыми түсінуге дейін көтерілуге мүмкіндік береді. Сонымен, Гегель өзгерістер философиясын ойлап тауып, алғаш рет тарихты диалектикалық секіруші процесс ретінде танытты және ол туралы білім үнемі өзгерістегі нәрселер біткеннен кейінгі ой толғаулар нәтижесінде жинақталады. "Даналықтың күні бататын мезгіл" жетті.

Көптеген философия тарихшылары **К. Марксті** де (1818-1883) гегельдік философияның жалғастырушысы деп есептейді. Гегельдің ойлап тапқан диалектикалық процесс ретіндегі әлем туралы көзқарасын сақтай отырып, Маркс онымен салыстырғанда идеяларды емес материалдық өмірдің дамуын мойындайды. Егер Гегель тарихта мәдени-тарихи факторға баса назар аударса, ал Маркс материалдық-экономикалық фактор маңызының басымдылығын мойындайды.

Маркстің философия дамуына қосқан үлесі тек рухани фактордан экономиканың басымдылығы фактысын, қосымша құн құпиясын, тауар-ақша қатынастары жүйесіндегі адамды қанау мен эксплуатациялау механизмін ашуында ғана емес, бө-

лектенудің экономикалық формаларын да айқындауында еді. Л. Фейербахтың діни бөлектену туралы идеясымен келісіп және оны қабылдай отырып, К. Маркс оны капитализмдегі жалпы бөлектенудің бір қыры деп санады. К. Маркстің пікірінше, капитализм жағдайындағы бөлектенудің ең жалпылама формасы экономикалық бөлектену болып табылады. Бөлектенудің бұл формасын тек революциялар мен онан кейінгі әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар арқылы ғана алып тастауға болады. Нәтижесінде, заттану мен бөлектену алынып тасталынған соң әрбір адам өзін еркін, саналы және шығармашылық қалыпқа айналдырады. Адам өзін өз өмірқамының субъекті ретінде саналы түрде сезініп, белсенділігі артады, өзін толық көрсетуге қабілеті ұлғаяды. Жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларда социум және адам "рационалды, білімді және рационалды басқарылатын адамға" айналады.

Маркстік философияның тағы бір жаңалығы еңбекті эпистемологиялық ұғым ретінде негіздеуінде. Еңбектің арқасында және нәтижесінде адамдар ойлауға, тануға қабілетті болады, ал таным процесінің өзі белсенді шығармашылыққа айналады.

Маркстің еңбек адам санасының қалыптасуы мен дамуының материалдық негізі деген, сондай-ақ адамзат қоғамының дамуындағы экономиканың басымдылығы туралы идеялары **Ф. Энгельстің (1820-1895)** "Маймылдың адамға айналу процесіндегі еңбектің рөлі", "Отбасының, жеке меншіктің және мемлекеттің шығу тегі" (1884) деген еңбектерінде жалғасын тапты. Ф. Энгельс өзінің осы соңғы еңбегінде қоғамдағы отбасы мен әйел статусының меншік формалары мен өндіріс тәсілдерінің эволюциясының ықпалымен тарихи дамудың барысында өзгерістерге ұшырағанын дәлелдеуге тырысады. Ф. Энгельс отбасы мен неке формаларының эволюциясы қандай жолмен жүзеге асатынын, әйелдердің эксплуатациясы мен маргиналдануының күшейгенін жан-жақты ашып берді. Ф. Энгельс экономика негізіндегі гендерлік рөлдердің (еркек және әйел) айырмашылығы туралы пікірталастың қалыптасуына ықпал етіп, әйел статусы мен оның эмансипациясы, дәстүрлі неке институтының өзгерісі мен әйелдердің еркектерге бағыныштылығын жою туралы мәселелерді көтерді.

Ф. Энгельс сондай-ақ табиғаттың диалектикасы, болмыстың субстанциясы ретіндегі материя туралы идеяларды, материя қозғалысы формаларының классификациясын, материяның атрибуттары ретіндегі уақыт пен кеңістік туралы жағдайды, әлемнің материалдық тұтастығы туралы идеяларды жасап шығарды ("Анти-Дюринг", "Табиғат диалектикасы"). Ф.Энгельстің пікірінше, диалектика – бұл табиғаттың, қоғамның және адамзат ойлауының жалпы байланысы мен дамуы туралы ілім. Диалектикалық даму – бұл материалдық процестердің, қоғамдық жүйелердің, сондай-ақ теориялық идеялардың өзгерісінің күрделі, қайшылықты, үдемелі процесі. Сонымен, бүкіл әлем – бұл өзгерістер мен алмасулардың үнемі және шексіз процесі, ал осы өзгерістердің қайнар көзі қарама-қайшылықтардың күресі болып табылады. Ф. Энгельс "Анти-Дюрингте" диалектикалық дамудың жалпы заңдарының сипаттамасына арнайы тоқталады: қарама-қайшылықтардың бірлігі мен күресі заңы, сандық мөлшерден сапаға көшу заңдылығы, терістеу заңы.

Егер қарама-қайшылықтардың бірлігімен күресі өзгерудің өзіндік қозғалысы механизмін ашса, саннан сапаға өту заңы жаңаның қалыптасу механизмін сипаттаса, ал соңғысы, яғни терістеу заңы дамудың бағытын сипаттайды. Бұл заңдар тұрғысында даму бағыты бар, үдемелі, қайшылықты, секірмелі және кері қайтпайтын сипаттағы жаңа түзілімдер процесі ретінде, өзіндік даму ретінде көрінеді. Сонымен, Энгельстің ойы бойынша, диалектика оның қандай екендігіне (онтология), қалай ол танылатындығына және санада бейнелену формасына (таным теориясы мен диалектикалық логика) қарай даму туралы ілім болып табылады. Диалектика философияның үш бөлімінің тұтастығы болып табылады: онтология, гносеология және диалектикалық логика. Диалектикалық логиканың өзі дамушы теориялық ойлаудың заңдары туралы ілім. Ал теориялық ойлау адамның практикалық әрекетін идеалды-шығармашылық және сыни тұрғыда қайта қалпына келтіру болып табылады. Осылай адам практика процесінде "нені" және "қалай" өндіретінін білуге қабілетті. Қозғаушы күштерге, негіздерге, шарттарға теориялық талдау жасаудың негізінде және практикалық әрекет арқылы әлемді түбірлі өзгертуге болады. Осылайша табиғатты, қоғам мен ойлауды теориялық философиялық талдау Энгельсті

адамзат қауымдастығы өмірінде экономика басым рөл атқарады деген ойға әкелді, ал сана мен оның мазмұнына талдау жасау алғаш рет адамзат әрекетінің заттанған формаларын игеру арқылы жүргізілді.

Егер Маркс қоғамда әлеуметтік қайта құру жолымен адам санасын өзгертіп, "әлеуметтік психоаналитик" (Э.Фромм) ретінде көрінсе, ал Энгельс табиғат пен қоғам философиясын белсенді-шығармашылық және теориялық ойлаудың материалдық негізі ретінде дәлелдеуге тырысты. Бұл теориялық ойлау өзінің материалдық-табиғи негіздерінің ішкі логикамен ұғынған жағдайда әлеуметтік қайта құрылымдар жасауға қабілетті. Сонымен, К.Маркс пен Ф.Энгельстің қоғам, табиғат және теориялық ойлау заңдылықтарын ашуы, қоғамдық даму барысындағы экономиканың басымдылығын түсіндіруі, индивид санасының заттай практикалық әрекетке тікелей бағыныштылығын дәлелдеуі және тағы басқа идеялары батыстық әлемнің көптеген ойшылдарына жақтаушылық жағынан болсын, даттаушылық жағынан болсын, өзінің теориялық-идеялық ықпалын тигізді.

Алайда неміс философтарының әр түрлі деңгейде адамзат ақыл-ойын негіздеуін А. Шопенгауэр және Ф. ницше қабылдамады. Немістің бұл екі философының ақылды сынаған ілімдерін XIX ғасырдың интеллектуалдары қабылдамай, оны маргиналдық мәдениетке қарай ығыстырғанымен, А.Шопенгауэр мен Ф.ницшенің идеялары XX-ғасырдың басынан қайта жанданып, бұл "метафизикалық үрей" философиясы революциялық азат ету мен әлеуметтік қайта құру немесе өзгерістер философиясын кейінге ығыстырып шығарды.

«Үрей метафизикасын» пайымдауға тырысқан алғашқы философтардың бірі **А. Шопенгауэр (1788-1860)** болып табылады. Философтың пікірінше, бұл әлемде ешқандай объективті шындық та, әділеттік те жоқ, тек бір-ақ нәрсе бар ол – өлім алдындағы үрей. Біздің өміріміз қаншалықты жемісті, толыққанды немесе түкке тұрғысыз болса да, ол бәрібір әрқашанда өліммен аяқталады. Алайда, өмірдің осылай шарасыз және бақытсыз аяқталатынына қарамастан адамдарды өмір сүруге ерік мәжбүрлейді. Ерік – бұл онсыз өмірдің жалғасуы мүмкін емес, онсыз ешнәрсе де мүмкін емес болатын нәрсе. А. Шопенгауэр бойынша, ерік "бейсаналы" және мәңгі, ол жалғыз нағыз нақтылық бо-

лып табылады. Әлем, философтың пікірінше, ерік және елестету болып табылады. Әлемде үстемдік ететін еркіндік те, ақыл-ой да емес, ерік қана. Ерік қай жерде болса да, қасірет те сол жерде, өйткені бұл екеуі бір-бірінен ажырағысыз. Адамның неғұрлым өмірге деген құштарлығы көп болса, соғұрлым еркі де көп және адамның онан сайын қасіреті де көбейе түседі, адам бақытты болатындай жер бетінде бірде-бір орын жоқ деп түйіндеді А. Шопенгауэр.

А. Шопенгауэрдің ізінше ақыл-ойды сынаған XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген ықпалды философтың бірі **Ф. Ницше (1844-1900)** болды. Ф. Ницше ақыл-ойға қарсы өзінің "барлық құндылықты қайта бағалау" лозунғысын көтерді. Адамның ішкі әлеміне "үңіле" отырып, Ницше өз замандастарының барлық "ізгілікті" күнәларын жалаңаштап көріп, мынадай қорқынышты тұжырымға келеді: "Құдай өлді!". Адамзатқа тән күнә, қызғаныш, кешелік, азғындық және құндылықтардың құнсыздануы сияқты теріс қасиеттер, ницшенің ойынша, христиандықтың салдарынан. Христиандық идеология және әлсіздердің өмір тәртібі ретінде көре алмаушылық, екіжүзділік, бейшара адамның мәңгілікке ұмтылған түкке тұрғысыз қиялын тудырады. Христиандық, нигилистік декаденттік мәдениеттің ықпалынан құтылу үшін оның мұрасынан бас тартып, өзіне тән асқақтығы мен абыройы бар, қайғы қасіреттен қорықпайтын, билікке деген еркі жоғары жаңа мәдениетпен кездесу керек.

Осылайша христиандық дәстүрдің басты құндылығы – Құдай идеясының терең жайылған тамыры екендігін дәлелдеп, ницше "Құдай өлді!" идеясын жариялау арқылы "билікке деген ерік", "мәңгі айналым" принциптерін бекітеді. ницше үшін "Құдайдың өлімі" трансценденталдық сипаттағы барлық құндылықтардан бас тартуды, дін мен этиканы және барлық бұрынғы метафизиканы бұзуды білдіреді. Бұл адамның осы уақытқа дейін нанып, бас иіп келген түсінік формаларынан бас тарту. Бұл Құдай идеясынан, ескі моральдық құндылықтардан, Абсолюттік идеядан, ақыл-ойдан, субстанциядан бас тарту деген сөз. Құдай да, субстанция да жоқ. Шындығында осы дүниедегі ғана әлем өмір сүреді. Шындығында әлемнің мәңгі қайта айналымы ғана бар. ницше қалыптасу және тұрақты, трансценденталды әлем арасындағы қайшылықты түсіндіруге тырысқан бүкіл ескі

метафизиканы дуалистік ілім ретінде теріске шығарады. Неміс ойшылының айтуынша метафизика әлемді "болмыс" пен "көрініске", "мәнділік" және "көрінудің формасына", "нақты" және "нақты емеске" бөліп, болмысты құрылымдық сатыларға бөле отырып (Абсолют, Құдай, Игілік және т.б.), оны құнсыздандырды, оны фикциямен алмастырды. "Құдай өлді" идеясы барлық дуалистік теориялардан бас тарту арқылы шатасудан арылуға мүмкіндік береді. ницше өз философиясын "эксперимент", ал өзін "экспериментатор философ" деп есептеді. Оның эксперименті біз сыни тұрғыда емес сол бойында қабылдайтын құндылықтарды қиратуында. ницше философиясы ХХ ғасыр философиясында ақыл-ойды сынауды бастаудың негізін қалады.

М. Хайдеггер (1889-1970) XX ғасырдың аса ірі философияларының бірі. Философия дамуының күрделі жолын сыни тұрғыдан пайымдай отырып М.Хайдеггер өзінің «Болмыс және Уақыт» еңбегінде адамның әлемнен бөлінуі техникалық өркениетке тән деп сипаттайды. Техникалық өркениет адам мен әлемді бір-біріне қарсы қояды, ал субъект пен объект бөлінісінің философиялық негізделуі, сонымен қатар субъекттің объектіге белсенді ықпалы мен оны бағындыруы Жаңа заманда жүзеге асты. Еуропалық нигилизм феноменін сынап зерделей отырып М. Хайдеггер болмыс тақырыбына оралып, адамның өзінің болмысын өзекті мәселе ретінде қарастырады. Философтың ойынша, адам осындағы – болмыс болып табылады.

Адам өмірі көбіне мәнсіздікті сезінумен, жалғыздықпен, азап шегумен байланысты. Олай болса, не нәрсе мәнді болып табылады?

Мәнді болып табылатын нәрсе – адамның нақты болмысы, уақыттағы болмыс. Адамның өмір сүруі бүкіл бүтінді, әлемді өзіне қамтитын «осы» мүмкіндігін жүзеге асырумен сипатталады. Демек, «Болмыстың болмысы» мәнді болып шығады, ал оны ұғыну үшін тілге құлақ түру қажет, тілдің өзін сөйлету керек. Тіл арқылы әрбір адам өзін-өзі ашады, өзінен хабар береді, өзінің жағдайын, көңіл-күйін білдіреді, ал сол арқылы өзінің әлемге деген, өзіне қатынасын айқындайды. Ал бұл поэзиялық тілде мүмкін болады. Дәл осындай тіл адамның жағдайын, көңіл-күйін, оның өзіндігін, ол қандай болса соған сәйкестігін ашып көрсетеді. Поэзия әлемді, ондағы ахуалдандыру «тәсілін ашып», поэзиялық тілдің арқасында адам өзінің кім екенін, өзінің мақсаты мен тағдырын таба алады.

А. Камю (1913-1960) өзінің «Сизиф туралы аңыз», «Бүлік көтеруші адам» еңбектерінде экзистенциалдық шарасыздық позициясымен бөліседі. Ол құдайға сенім жоғалған, барлық сүйеніштен айырылған бұл әлемдегі құндылықтар қактығысында өмір сүріп отырған адамның санасын таңдайды. Сүйеніш іздеудің мәні екендігін ұққан, санасы «жұлмаланған» мұндай

адам, ендігі жерде тек қана өзіне сенуі тиіс. Тек бір ғана нәрсе бар – адам өмірінің ашықтығы.

Ж.П. Сартр (1905-1980), адам өмірінің шектеулігін, жалғыздығы мен өткіншілігін, сонымен қатар оның еркіндігін атап көрсетеді, өйткені оны шектейтін ешқандай объективті нормалар мен қағидалар жоқ. Адамның өзінің еркіндікті сезінуі, оның өмір сүруі процесінде жүзеге асады. Сартрдың ойынша, адамның кім және қандай тұлға болуы оның шешіміне, таңдауына байланысты.

XX ғасырдағы батыс философиясындағы ең қуатты бағыттардың бірі ғылым философиясы болды. Оның құрамында мынадай философиялық мектептер болды: логикалық позитивизм, аналитикалық философия, сыншыл рационализм.

Логикалық позитивизмді кейбір батыстың тарихшылары британ эмпиризмі мен ағартушылық философиясы ретінде сипаттаса, кейбір зерттеушілер – тоталитарлық және иррационалдық концепцияға қарсы реакция ретінде, ал үшіншілері қазіргі ғылым мәселелерінің философиялық рефлексиясы ретінде қарастырады.

Логикалық позитивистер **М. Шлик (1882-1936)**, **О. Нейрат (1882-1945)**, **Р. Карнап (1891-1970)** тілдің логикалық құрылымы, білімнің негізделуі сияқты мәселермен айналысады. Логикалық позитивистердің пікірінше, грамматикалық тұрғыда дұрыс құрылған және тәжірибе арқылы немесе гипотездік-дедуктивтік тәсілге негізделген аналитикалық тұжырымдар мен апостериорлы синтетикалық тұжырымдар ғана өмір сүреді. Мұндай тұжырымдарға локикадағы, математикадағы тұжырымдар мен тәжірибеге және гипотездік -дедуктивтік тәсілге сүйенетін кейбір ғылымдардың тұжырымдары жатады. Теология мен классикалық метафизиканың тұжырымдарын позитивистер эпитемологиялық тұрғыда мәні жоқ деп жариялайды. Логикалық позитивизмнің дамуы ғылым философиясының пайда болуына алып келді. Ғылым философиясы ғылымды концептуалды талдау, формалданған тілдерді талдау, логика мәселелерін зерттеумен айналысты.

К. Поппер (1902-1994) әрбір мезеттегі технологиялық мүмкіншіліктерге байланысты болып келетін жалғыздылықтың талабына сезімділіктің критерийін қайта қалыптастырды. «Ғы-

лыми ашылымның логикасы» еңбегінде К.Поппер эмпирикалық қондырғы туралы тезисін негіздейді. Бұл қондырғы бойынша, білімнің өсуі үшін айқын түйіндер мен ұсынылатын тұжырымдарды өте дәл эмпирикалық тексеру қажет. Поппердің айтуынша, жалпы тұжырымдарды негіздеу үшін дедуктивті тексеруге жүгіну қажет. Бұл үшін ұсынылған тұжырымнан туындайтын эмпирикалық салдарлар тексеріледі. Бірақ бұл жерде біз жалпы тұжырымды түйіндеу мәселесін оны негіздеу мен тексеру мәселесінен бөліп алуымыз керек. Бұл жағдайда алынған айғақтық мәселелерді эмпирикалық ғылымдарға жатқызамыз, ал жалпы мәселелерді зерттеудің логикасы арқылы түсіндіреміз. Зерттеу барысында дәлелденуі ең қиын деген гипотезаның тексеру тәсілдерін тауып алуымыз керек. Егер гипотеза (болжам) мұндай тексеруден қалыпты өтсе, онда оны дәлелденген деп қабылдауға болады, бірақ бұл нәтиже одан арғы теріске шығарылуға, жалғандандырылуға дайын.

Өзінің позициясын К. Поппер "сыншыл рационализм" деп анықтайды.

К. Поппердің пікірінше, ғалымдар бірдемені үйрену үшін ашық және еркін рационалдық пікірталас қажет. Мұнда ғалымдар ұсынылған тұжырымды теріске шығару тәсілдерін табуға да, оппоненттің көзқарасын қолдауға дайын болуы шарт. Ашық дискуссияларда ақылды, орынды пайдалану – міне, осы рационализм болып табылады. К.Поппер «Ашық қоғам және оның жаулары» кітабында Платон, Маркстің идеяларын догматизм ретінде сынап, оларда нақтылық пен білімді жетілдіруге деген ұмтылыс жоқ деп санайды. К.Поппер ақиқатқа монополия жасауға қарсы шығып, толеранттылық (төзімділік) пен либералдық позицияларын ұстанады. К.Поппер өзінің «Тарихилықтың жұтандығы» деген тағы бір еңбегінде әлеуметтік болжамдарға қарсы өзінің негізгі қағидаларын дәлелдеп, холистік жорамалдарға талдау жасайды. К.Поппер бастапқы гипотезаларға түзету енгізе отырып, салдарларды зерттеу және оларды нақты оқиғалармен салыстыру жолы арқылы болашақ туралы болжам жасауға болады деп санады. Оның ойынша, барлық қоғам туралы болжам жасау және оны өзгерту мүмкін емес. Философтың пікірінше, нақты реформалар жүргізу бары-

сында біздің жоспарларға түзету енгізу мен тексерілген құралдар арқылы кезеңдерге бөліп өзгерістер жасауға болады.

Теріске шығару туралы Поппердің тезисін **Т. Кун (1927-1996)** өзінің «ғылыми іс-әрекеттің тарихи-ғылыми көзқарасы» деген идеясы арқылы сынға алады.

Кунның анықтауынша, әлем картинасында оның мынадай маңызды компоненттерін байқауға болады: парадигма, ғылымның қалыпты дамуы және ғылыми революция. Кунның пікірі бойынша, парадигма – бұл тексерілетін ғылыми гипотеза енгізілген жорамалдардың жалпы жиынтығын белгілеу үшін қолданылатын ұғым. Ғылымның қалыпты дамуы – бұл шыннайылығы күмән туғызбайтын ұсыныстарды пайдалана отырып ғылымның проблемалармен жұмыс істеу кезеңі. Ғылыми революция – бұл ғылыми зерттеулер барысында оның кейбір мәселелерін пайымдау нәтижесінде оның жалпы жиынтығын өзгерту қажеттілігі туындайтын кезең. Бір парадигмадан екінші парадигмаға өту, Кунның сипаттамасы бойынша, секірулер арқылы жүзеге асады. Білімнің өсуі жекелеген бір парадигманың ішінде жүзеге асады және бір парадигмадан екіншісіне өтуге қатысы болмайды. Кунның айтуынша, әрбір парадигманың өз ішінде ақиқаттылық пен маңыздылық критерийлері болады, демек екі немесе бірнеше парадигмаларды салыстырғанда олар бір-біріне сәйкес келмейді. Сонымен қатар пайда болған ғылыми революцияны бағалайтын және оны ғылыми процесс ретіндегі аяқталған нәтижесі деп анықтайтын ешқандай да бейтарап позиция жоқ. Мұндай жағдайда ғылыми тұжырымның шынайылығы мен жалпы маңыздылығы нақты бір парадигмаға бағынышты болады.

Парадигма әр түрлі түсіндірілуі мүмкін. Онтологиялық тұрғыдан алғанда, ол «өмір сүретін нәрсеге» бағыттайды, методологиялық тұрғыда «жақсы» зерттеудің нормаларына сілтейді, педагогикалық тұрғыда әлеуметтендіру мақсатында ғылымның оқыту үлгісінің маңыздылығын көрсетеді, өйткені оны белгілі бір ғылыми қауымдастыққа баулиды. Тәжірибенің осы типін өмірлік даналыққа ие болу деп түсіндіруге болады. Бұл идея **Л. Витгенштейннің (1889-1951)** философиясында ерекше маңызға ие болады. Витгенштейн үшін аса маңызды мәселе тілдік белгілердің мәніне талдау жасау болып табылады. Әрбір сөз не-

месе сөйлемді оқшаулағанда олардың жасырын мәні болады, ал белгілі бір контекстке орналастырғанда олар нақты мәнге ие болады. Мән контекстке бағынышты. Мұндай жағдайда сөйлемдердің де контекстке бағынышты көп түрлі мәні болады. Демек, философтың міндеті тіл пайдалануының нақты контекстін іздеуде, кәдуілгі тілге талдау жасауда.

Витгенштейн «Философиялық зерттеулер» деген еңбегінде тілдік ойын ретіндегі тіл идеясын дайындайды. Философтың пікірінше, тілді қолдану мен тілдің өзі белгілі бір тұтастықты құрайтын әртүрлі нақты лингвистикалық контекстерді талдау қажет. Әрбір зерттелетін құбылыс тілдік ойынның белгілі бір ұғымдарымен сипатталады. Ұғымдардың өзі тілдік ойын контекстінде ерекше немесе бірнеше тілдік мәнге ие болады. Әр түрлі тілдердің лингвистикалық көрінісі ерекше немесе бірнеше тілдік ойындар үшін жалпы болуы мүмкін. Соңғы жағдайда оларды семьялық ұқсастық ретінде белгілеуге болады. Осылайша, Л. Витгенштейн тілдік ойындар сипатын семьялық ұқсастықтар көмегімен түсіндіре алады. Ғылым философиясымен салыстырғанда психоанализ мектебі адамға философиялық талдау жасауға үлкен мән береді.

Психоанализ батысеуропалық философиялық мектептердің ішіндегі ең ықпалды, беделділерінің бірі. Көптеген зерттеушілер психоанализдің адамды түсіндірудегі жасаған төңкерісіне орай бұл мектептің жетістіктерін Дарвин, Маркс, Эйнштейн сияқты ғұламалардың жаңалықтарымен қатар қояды. **З. Фрейд (1856-1939)** өзіне дейінгі және өзіне замандас ойшылдармен салыстырғанда ең басты мәселе ретінде субъект өмірінің ментальды қырларын емес, оны тек кіші бөлігі ретінде қарастыра отырып, бейсаналылыққа талдау жасауға үлкен мән береді. З. Фрейдтің пікірінше, бейсаналылық адам индивидуалдылығының ядросы болып табылады. «Түс көруді жору» деген еңбегінде, ол бұл процестің маңыздылығына алғаш рет мән беріп түстің мәні бар және танылмаған қалаудың көрінісі деп санайды. «Күнделікті өмірдің психопатологиясы» және «Психоанализге кіріспе» деген еңбектерінде З.Фрейд «ұмытылу», «қате іс-әрекет» сияқты өзгертілген, арнайы формаларында көрінетін бейсаналылықтың әр түрлі формаларын талдайды және түсіндіреді. «Жыныстық қатынас теориясы туралы үш мақала» (сексуалдық теориясы бо-

йынша үш очерк) деген еңбегінде З.Фрейд сексуалдылықты адамзат инстинкті мен жүріс-тұрысының фундаменті ретінде қарастырған идеясын ұсынады. З.Фрейд "Психоанализге кіріспесінде" бейсаналылық, жасырын саналылық және саналылық деп бөлінетін адам менталдығының топографиясын алғаш рет жасап шығарады. Кейінірек бұл топография «Эго», «жоғары эго» және «ид» (анау) деген терминдерді енгізу арқылы айқындала түсті.

Ләззат алу принципіне бағынатын *ид* менталдықтың ең ежелгі саласы болып табылады. Бұл нақтылық принципіне бағынады және қажеттіліктерді қауіпсіз тәсілмен өтеуді қамтамасыз ету оның міндеті. *Эго* ығыстыру, идтің әсерінен қорғанып, суперэгоның көмегіне сүйенеді. Суперэго моральдық талаптарды, әлеуметтік нормаларды өз бойына жинақтайды.

3. Фрейд «Мәдениетпен келіспеу» еңбегінде психоаналитикалық концепция тұрғысында мәдениет пен өркениет мәселелерін сынай отырып, талдау жасайды. Бүкіл мәдениет пен өркениет тарихын З. Фрейд Эрос және Танатос арасындағы күрес тарихы ретінде сипаттайды. Егер мәдениет адамдарды қорғап, агрессияның қысымын басу үшін Эростың көмегіне сүйене отырып, индивидтер арасындағы қатынасты реттесе, онда өркениет осы агрессияны өзгелерге қарай бағыттайды. Егер Эрос адамды адамзаттылықпен, қоғаммен, ұлтпен, тайпамен, отбасымен біріктірсе, ал Танатос оны бұзады. Қазіргі кезең мен мәдениеттің болашағын болжай отырып Э.Фрейд неврозды алып тастау үшін мәдени супер эгоның рационалдық парадигмасы арқылы сексуалдық қанағаттану дәрежесін кеңейту қажет деген ұсыныс айтады. З. Фрейдтің көптеген идеялары Адлердің, К. Юнгтің, Э. Фроммның, Г. Маркузенің сондай-ақ біршама дәрежеде Ж. Дерриданың көзқарастарына ықпалын тигізді.

Ж. Деррида (1930-...) Ницше мен Хайдеггер бастаған метафизиканы сынауды жалғастыра отырып, Фрейдтің кейбір идеяларын дамыта отырып, бүкіл батыстық ойлауды сынайды. Деррида мәтінді оқу барысында, оның ішіндегі жымдасып кеткен қайшылықтарды ашу мен «мәтін құрылымын мән-мағыналық тұрғыда тарату» үшін деконструкция принципін ойлап шығарды. Ж.Деррида центризмнің позициясын сынай отырып, мәтін мен жазуды әрекет ете түсіндіре отырып, оны кеңейте тү-

седі. Деррида маңызды еңбектері «Өзіндік референция», «ерекшелендірумен» жұмыс жасап, «Өзгені» ашумен сипатталады.

М. Фуко (1926-1984) индивидтегі автономдық бастаудың басымдылығы туралы идеяны сынап, адамды әлеуметтік конструкция ретінде анықтайды. М.Фуко өз зерттеулерінде мәдениет тарихындағы ессіздікке талдау жасап, билік пен үстемдік құрылымдарын анықтаумен айналысады.

Р. Рорти (1931-...) өзінің «Философия және табиғат айнасы» еңбегінде субъект деп ажыратылатын дәстүрлі ақиқатты «ой мен зат арасындағы өзара бір жақты қатынас» ретінде түсіндіретін идеяны сынайды. Рорти контекстуализм позициясын ұстанады. Философтың пікірінше, контексте базистік құндылықтар болады және ол пайдалылық дәрежесін анықтайды. Оның ойынша, барлық нәрсе контекстуалды және кездейсоқ, сондықтан ешқандай да қатаң универсалды және қажетгі пікірлер мен нормалар өмір сүрмейді. Қазіргі кезде Рорти философиялық дистинкцияларды деконструкциялаумен айналысып, оларды экстремалды мәнге дейін жеткізуде, мәтіндерді деконструкциялау барысында өзіндік референциалдық қайшылықтарға жоламай, балама пікірлерге көбірек дәлелдер келтіруге тырысады.

Идеялардың мындаған жылдық құпиясын өз бойына жинақтаған философия тарихы бүгінгі таңда орасан зор мәнге ие болды. Өз ұлтының түп-тамырына, салт-санасына және ерекшелігіне назар сала бастаған жаңа тәуелсіз мемлекеттер үшін мұның маңызы ерекше зор. Жаңа мемлекеттің тарихи-қоғамдық аренасындағы орталық ұғымы «төлтумалылық», өзіндік болмыстылық. Бұл енді өзінің барлық мүшелерінің өмірлік доминанттарының жалпылығы және өзіне тән ерекшелігіне негізделген қоғамның дербестігін, сапалық айқындылығын білдіруге жұмсалыады. Бұл жерде қоғамдық тұрмыстың әр қырлары, қоғамдық сананың онтологиялық және гносеологиялық аспектілері, тіршіліктің қалыптасқан элементтері және дамудың ішкі бастаулары ажырамас бір салаға бірігеді. Әр түрлі философтар мен мәдениеттанушылар өзіндік болмыстың орны жайында ой түйе келіп, ол – тарихтың қозғаушы күштерінің бірі, мәдениеттің өміршеңдік өзегі, ғылымның мәдени өзегі, қоғам дамуының үдемелі қағидасы (динамикалық принципі) деген ұғым қалыптастырған.

Өзіндік болмыс ұғымына жақын тұрған ерекшелік ұғымы көбінесе салт пен дәстүрде, рухани мұра мен адамдардың мінез-құлықтарында басым қолданылады. Бұл ұғым қоғамның сапалық ерекшелігін көрсетуде белсенді түрде көрінеді. Бұның өзі жалпы адамзат айғағының экономикалық шындыққа қатысындағы үлкен рухани бағалы орнын жоққа шығарады. Шығыс қоғамдарының ерекшелігі тұрақты рухани мұраны әлеуметтік байлықпен тығыз бірлікте қарастырады. Осыдан біз индустриялық қоғамға қарсы бағытталған әлеуметтік қатынастардың түбегейлі өзгешелігін көреміз. Сондықтан да, рухани байлық бастауы «ерекшелік» ұғымының жүгін арқалап, шығыстың ойлау ерекшелігін айқындап тұр. Әйтсе де, бұдан бұлтартпас сұрақ туындайды. Экономикалық қатынастардың басты екені жайында батыста қалыптасқан жағдай шығыс елдеріндегі дамудың әмбебап бағыты болып табыла ма?

Азияттық өндіріс әдісі жайында және басқа да пікір таластар нәтижесінде шығыстық өркениеттің дербестік табиғатын, даму-

дың өзіндік бастауларына иелігін, осы себептер оның ерекшелігі мен өзгешелігін белгілегенін түсінеміз. Бұл Шығыс ғалымдарында жалпы батыстық бағыттардан өзгеше «эндогендік даму» – бағытын іздеу ұмтылыстарын туындатты. Бұған қоғам дамуын зерттеуде бұрынғы формациялық, яғни алғашқы қауымдық және құлдық қоғамнан феодализм арқылы капитализмге, социализмге өтеді деген жорамалдар мүлдем басқа, жаңа өркениетті қоғам дамуын зерттеу факторы да итермеледі.

Еуропалық әмбебаптылықтан бас тарту елеулі салдарға әкелді, ол қоғамның арғы-бергі түп тамырын зерттеуге, өткен мен бүгіннің бірлігін бағалауға, әрі уақыт пен кеңістік мәдениеттерінің ара-қатынасына негізделген. Шығыс әмбебаптылығының жаңа концепциялары белсенді сөз бола бастады. Мұның маңызды қорытындысы – әр кез шығыс халықтарының мәдениеттері арасынан тарихи және мазмұндық параллельдер (сәйкестік) тауып, Отан, патриотизм, эндогендік идеяларына негізделген ортақ бір мәдениет бар деушілерді біріктіру.

Өркениетті негіздерге жүгіну өркениеттілік ұғымына тереңірек үңілуді туындатады. Бүгінде оны жеке адамдар мен топтардың (материалдық) заттық және рухани аспектілерінің жалпы байланыстарына негізделген, уақыт пен кеңістікте бұлжымас орнықтылығы бар әлеуметтік өмірдің үлкен көлемді қалыптағы ұйымдастырушысы деген түсінік көпшіліктің мойындауына ие болды. Қоғамдық арақатынастардың рухани қалыптары ерекше мәнге ие болады. Мұның өзі жалпылық мәнге ие және қажетті жүйелік компоненттерде іске асады. Бұл өркениеттің әлеуметтік күштері арқылы оның тұтастығы құралады. Бұл өз көрінісін рухани байлықтардың, идеялардың, білімнің, бет-бағдардың, дәстүрдің, нормалар мен символдар бірлігінен табады. Тек өркениеттілік қоғам дамуындағы үйлесімділікті оның болашақпен байланысын қамтамасыз етеді, қоғамды өзінің ырғағына бағындырады. Бұл өз көрінісін әрқилы қалыптасу кезеңдерінен, өркендеуден, тоқыраудан табады. Осы негізде нағыз ұлттық қоғамдасу тек капитализмнің келуімен әлеуметтік мәдени жүйе болып қалыптасады деген формациялық көзқарастың жалғандығына көз жеткіземіз.

Көп жылдық айтыстар көрсеткендей, «азиялық өндіріс әдісі» батыстық экономикалық өлшеулерге бағынбайды. Сондықтан да

шығыстағы өркениет мүлдем батыстық емес қауымдасу әдісіне негізделген. Бұл бірінші кезекте адамдар арасындағы қатынастың базистілігіне қатысты, атап айтқанда, ол мәдени байлықтардың молдығынан, рухани реттеудің тұрақтылығынан көрінеді. Егер жекелеген қоғамдарды алып қарасак, ол жеке адамдар арасындағы қатынастардың фундаментализмімен сипатталады, экономикалық қатынастардан айқын байқалатындығымен ерекшеленеді. Бұл қоғамда жалпыға ортақ рухани байлықтар болады, ол қоғам мүшелерінің барлығы үшін бұлжымас мәнге ие. Бұл қоғам ерекше күшті рухани арақатынастармен байланысқан. Осы арда қатынастар табиғи бола отырып, өзіндік арақатынас құпияларын, тіл және әдіс коммуникациясын, сондай-ақ символ (таңба), трансляциясының (жарыққа шығару) қалпын құрайды. Өркениетті тұрғыдан келу қоғамның сапалы өзгешеліктерін бағалауға, оның рухани өнімінің ерекшелігіне, ондағы экономика мен саясатқа қарағанда, мәдениеттің үлкен орын алатындығын бағалауға мүмкіндік береді. Көзге көрінбес рухани байлықтар астаса, нығая келіп, шығыс өркениетінің бүкіл жиынтығын, оның батыстық индустриалдық қоғамнан түбегейлі ерекшелігін анықтайды.

Қазір өркениеттіліктің ортақ теориясы жоқ. Дегенмен, Шығыс қоғамдарын жүйе ретінде зерттеу үшін өркениеттілік мәні мен оның орнын сипаттауға мүмкіндік беретін жалпы көпшілік қабылдаған ұғымдар бар. Өркениетті бұл жағдайда аталмыш қоғамның бүкіл шекарасы (сферасы) мен өн бойын көктеп өтетін, мәдени қалыптардың барлығына қорек беріп, қоғамның рухани негізін құрап, бүтіндікті бекітетін белгілі бір механизм субстанция ретінде түсіндіріледі. Халықтың әртүрлі қауымы, оның ішінде қалалықтар немесе ауыл тұрғындары орталықта тұрса да, шеткері аймақты мекендесе де, белгілі бір мөлшерде сол қоғамға тән идеалдар мен байлықтарға кездесіп отырады. Бұлар сол қоғамда бола тұрып әруақытта болатын бүтінділік механизмімен бекітіледі. Бұл өркениеттегі ең бастысы – рухани өндірістің қолма-қол жүйесі, ол заттық (материалдық) өндіріс факторына қарағанда әлдеқайда мығым, орнықты. Бұл қоғамның өзіндік тұрмыс ерекшелігін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ондағы рухани эволюцияның ішкі бастауларын бөліп алып, ерекшеліктерін және қозғаушы күштерін табуға жол ашады. Яғ-

ни мәдениет проекциясына бой ұру оның базасында және соның өзіне тән құралдарының көмегімен тұрақты, өтпелі емес әлеуметтік мәдениет құрылымын, оның қайталанбас бояулары мен иірімдерін сақтай отырып, қалпын сол күйінде сақтап қалуға мүмкіндік береді.

Барлық дамушы тұтастықтардың модификацияларына қатысатын ортақ бастау іздеу мейлінше ертеден келе жатқан және тарихи есте сақталып қалған, адамдар арасындағы өзара қатынастарды нығайтудың тәртібі болып шығады.

Бұл жеке адамдар арасындағы қатынас тәртібі қоғамның «айқындаушы ұйытқысы» бола тұрып, ұзақ уақыт аралығында күрделі эволюцияға ұшырайды. Бірақ, өзінің бастағы мәнін, «айқындаушы ұйытқысын» сақтап қалады, сондықтан барлық рухани өндіріске және қоғамдық қатынастарға ғасырлар бойы ұйымдастырушы басшылық ықпалын тигізеді. Батыстағы ақшатауарлық қатынас орнын бұл жерде жеке адамдар арасындағы қатынас басады, ол сананың негізгі заңдылығы ретінде бой көрсетеді. Дәстүрлі Шығыс қоғамдарындағы рулық, туыстық байланыстардың мәні осымен түсіндіріледі. Бұл осы уақытқа дейін сақталған әртүрлі идеологиялық бұрмалауларға соқтырып отырады.

Өркениеттің рухани аспектісінің көлемді болғаны соншама оның Шығыс қоғамындағы орны Батысқа қарағанда мүлдем өзгеше. Ал бұның өзі қоғамның экономикалық, саяси бейнелерінің (ракурстерінің) тарихи есінде сақталуымен ерекшеленеді. Ол әрқашан тарихи тәжірибені шыңдауға мүмкіндік береді, қоғам жүгінерлік прецеденттер қалыптастырады, мәдени мұраның жүрек соғысы болып табылады.

Осы негізде Шығыс өркениет батыстың өмір сүру үлгісіне конфронтациялық қатынасын қалыптастырады. Шығыс қоғамдарының дербестік және тәуелсіздік шегін белгілейді. Ол таза рухани аспектіге ұласады және шығыс мәдениетінің, өзіндік тұрмыстық, автономдық принциптердің негізінде халықаралық құқықтық жүйеленуіне белсенді әсер етіп, халықаралық және ұлттық қауымдастықтардың әрекет ережесі болып қалыптасады.

Қазір өркениетті даму концепциясына үлкен үміт артылып отыр. Бұл дүниетанымдық теориялардың евроцентристік түрінің жалпы әлемдік әмбебаптылыққа ие болмағандылығына бай-

ланысты келіп тірелген тұйық. Даму түрінің көпқабаттылығы идеясы, эволюция жолдарының плюрализмі, яғни өркениет Шығыста да Батыстағыдай әрқилы жолдармен жүреді делінеді. Бұл алшақтық стереотиптерден алыстау қоғам дамуының әртүрлі қарқынынан хабар береді. Яғни, бұл мәдениеті мен философиясында өз көрінісін тапқан, дербес қайталанбас өз тарихы бар Шығыс қоғамын көрсетеді.

Бұрынғы әлемдік философия тарихының қазіргі мәселе қою жағдайынан өзгешелігі сол, онда еуроцентризм үстемдік алды. Ол Батыстағы шешімді асырып жіберіп, Шығыс философиясын теріс бағалады. Бұған сенсек, Шығыста барлық уақытта бір түрлі философия өмір сүрген. Оның негізгі белгілері – пессимизм, иррационализм, идеализм. Отаршылдықтың көптеген ғасырлары Шығыс ойларының пессимистілігі, инерттілігі делінетін менсінбей қараушылықпен белгілі. Бұл Гегель концепциясында тіркелген, онда Батыс философиясы Шығыс философиясынан әлдеқайда жоғары бағаланған. Бір жағынан, Шығыс тұрғындары отаршылдыққа қарсы күрес барысында «мәдени империализммен» әр түрлі күрес тәсілдерін тапты. Бұл Шығыс ұлтшылдығының әртүрлі қалыптарында жалпыланды.

Шығыс философиясына үңіле зер салсақ, оның ешқашан жалпы болмағандығын, ең аз дегенде, үш дербес бағытта, үнді, қытай, араб мұсылман болып дамығандығын көреміз (Степаняц М.Т. Своеобразие типов восточного философствования // Вопросы философии. 1987. № 6. С. 158).

Сондай-ақ рационализмнің, материализмнің, активизмнің, экстраверттіліктің, тағы да басқа бағыттардың әртүрлі қалыптары Шығыста өмір сүргендігі белгілі. Шығыс философиясының ерекшелігінің өзі – қатып қалған, қатаң бұлжымас философия түрлерінің болмауында. Сондықтан да, жаңа европалық ойлау әдісінен шығатын өлшемдерді қолдану дұрыс емес.

Егер мейлінше жалпылай қарасақ, философия адамзат мәдениетінің, оның дүниетанымдық әмбебаптылығының түпкі негізінің рефлексиясы. Бұған бақсақ, философия адамдар үшін міндетті емес, тек оның тіршілігін қалыптастыратын, әмбебап дүниетанушылық қана қажеттілік екендігі белгілі. Философия тек мәдениеттің күйзелу кезеңдерінде ғана қажет. Ол кезде мөлдір, айқын даналық әдістері қажет болады. Ал дәстүрлі салыс-

тырмалы түрде жай дамитын мәдениетке тура философиялық емес қалыптағы даналықтың өзі керек.

Бұл әдіс Шығысқа тән, өйткені даналық бұл жерде орта ғасырларда туындап, оның кәсіпқой философия ретінде қалыптасқан университеттік түрі болмады. Сондай-ақ рационалдық бағыттағы даналықтың басқа да түрлері кездеспейді. Философия мәдениеттің дүниетанымдық негіздерін толғағанда жаңа мәндерді дүниеге әкелетіні белгілі. Бұл әмбебапшылықты бейсаналықтан суыртпақтайды, оларды ой елегінен өткізіп, «философем» қабатын, яғни философиялық ұғымдар мен категорияларды түзеді. Бірақ, Шығыста философиялық емес қабаттардың басымдығына байланысты бұл ұғымдар (текстердің) көркем және діни мәндегі әдебиеттердің дәстүрлі түрлерінде малтығып қалады. Бұл философиялық дүниенің зерттелуін әлеуметтік мәдени (контексте) мәнде құруға мәжбүр етеді. Дүниетанымдық бағыттағы мұралардан «философемді» жіктеп алуға көбірек күш жұмсауды қажет етеді.

Қазақ қоғамы үшін философиялық емес қалыптағы даналық тән. Ол адам тіршілігін қалыптастыратын дүниетанымдық әмбебаптылық дәрежесінде қолданылады. Сондықтан да шығыс «философемі» дәстүрлі көркем және діни әдебиеттерде малтығып, философия тарихшыларын философиялық жүйені әлеуметтік аспектіде зерттеуге, дүниетанымдық бағыттағы текстерді тануға итермелейді.

Мемлекет негізі әлсіз болған сайын табиғи ортаның этникалық қауымдастыққа ықпал ететіні белгілі. Ал қазақтың ата тектерінде және қазақтарда да мемлекеттіліктің тарихи жағынан әлсіз болғаны белгілі. Табиғат әрқашан Қазақстан тұрғындары үшін абсолюттік және мәңгілік дүние бастауы, бірден бір ақиқат болды. Ол өздігінен жаратылған, тіршілік етудің имманенттік себептері мен факторларының, белсенділік пен эволюцияның негіздері болды. Адамдарға алғашында табиғат заңдарына мойынсұнып қалтқысыз бағыну ғана қалды. Оның себептерін түсініп және соған өз болмысын құрып, табиғат катаклизмаларынан қашқақтап отырды. Табиғат бұл жерде адамдарға тұрмыстың формалары мен әдістерін, көшпенділіктің немесе егіншіліктің таңдауларын белгілеп беретін ғалам ретінде көрінеді.

Көне заманда адамдарды күн сайын рудың немесе тайпаның дүниетанымдық ұстанымына адалдығын дәлелдеп отыруға мәжбүр етті, өйткені тіршілік етудің ауыр және қатал жағдайлары руластардың әлеуметтік бағдар мен салттардан бұлтаруына жол бермеді, әйтпесе оларға рудан аластауы, көп жағдайда мұның арты өлімге апарып соқтыратын еді. Дүниені сезіну айқындала түсті, дүниені түсіну айқын әрекеттерге итермеледі, дүниетаным нақты жағдайдан туатын, шын айқын болды. Табиғат дүниенің аяқталған қалыпты жағдайы, ал адам табиғаттың бір бөлшегі ғана болды.

Алайда, адамзат баласының даму эволюциясының нәтижесінде еңбектің практикалық және жаңғыртушылық қызметі бірте-бірте түсінікті бола түсті, сөйтіп табиғи ортаны адам қажетіне бейімдеп, қайта жаңғырту жүзеге асырылды. Егіншілік пайда болды, жинаушылық бау-бақша өсіруге айналды. Үй малдарына шөп шабу іске асады. Табиғи ортаны бейімдеуден адамдар оны өндеуге ауысады. Оның енді бір формасы аңдарды қолға үйрету болды. Жабайы жылқыны қолға үйрету жабайы мал өсіру мен көшпенділікке жол ашты. Бұл сол заманда прогрестік құбылыс болды.

Табиғи ортаны өзгертудің пайда болуы философиялық көзқараста адамның айқын мақсатты қызметін, мақсат қою факторын өмірге келтірді. Мұның өзі адамның табиғаттан бөлініп дербес (мән) тіршілік иесі болып қалыптасуының алғышарты еді. Адамның мақсаткерлік қызметі объективтік процестің шешуші формасы болып табылады. Біртұтас, бірақ қарама-қайшылықты процесте ол табиғи заңдылық және адамдардың мақсаткерлік қызметі ретінде көрініс тапты. Тұтас дүние қалпы енді үнемі адамдардың мақсатты қызметімен, оның «табиғи бөлшегі» емес, оның әміршісі, өзгертушісі болуға ұмтылған әрекеті нәтижесінде бұзыла бастады. Әзірге мұнда ешқандай оғаштық жоқ еді, бірақ көп ғасырлардан кейін бұл әрекет экологиялық және антропологиялық дағдарысқа әкеп соқтырды.

Табиғат әлемі адамдардың мақсаткерлік қызметінің барысында адам әлеміне айналады. Енді қажеттіліктің «темірдей ерік-жігерін» талап ететін табиғи заңдылықтар емес, адамдардың ерікті қызметі шешуші рөл атқарды. Олар сыртқы жағдай-

лардың детерминациясы сияқты емес, бостандық заңы бойынша әрекет етті.

Мүліктік теңсіздікке негізделген қоғамдық құрылыстың ұйымдасуы материалдық өндіріс процесінде танымдық баға беру жағдайларының енгенін көрсетеді. Осының өзі жалпы алғанда кейіннен тіршілік етудің дүниетанымдық бағдарына жеткізеді. Қоғамдық санада олардың өзі-ақ әлеуметтік мінез-құлықтың нормалары, салты, дағдысы ретінде қалыптасады да, адамдардың қауымдастығының, сондай-ақ қазақтың арғы тегінің де өмір сүруін реттеп отырды.

Бұл жердегі көзделген мақсат жартылай көшпенді мал өсірудің өндірістік қатынастары қазақтың ата тегінің дүниетанымдық бағдарының қалыптасуына қалай әсер еткенін өткізу немесе адамдардың өндірістік қызметі «нақты тұрмыс жағдайымен» қалай байланысты болғанын білу. Ал кез келген қоғамда тұтыну үшін ұдайы өндіруге тиіс, бұл әрбір қоғамдық құрылыс үшін де, сондай-ақ қазақтың арғы тегі өмір сүрген қоғам үшін де бұлжымас заң болып табылады. Қандай да болмасын өндіріс процесіндегі қоғамдық форма барлық жағдайда үздіксіз болу керек, яғни барлығы да мезгіл-мезгіл қайталап сол кезеңде өтуге тиіс. Қоғам тұтынуды тоқтата алмайтыны сияқты, өндірісті де тоқтата алмайды. Сондықтан да өндірістің кез-келген қоғамдық процесі өзінің жаңғыруының тұрақты байланыста және үздіксіз тасқынында бола отырып, сонымен бірге ол ұдайы өндіріс процесі де болып табылады. Көптеген ғасырлық шежіресі бар, ал Қазақстанда осы күнге дейін өмір сүріп отырған жартылай көшпенді мал өсіру кәсібі осы халықтың өмір сүруінің аса терең тамырларына нәр береді. Мұның өзі болмыс принциптері мен адам баласы жасаған игіліктерге келіп қосылады. Оның үстіне бұл игіліктер ежелден келе жатқандығы сонша, олар адамға нәресте күнінен қанына сіңген қасиет, сондықтан да көбінесе санасыз әрекеттерге барғанымен, оның түпкі мәнін түсіне алады. Бұл адам санасында жиі кездесетін, қанында бар, туа біткен және атадан қалған мінез-құлықтың формалары, оларды жеке адамның өзі, өмірі арқылы түсіндіруге болмайды. Бұл дүниедегі барлық заттардың өз тарихы бар, яғни ақыл-ойдың да өз тарихы болуға тиіс. Оған адамның антогендік сатыдағы санасы даму кезеңге жол салады. Дамудың бұл сатыларында дамудың

нақ сол филогенетикалық тұрақтылығы жасалады, бұған адамның ақыл – есі болған; өзінің қатысы болмайды, бірақ қайта жаңғыртып отырады. Басқаша айтқанда, баланың өзіндік даму барысында оның арғы тегінің филогенетикалық сатылары қайта жаңғырады. Бұл тәрбие барысында жүзеге асады, сонан соң санасыз түйсік құрамына кіреді де санаға әсер етеді. Яғни психика мен сана екеуі екі басқа нәрсе. Оның құрамында сонымен қатар адамның өмір сүруіне ықпал ететін үлкен санасыздық бөлігі бар болып шықты.

Бұл архаистік (көненің) қалдықтар (З.Фрейд) адам психикасының ескі бөлігі және «коллективтік бейнелер» аңыздық тақырыптар арқылы оның негізін құрайды. Неліктен бұдан екі мың жыл бұрын өмір сахнасынан кеткен мифтер үнемі жаңғырып отырады және бұл құбылыс бүгінде де неге біздің санамызда белсенділігін сақтап қалған деген сұраққа жауап іздесе, ол мынадай болмақ. Мифтер адамның ойлау аппараттарында үнемі базистік білім ретінде қатысып отырады. Кейіннен бұл архаистік қалдықтар психикалық талдаудың басқа мектептерінде мифологиялық бейнелер мен тақырыптардың саналы көрінісі болып табылатын архетиптер немесе прообраздар ретінде танылады. Мындаған жылдарға созылған жартылай көшпенді мал өсіру кәсібі, оның батыр, ат, көш, киіз үй, алыс елдер, замана, көш-қоныс кеңістігі, жылы оңтүстік аймағы, «сарғая күткен қалыңдық» тағы да басқа көптеген тақырыптары тек қана тікелей өндірістік қатынастардың ықпалымен ғана емес, қоғамдық мәдениеттің болуымен, яғни белгілі бір тіршілік салтының әсерінен пайда болады.

Қазақтың ата тегінің болмыс шындығына тікелей жақын болуы – олардың бақылайтын, қабылданатын, дүниеге сезімдік тұрғыдан жақын болуы, бұл болмыспен тамырластығы уақытты, кеңістікті, адамның ішкі дүниесі, тіршілік етудің басқа да жақтарын, болмыс мәнін, ар-ождан бастауларын түсінуінен өз көрнісін тапты. Мұның бәрінің нақты өмірде нақты түп тамыры бар, осыдан келіп басқа ешбір дүние түсінігімен шатыстыруға болмайтын дүниенің ұлттық образы, дүниетанымы пайда болады.

Қазақтың ата тегінің мәдениетіне назар аудару ондағы этностың менталитеті ұғымын түсінуге мүмкіндік береді. Яғни,

бұдан қоғам мүшелерінің барлығына қатысты және индивидуалдық деңгейде көрінетін қоғамда ұжымды түрде қалыптасатын ойлау және психика құрылымын ұғынамыз. Мәдениеттің бұл «ферменті» әрбір адамның әлеуметтік мінез құлқында шешуші рөл атқарады. Өйткені ол оның санасында орныққандықтан оған қоғамдық қозғалыстың жолын айқындайды, сан қилы өмір сәттеріне бағдар береді, ең бастысы барлық объективті мүмкіндіктердің ішінен өз қалауын таңдауға жөн сілтейді. Егер түйсік дәрежесіндегі қалау архетиптік қалыптың базасында жүзеге асып, инстинктер импульстерде көрініс тапса, ал менталитет «ғылыми мінез-құлық» пен әдет-ғұрыптардың жиынтығы негізінде бағдар таңдауы талап етеді, бұларды тәрбие мен білім беру т.б. арқылы коллектив береді.

Адамдардың материалдық-өндірістік қызметі процесінде танымдық қатынас практикалық тіршілік ету қызметінің мұраты ретінде көрінеді. Қоғамдық өндіріс процесінің өзінде адамның мақсаттары мен қажеттілігі, қызметтің заты, құралдары мен нәтижелері туралы ұғым пайда болады. Сондықтан сапа өз бойына тікелей материалдық өндіріс саласымен тікелей байланысты және материалдық мәдениет ескерткіштерінде өз ізін қалдырған өзіндік болмыс категориясы болып табылады.

Қазақстан аймағындағы алғашқы адамдар, тас дәуірінен бастап еңбек құралын сапасына қарай таңдады, осыдан сезімге негізделген заттың әрекет процесі басталды. Көне адам Қаратау жотасының салаларына орналасты; мұны шелль-ашель дәуірінің ескерткіштерінен көреміз. Бұл жерде көне кремниден жасалған ежелгі тас құралдары табылды. Одан бас жағының жартысы соғатын шүйде етіп жасалған шоқпардың нобайын байқаймыз. Бұдан кейін пайда болған шоқпардың немесе сойылдың белгісін көреміз. Көне екі қырлы шабу құралы-қырғыш, өткір ұштықтар табылған. Бұдан кейінгі ашель-мустьерлік кезеңде құралдар күрделіленіп бизонға, бөкенге, марал мен тарпанды аулауға қолданылатын түрге енді. Кремниден жасалған құралдармен қатар халцедон пайдаланылады. Өндіріс қызметінің нәтижесінде тастың сапасы да өзгере бастайды. Тас құралдарды өңдеу үшін сүргіш және жоңғыш ретінде сүйек пен мүйізден жасалған құралдар пайдаланыла бастады. Заттың жаңа қасиеттері мен сапасын анықтау, оны адамның заттық қызметіне тартудың негізгі жолы

болды. Тас құралдарды одан әрі дамыту, оның сапасын жетілдіру жолымен жүзеге асырылды.

Тас құралдар уақыт өте келе өзінің сапасы жағынан дамып отырған өндірісті қанағаттандыра алмады. Сөйтіп мыстың және қалайының қорытпасын, қорғасын, мырыш қосып дайындалған қоланы еңбек құралдарын, аңшы қаруларын жасаудың негізгі шикізаты ретінде пайдалану кең тарады. Тас шапқыштардан әдемі де берік металлға көшуден қазақтың ата тегінің де сапалық артықшылықтарды пайдалануда алғашқы бастаушы болғанын көреміз.

Қола дәуірі барлық халықтар арасынан бақташы тайпалардың бөліну және алғашқы ірі қоғамдық еңбек бөлінісінің болу тарихымен байланысты. Бұл бірден материалдық мәдениеттің дамуында қозғаушы күш болды. Тері шалбарлар пайда болды. Ал, көрші халықтар мұны тез-ақ қабылдап алды. Ауыздықтың, айыл, құйысқан, ер-тоқым, найза, жебе ұштарының қажеттілігі металлургия мен тау кен өндірісінің жедел дамуын туғызды. Қоғамның неғұрлым сапалы өндіріс құралдарына және қару-жараққа зәрулігі Жезқазғанда, кенді Алтайда, Қаршығада, Жалтырда, Ащылыда, Ұратөбеде-мыс; Атасуда, Қалбада, Нарымда – қалайы; Степнякта, Қазаншұңқырда, Балажалда, Ақжалда, Далбада, Майқапшағайда, Ақабекте – алтын өндірісін дамытты.

Қоланың сапасы еңбек құралдары мен қару-жарақ жасауға ғана емес, сондай-ақ тұрмыс заттары мен әшекейлік заттарды дайындауға да мүмкіндік берді. Мұның өзі құю, нақыштау, жылтырлау, майдалау заттарды әрлеу өнерін көркемдікке жеткізді. Әйткенмен біраз уақыттан кейін Қазақстанның байырғы тұрғындарын қоланың сапалық қасиеттері қанағаттандырмады және солақ дәуірінде жалпы адамзат баласы дамуында революциялық рөл атқарған аса маңызды шикізат темірге көшті. Темір құю өндірісі қызыл және қоңыр темір рудаларын қорытудан басталды. Өндірілген шойын мен темір ат әбзелдерін, қару-жарақ, тұрмыс саймандарын дайындауға кеңінен пайдаланылды. Акинак пен пышақ дайындауда темір қоланы тез арада ығыстырып шығарды.

Ғұндардың өзі заттары мен тіршілік иелеріне сапа тұрғысынан қарады. Мейлінше күшті, күтім тілемейтін, алыс жо-

рықтарға төзімді асыл тұқымды жылқыларды өсіргенді дұрыс көрді. Тайпа көсемін, оның сапалық қасиеттерін бағалай отырып, сайлады. Оның қасиеттері неғұрлым күштілігімен, айлалығымен және көргендігімен бағаланды. Мұндай сапалық қатынас мынадан да көрінеді. «Күштілері айлалы және дәмдіні жейді, қартайғандары солардың қалдықтарымен тамақтанады. Жастар мен мықтыларды сыйлайды, қариялар мен әлсіздерге құрмет аз» (Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. М., 1950. Т. 1. С. 40).

Жауынгердің қылыш шабу өнері-жауынгерлік сапаның шығу формасы болды. Жігіттің сапасы ретінде батыр таңдап алынды. Халық тарихында оның орнының зор екендігі белгілі. Оның өз басына тән сапасы мен қасиеті, ерлігі мен қаһармандығы, өрлігі мен өжеттігі ерекше мәнге ие болды. Мұның халықтың қалыптасуында орасан зор мәні болғандығы сондай, басқаларда, тіпті көршілес халықтарда да батырлардың, бахадүрлердің маңызы зор болғанымен, батырлар қоғамдық мәнділігі жағынан қазақ қауымындағыдай дәрежеге жете алмады. Бұл мекендеген аймақтың кең байтақ кеңдігі мен оны қорғап сақтау қажеттігінен, қорғаныс факторының маңыздылығымен байланысты.

Қабанбай және Бөгенбайдың, Наурызбай және Сыпатайдың, Малайсары мен Тайлақтың, Жәнібек пен Өтегеннің, Саурық пен Әбілқайырдың, Құлашбек пен Естербектің, Баян мен Таукеннің, Бұхарбай мен Ағыбайдың және басқа көптеген батырлардың, қазақ халқының есінде сөнбес ерліктің үлгісі ретінде қалып, ерлік бейнелері батырлық эпостарда көрініс тапты. Бұл батырлық дәрежеге жетіп, қол бастап қана емес рулар мен тайпаларды аузына қаратып, билік айтқан жігіт сапасының қандай мәнге ие болғандығын көрсетеді. Жоңғарлармен болған Аңырақай шайқасы ерлікпен қолбасшылық таланттың жарқын үлгісі болғанын Кіші жүз ханы Әбілхайырдың абырой – атағының бастауы болғандығын айтса да жеткілікті.

Тарихи деректер көрсеткендей, Жетісу қазақтарының арғы тегі асыл тұқымды жылқылар өсірді. Бұл көршілес елдерде, әсіресе Қытайда қызу қанды жүйрік тұлпарлар ретінде аса жоғары бағаланды. Үйсін жылқылары, теңлік қорғанынан табылған алтын (пластинка) тақташада бейнеленгендей ірі және биік, бұлшық етті, басы үлкен жалы мен құйрығы өрілген немесе күзел-

ген. Олар, әрине, Персеполь рельефіндегі және Петров коллекциясындағы Сібірден табылған алтын тақташада бейнеленген сақ жылқысына ұқсайды. Бұл жылқылардың құндылығы сондай, олармен бекзада қалыңдықтардың, хан қыздарының қалыңмалын берген. Бұл уақытта Изюцюань бекеттер мен бекіністерді Юймыняға дейін қойды. Үйсін 1000 бас жылқыны ханшаның қалыңына айдатты. Хан сарайынан император тегінен Цзян ду есімді ханшаны ұзатты. Сапаны айқындаудағы осы дағды қазақтарда осы күнге дейін сақталған.

Сан ұғымы – заттарды есепке алуды қалыптастырумен, жетілдірумен, оларды өлшеумен, объектілерге әртүрлі сандық сипаттамалар белгілеу жолымен пайда болады. Былай айтылады: «Үйсіндерде жылқы көп, олардың ең бай адамдары төртбес мың жылқы иеленді» (Китайские известия о народах Южной Сибири, Центральной Азии и Дальнего Востока. М., 1961. С. 120). Мал өсірудің дамуы сандық айқындылықты дүниеге әкеледі. Санның онтологиялық сипаттамасы барлық кезде кеңістік пен уақыт болды. Сандық қатынастар алғашында өлшеу барысында жіктеледі. Бұл бірден-ақ сезімдік құрметке пайдаланылды, яғни мал басын түгендеуде, өзен жағалауларындағы, аңғарларындағы егін салынатын жерлерді бөліскенде қолданылды.

Қазақтың ата тегінің еңбекқорлық қызметі кеңістік ұғымының дамуына алып келді, яғни мың шақырымнан астам көш жолдары талай ай мен күнге созылғандықтан кеңістік ұғымы пайда болды. Тіптен күндік көш жолы, біркөш, сондай-ақ қозы көш, апталық көш, т.б. қашықтық мөлшері белгіленді. Қыстаулар мен отырықшы мекендерде нақты белгіленген, арықтармен бөлінген, отбасы мүшелерінің санына байланысты 60-150 шаршы метрден бөлінген жер иеліктері болды. Бұл кеңістікті геометриялық игеру мен оны өлшеу қызметін, сондай-ақ суармалы жердегі егістің тиімді көлемін көрсетеді. Ал енді тәлім егістер, зерттеу жұмыстары көрсеткендей, әлдеқайда көп мөлшерде игерілді. Өйткені бұл жерлер онша құнды болмады, тәуекел жағы басымырақ болды (тәуекелді егіншілік аймағы). Сондықтан, сан ұғымы мал өсіру мен егіншілік процестерінде қатар қалыптасты. Бұл қазақтың ата тегінде бірыңғай таңбалы жүйе болғандығын көрсетеді. Мұнда адамдардың әлеуметтік тәжірибесінің коды тіркеледі. Қарапайым санау операциясынан

бастап, санның негізгі субкатегориялары – сан, шама, құрылым т.б. қалыптаса бастады.

Тауар өндірісінің дамуы, ақшаның пайда болуы өмірді сандық тұрғыдан игерудің жолындағы маңызды кезең болды. Қазақтың ата тегіндегі өндірістің әртүрлі формалары – мал өсіру, егіншілік, бағбандық, бакша өсіру – отырықшы және көшпенді халықтар арасында сауда қатынасының кең қанат жаюына жағдай жасады. Яғни, мал өсіру мен егіншілік тауарларына сандық арақатынас белгіленді. Қоғамның өз ішіндегі саудасаттықтың кең таралуы, көршілес елдермен айырбас үшін оның мәні, Ұлы Жібек жолының, Еуропа мен Қытай аралығындағы керуен жолдарының болуы – сандық айқындылықты жоғары орынға қойды.

Іс жүзіндегі арифметиканың қажеттілігі саудадағыдай сияқты соғыс ісінде де қажет болады. Қытай жылнамашылары былай деп жазады: «Үйсін басы шабылғаны бар, әскери тұтқыны бар, 40000 жауды қолға түсіріп, жылқылар, бұқалар мен қошқарларды, есектерді, түйелерді 700000 бастан астамын олжалап, тұтқындарды айдап, өз елдеріне қайтып келді» (Кюнер Н.В. Китайские известия. 82-бет). Әскери қажеттіліктер, қол жинаудағы, контрибуция және олардың төленуі сандық көрсеткіштердің қолдануы аясын кеңейтуді қажет етті. Әйтсе де сандық ұғымдардың негізгі қолдану аясы – сауда мен айырбас болды. Бұл жеке меншіктің шығуымен байланысты одан ары дамыды, ал оның қазақтың арғы тегінде ежелден келе жатқаны күмән туғызбайды. Жеке меншіктің пайда болуына орай байлық, ру басылары иелігіндегі жылқы санымен өлшене бастады. Адамдар асқан байларға (4–5 мың жылқы), орташа байларға (1-2 мың жылқы) және аздаған малы бар қатардағыларға бөлінді. Жеке меншік өлшемінің осы тенденциясы ХХ ғасырдың басына дейін қолданылды. Жекелеген феодалдардың жеке меншігіндегі жылқы саны 17-18 мың болды.

Сезімдік-заттық қызмет барысында малшы мен диқаншы күнделікті кездесіп отыратын бастау сандық шамалар пайда болды. Олар жылқы саны мен игерілетін жер көлемі. Тіпті ежелгі түріктердің өзінде-ақ санның бір формасы ретінде кеңістік пайда болады, ол көлем өлшемінің көрінісі ретінде ғана емес, сонымен қатар көші-қон кеңістігі ретінде үлкен маңызға ие бол-

ды. Көшпенділердің шығыстан батысқа дәстүрлі түрде жылжуына, сонымен қатар олар күнді құдірет тұтуына байланысты шығыстың олар үшін қадір-қасиеті басым болды, жердің басқа бөліктері оған тәуелді деңгейде тұрды, көшпенділіктің дамып өркендеуіне байланысты бұл шығыс ырымын онша ұстана бермейтін болды. Мұны киіз үйдің есігінің орналасуынан көруге болады. Алғашында ол шығысқа бағытталатын, ал кейіннен орналасқан жердің бедеріне тәуелді болды. Иакинф былай деп жазды: «Тұрақты мекен-жайы жоқ, бірақ әркімнің өз жер иелігі бар (жайылым болса керек). Хан әрқашан Дугинь тауын жайлайды. Оның ордасына шығыстан кіреді, елге күн нұрының шапағы төгілетін жақтан» (Бичурин Н.Я. Собрание сведений ... Т. 1. С. 230).

Кеңістік бағдары қазақтары ататегі мен ежелгі түріктердің басқа халықтардан ерекшелігін үйлерінің есігі шығысқа қаруынан-ақ байқауға болады. Ғұндар жайлы да былай делінген: «шаньюй ертемен қосынан (лагерь) күнге табыну үшін, кешке айға табыну үшін шығады. Ол жүзін сол жаққа солтүстікке беріп отырады» (Бичурин Н.Я. Б. 50). Ғұндардан қалған бұл дәстүр түріктерге ауысты. Бұл ғұндардың алғашқы түріктер екендігі жайлы болжамды қуаттайды. Киіз үйлерінің есігі әрқашан оңтүстікке ашылған моңғолдардан айырмашылығы осында.

Бір қызық жәйт, моңғол қазақтарының киіз үйінің есігі осы жергілікті тұрғындардың үйі сияқты оңтүстікке қарайды, ал түндігі түрік дәстүріндегідей шығысқа қарайды.

Таным бағдарында шығысты құрмет тұту ежелгі тас балбалдардан да көрінеді. Түріктердің ежелгі молаларының барлығының жүзі шығысқа қаратылады. Тіптен көне түрік тілінде шығыс алдыңғы жақ, батыс – арқа бет, ал оңтүстік – оң, солтүстік сол жақ болып есептеледі. Күлтегін ескерткішінде былай делінеді: «Ілгері – күншығысқа, оңға – түстікке, кейін – батысқа, солға – терістікке» (Малов С.Е. Памятники древней тюркской письменности. Б. 27). Әйткенмен көшпенділіктің дамуымен бұл бағдар өз мәнін жоғалта бастады. Егер есік пен түндіктің шығысқа бағытталуы күннің алғашқы сәулелерін сезінуге мүмкіндік берсе, ал бұдан кейін күн сәулесінің шаңырақ шеңберін бойлай жылжуы және уықтар ерекше бір уақыт өлшеуші сағат ретінде қызмет атқарады. Ал бұл кеңістікте орналасудың қатаң

тәртібін жасады. Тек кейіннен басқа мекендерге көшкенде түріктің ата-тектері есікті еркін, желдің ығына, киіз үйлерінің алдын кең көріп отыратындай етіп тігетін болды. Қазақтардың өздерінің басым бөлігі киіз үйдің есігін оңтүстік-шығысқа қаратып тікті. Бұл солтүстіктен батысқа бағытталған желдің әсеріне, табиғаттың жағдайларына байланысты болды. Киіз үйдің есігі мен оның орналасуы киіз үйді тігуді есіктен бастаумен түсіндіріледі (Маргулан А.Х. Казахская юрта и ее убранство. А., 1964). Киіз үйге егжей-тегжейлі тоқталуымыздың себебі, ол байырғы заманнан көшпенділердің дәстүрлі тұрақ-жайы, өзіндік ерекшеліктерімен осы күнге дейін сақталды. Сондай-ақ көшпенділікке мейлінше жақындылығы тұрғысынан әлем бітімінің үлгісі болды.

Киіз үйдің неғұрлым кейінгі түрлерінде айтарлықтай дәрежеде шындық пен символдың бірлігі жоғалған. Сондықтан да өн бойында, жарық сәулесіне бет-бағдар алуында, ішкі жасау-жиһаздардың жиналуында күнделікті пайдаланылуы мен отбасы мүшелерінің орындарының белгіленуі және т.б. өн бойына маңызды сипат сыйғызған киіз үйдің алғашқы формаларын зерттеу ерекше маңызды. Киіз үйді зерттеу, оның әлемнің үлгісі ретінде көшпенді үшін жоғарыдан төңкеріліп, адамды өзінің ішіне енгізетін көк күмбезін құрайтынын көреміз. Бұл киіз үйдің мәнін жаңа қырынан аша түседі. Материалдық және рухани салттар мен дәстүрлердің бірлігінің жарқын үлгісі болған киіз үй бұл тұрғыда шындықтың, символдың және оны пайдаланудың бірлігі ретінде көрініс тапқан. Мұны тұрғындардың өзі көбіне мойындай бермейді немесе осы үшбұрыштың бір қырын ғана мойындап, басқаларын жокқа шығарады. Киіз үй кеңістігі жайлы ой елегінен өткізе отырып, оны көп ғасырлық тәжірибелік саралаудан өткен шығармашылық еңбектің нәтижесі ретінде, көшуге аса қолайлы тұрақ-жай ретінде бағалауға болады. Оның беріктігі, құрылысының сәулеттілігі мен нықтылығы, ағаш сүйегі мен туырлығы, үзігі, оның жасау-жиһазының әсемдігі мен үйлесімді бояуы, жабдығы, тоқыма бұйымдары киіз және басқұр баулардағы, ағаш, тері және басқа да заттардағы кесте, ою-өрнегі – шығармашылық туынды ретінде айтуға тұрарлық.

Бізді киіз үй кеңістігі қызықтырады, бұл тұрғыда оны ежелгі грек ғарышына ұқсатуға болады. Грек ғарышы сұлулық заңды-

лығы бойынша салынған, сондықтан да ол кеңістіктің артықша нүктелері арқылы қиыстырылған. Дәл сол әлем жаратылысының жемісі табиғатпен біте қайнасқан жер мен көк, су мен от, жоғары мен төмен сияқты киіз үй кеңістігі жасанды және хас шеберлікпен жасалынған табиғаттың бір бөлшегі іспеттес. Киіз үйдегі ең сыйлы орын төр болған. Қатаң түрде әйел және еркек болып бөлінеді. Осыған сай еркек жақта Радлов жазғандай «ер адам қолданылатын заттардың барлығы ілініп тұр: мылтық, оқшантай, жүген, белбеу, ат әбзелдері, ертоқым, жүк ершіктері, камшылар т.б. Ал төсектің оң жағында әйелге тән бұйымдар орналасқан. Әйелдердің ер-тұрманы, содан соң есікке жақын шаруашылық жабдықтары мен ыдыс-аяқтар».

Бұл кеңістіктегі барлық жасаулар мен орындар белгіленіп қойылған. Бұл тұрғындар мен қонақтарға ырымдық тежеулер мен шектеулер жасайды. Мәселен, табалдырықты басу отағасын қорлау, сыйламау болып саналады. Қонақтарға ошақты айнала күн жолына ұқсас сағат тіліне қарсы жүруге тыйым салынады. Көне түріктерде мынадай салт болған: «Ханды көтеріп таққа отырғызғанда жақын билер мен бектер ақ киізге отырғызып күн бағытымен тоғыз рет айналдырады. Әр айналдырғанда ел басшылары тағзым етеді. Бірақ әйел адамдарға үйдің артымен шығуға рұқсат етіледі. Өйткені оларға құрметті жақтан, төрден, ошақ пен қонақ арасынан жүруге рұқсат етілмеді».

Ортадағы ошақ барлық көшпелі елдерде құрметке ие болды, қасиетті орын деп саналады. Отағасының қаза болуы немесе ұрпақтың болмауы, от басының құруы – ошақтың сөнуі, ұрпақ – түтін түзетуші деген ұғымдар қолданылуы бекер емес. Оған түкіруге, сүт немесе су төгуге болмайды. Күлін шашуға, үстіне отын жағуға, қоқыс тастауға, одан от тұтатып, шашуға тыйым салынады. Әйтпесе от басына ауру, бақытсыздық келеді деп ырымдап отырған. Киіз үйдің басқа орындары да назар аударуға тұрарлық. Халықтың жылсанағы бойынша жыл қайыруды тышқаннан бастайды. Сондықтан да оның атымен тұрақ-жайдың құрметті орны сандық жиналатын, қонақ жайғасатын төр аталады. Тышқаннан кейін сиыр атымен төр мен кебеже аралығындағы орын аталады және сиырмен бірге от басына келетін молшылық бейнеленеді. Отағасы отырар жер «жолбарыс» аталады. Өйткені ерлік пен биліктің символына одан басқа еш-

кім таласа алмайтын. Одан әрі әйелдің (қоянның) нәзіктік пен бой ұсынуды көрсететін орны белгіленді. Әйелдің жанында ас, дәм, көк пен жер тартуы – тағамы еңбекқор ұлумен бейнеленді. Одан әрі жыланның кеңістігі орналасты. Жерден шыққан жылан ыдыс-аяқ, шелек, құман орналасқан жерге су әкеледі деп ұғылды. Жылқы кіре берісте қозғалыс символы ретінде орналасты. Одан соң жетім-жесір, кем-кетіктің, кедейдің қайыр немесе күтім тілейтін босағасы – қойдың кеңістігі деп саналды. Одан әрі дана, жақсы сапар тілеуші, ерекше жануар мешін кеңістігінде қымыз құйылған күбі мен қару-жарақ және ат әбзелдері орналасты, осы жерден сусындап, атқа ер салып, қаруды қолға алуға болушы еді. Одан соң құстың орны белгіленді. Бұл жерді үйдегі жастар мен өз бойларында өсіп-өну қуаты бар қонақтар иеленді, одан соң жоғарырақ еркек қонақтар орналасты. Бұл жер иесіне берілгендіктің символы, иттің кеңістігі, одан жоғары төрге жақын доңыз кеңістігі деп саналды. Бұл орынға неғұрлым құрметті қонақтар отырғызылып, неғұрлым құнды жүк жиналды. Шеңбер тағы да ең сыйлы орын төрге, тышқан орнына тірелді. Бұл жерде жыл санау басталып уақыт пен кеңістік түйіседі. Киіз үйдегі кеңістікті осылай түсіну барлық көшпенді халықтарға тән болды. Дегенмен, кейіннен доңыз сыйлы орыннан ығыстырыла бастады. Бұл түріктердің мұсылмандануына байланысты арақ-шарап пен доңызды аластауды көрсетті.

Егер киіз үйдің сыртына қазіргі физика терминдерін қолданып, оны әр текті және анизатропты кеңістікке бөлсек, басқа дүниеге тап боламыз. Өйткені бұл жерлерде киелі орындар бар, кейбір бағыттағы қозғалыс (күн бағытымен қозғалу) ерекше құрметке иеленді. Көшу кеңістікті талап етеді, ол көшпелі үйге, киіз үйге, қозғалысқа ыңғайлы шаруашылыққа, күш-көлікке, тағам қорына, арнайы киім мен аяқ киімге зәру. Осы құрамдас бөліктің кез келгені мәдениет бөлшегі, дүниетану сәті, халық ғарышының құрамдас бөлігі. Егер кеңістікті алып қарасақ, көшу құрамдас бөлігіне ұқсастығы бар өзін-өзі жасайтын кеңістікті талап етеді. Басқаша айтқанда бір текті кеңістіктен әр бағытқа қарай қозғалыс жасау бірдей негізделген, яғни изотропты болуын талап етті. Көшпендінің арманы – тұрақты бір жерді мекендегісі келгенімен, ол өзінің тұрағын үнемі ауыстырып отыруға мәжбүр болды.

Көшпенді үшін кеңістіктің кең немесе тар болуы аса маңызды емес, ол өзінің жайлылығымен және қажеттілікті өтеуімен пайдалы әрі қолайлы. Ұлы дала осындай қажеттілікке сай мекен болды. Сондықтан да Жетісу қазақтарының ата тегі (түп қазық) «жазды Бұлғар аймағында (Волга – Еділ) өткізді, ал қыста Баласағұн аймағын мекендеді» (Ибн ал-Асир. Хроника. 1863. Т. IX // История Казахской ССР. Т II. 1979. Б. 22). Әрине, қазір Шудан Еділге дейінгі көш жолы ұғымға сыймайды, мұның шындыққа жақындығы да күмәнді. Әйтсе де бұл көштің ауқымы мен қашықтығы ой салады. Әдетте көш жолының қашықтығы мың шақырымға дейін жетсе керек. Бұл жағдайда малдың негізгі түрі жылқы болғаны шүбәсіз. Баласағұн былай деп жазды: «Олар табындаған жылқы бағады. Жылқыны тамаққа, сусынға, мініске пайдаланады, айғырлар мен биелер, сондай-ақ жүк артар жылқы солардан келеді. Қымыз, сүт, жүн, май, ірімшік және құртты тамаққа, киімге және үй жабдықтарына қолданады».

Аса маңызды философиялық категориялардың бірі уақыт ұғымы болып табылады. Қоғамның біртіндеп дамуымен, тайпаның тарихи есінде қалған жекелеген құбылыстар мен белгілі бір оқиғаларға байланысты адамдарда уақыттың сезінуі ояна бастады. Жұт, аштық, оба, мал індеті, соғыс т. б. сияқты табиғи және стихиялы апаттар адамдар санасында өз ізін қалдырып, белгілі бір уақыт қарқынының анықтамасы ретінде қызмет атқарды. Әйткенмен, бұл дамыған уақыт ұғымын ауыстыра алмады. Өнім жинаумен, аңшылықпен, жабайы егіншілікпен айналысқан тайпалар уақыт ұғымын түсіне алмады, уақыттық ингредиенттерді ғана сезімдік заттармен байланыстырды. Уақытты түсінушілік жекелеген адамдар үшін ғана мәні болғанымен әлемдік жаратылыстың өтпелі компоненттерімен берік байланыста болды.

Л.Н. Гумилев былай деп жазды: «Халықтың әл-ауқат жағдайын анықтайтын, классификация үшін аса ыңғайлы индикаторлардың бірі этникалық сананың (әрбір халықтың) уақыт категориясына қатыстылығы болып табылады» (Этнос и категория времени // Доклады отделения и комиссии географического общества СССР. Л., 1970. Б. 145). Бұл тұрғыда алғашқы көшпенділер іргелес халықтарға қарағанда неғұрлым дамыған уақыттық сезімдерге ие болды. Алыс көш жолдары, бай жайлау мәселесі,

су бастаулары, жыл мезгілдеріне байланысты ауа райының өзгерістері, басқа да көптеген себептері көшпенділерді уақытты қандай да бір абсолют деп түсінуге мәжбүр етті. Оған аптап ыстық, жайылымдардың күйіп кетуі, өткел бермес сең, көктемгі алғашқы балауса шөп, күзгі сарғайған шөп, суаттардағы қабыршақ мұз, қардың түсуі және оңтүстікке, жылы жаққа, күнгейге көшудің қажеттілігі уақытқа тәуелді болды.

Уақыттың ең бірінші бағдары ауа райы болды. Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер кезі – қыстың соңғы күндерінен соң, көктемгі алғашқы көкке ілігу мен қайта түлеу, өзгеріс әкеледі. Көктемгі күн мен түннің теңелуімен Жаңа жыл – Наурыз келді. Осыдан барып «шөптің көгі» уақыттың объективті критерийі болып табылады. Бұл көктемгі-күзгі науқанға, қыстаудан жайлауға шығу, осы көш жолындағы көктемгі және күзгі маусымға байланысты әртүрлі мейрамдардың тууына негіз болды. Қазақтың ата тегіндегі көктем мен жазда түстіктен терістікке көшу және күздегі терістіктен оңтүстікке бағытталған ендікті бойлай көшудің басым болуы осы ұзақ қашықтықты өз уақытында жүріп өту үшін уақыттық өлшемдері болғандығын көрсетеді. Бұл көш жолдар мыңдаған шақырым, тіпті одан да ұзаққа созылатынды.

Алғашқы түріктер жайлы сөз еткен Иакинф былай деп атап көрсетті: «Көктемде немесе жазда қаза болғандарды өсімдіктердің, ағаштың жапырақтары түсе бастағанда жерлейді, күзде немесе қыста қаза болғандарды гүл қауызын жара бастағанда жерлейді» (Собрание сведений... Т.1. Б. 230). Бұл жерде түріктер мезгіл теңдігін мүлдем білмейді, ал мезгіл ауысуын көктің шығуынан байқайды. Тіптен қазіргі қазақ күнтізбесінде уақытты табиғи тұрғыдан түсіну көрініс тапты. Бұл күнтізбе сол дәуір үшін ұлы құбылыс болды, өйткені уақытты рудың, тайпаның немесе жанұяның өмірінде болған оқиғаларға байланысты емес, жыл мезгілдерімен салыстырды. «Шілде» (июль) айы жылдың ыстық айы ретінде белгілі болса, «желтоқсан» (декабрь) оған мүлдем қарама-қарсы, ал бұлардың мағынасы аптап пен қарлы боранды білдіреді. Көк шығар – «көкек», молшылық – «мамыр», жаңбырлы – «тамыз», үсік жүретін – «қыркүйек» айларының атауы жайлы да осыны айтуға болады.

Осыдан кейін Шығыста қабылданған он екілік санаққа орай он екі жылдық өлшем қалыптасты. Мұның өзі кейбір рухани мистикалық бастауларды ұстанды. Мәселен, жылан жылы бақытсыздық жылы болып саналды, өйткені әдетте он екі жыл сайын осы жылы жұт келеді. Жылқы мен қой жылдары бақытты болып саналады, әдетте бұл жылдары мал қонды, халық тоқ болды. Түнгі аспанға көз салған көшпенділер көк күмбезінде сексен сегіз шоқжұлдызды белгіледі. Олар ерекше мәнге ие болды. Өйткені аспан жарты шар ретінде көз көрім әлемді жауып тұрушы және жұлдыздар қозғалысы төменгі әлемге байланысты, оған елеулі ықпал етеді деп санады. Егер бірінші он екі айдан тұратын жылдық циклге көңіл аударар болсақ, олар белгілі бір шоқжұлдыздарға сай құрылды. Уақытты одан әрі түсіну он екі жылдық циклге алып келді оған тышқан, сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз енеді.

Таза көшпенділіктің өзіндік уақыттық циклі болды. Бұл белгілі бір дала ареалы бойынша оның қозғалыс ырғағына байланысты. Бұл цикл үш жүз жылдықпен саналады.

Ал ол Оңтүстік – Сібір ойпатының солтүстікте Тянь-Шань, Памир тауларына, оңтүстігінде Сары теңізден Қара теңізге дейінгі аридтік аймақтың ылғалдануына немесе құрғақшылыққа ұшырауына байланысты болды. Уақыт циклінің белгілі аумақтағы айқын тездігі нәтижесінде көшпенділер басқа мекен жайға үш жүз жылдан кейін ауысуы керек болды. Бұл қазақтың арғы аталарының бірі, әсіресе, ғұндарда анық көрінеді. Л.Н.Гумилев былай деп жазды: «біздің дәуірімізге дейінгі IV-III ғасырларда ғұндар Иньшань жоталарында тұрды. Ол таулар орман, шалғынға бай болғандықтан аң-құсы да мол, ғұндар Иньшаньнан айрылғанда оның жанынан өтіп бара жатып жылады.» (Истоки ритма кочевой культуры Средней Азии // Народы Азии и Африки. 1966, N4, 89-бет), ал олар оны тура үш жүз жылдан соң біздің дәуірімізге дейінгі I ғасырда жоғалтты, өйткені өте қатты қыс басталды, құрғақшылыққа ұшырады, мал жұтқа ұшырады: «Ғұндар тарихы үшін бұл ауыр соққы болды – ғұн державасы құлады».

Көшпенділер бір жерде 300 жылдан артық өмір сүре алмады. Олардың уақыттық циклінің айналым шегі де осы. Бұл шек – жайылымның тозуы, таптаурын болуы, күйіп кетуімен ғана

байланысты емес, далада үнемі болатын ылғалдылық немесе құрғақшылық процестеріне де байланысты еді. Л.Н.Гумилев көрсеткен үш жүз жылдық уақыт кезеңдері көші-қон аридтілігінің дәрежесіне тәуелді таза көшпенді қауымдастықтар белгілі бір аймақта ұзақ уақыт бойы өмір сүре алмайды, олар физикалық-жағрапиялық заңдылықтарға тәуелді, сондықтан да «мәңгі кезбелік» өмір сүруге немесе жартылай көшпелі мал өсіру кәсібіне ауысуға мәжбүр болды. Бұдан шығар қорытынды жартылай көшпелі мал өсірудің «таза» көшпенділіктен артықшылығы экономикалық себептерден туындайды.

Ежелгі түріктер және қазақтың ата тегі осылайша өзінің табиғатпен етене жақындығының және ұқсастығының арқасында табиғат құбылыстарының күнтізбесін – фенологиялық календарды қолданды. Бұл қазақтың ата тегінің этнос ретінде, табиғатты біртұтас және өзіне өте жақын деп танығандығын көрсетеді. Дәл осының өзі халық – адам – табиғат қатынасын мейлінше толық және адекватты көрсететін болмыс қисыны. «Этнос, – деп жазды Л.Н.Гумилев, – табиғат құбылысы, ол әлеуметтік институттар формасына ауысып отырады және әрбір жеке жағдайда: тіл, дәстүр, идеология, материалдық мәдениет және т. б. сияқты индикаторлар арқылы айқындалады».

Шаруашылық қызметтің өсуі циклдік күнтізбеге көшуге мәжбүр етті. Оның құрамына жеті күндік апта, төрт апталық ай, он екі айлық жыл және он екі жылдық мүшел циклдары кірді. Бір цикл айналымына сыймайтын оқиғаларға уақыттың «тірі хронология» стилі қолданылды.

Түрік қағанатының құрылуымен ұзақ жыл санау әдісіне көшті, бұл атау түріктердің тіршілік кеңістігінің ұлғаюына, батысқа және шығысқа бағытталған экспансиясының артуына байланысты болды. Ғұндардың, үйсіндердің, қаңлылардың бірігуі, түріктенуі мен бірегей шаруашылық түріне көшуі іргелес халықтармен бір уақыт ұғымында болудың қажеттілігін туғызды, өйткені экономикалық, мәдени және тілдік қауымдастығы тез дами бастаған еді.

Солай бола тұрса да, қазақтардың табиғатқа етенелілігі сол уақытта да, қазірде де бар «Қобыланды» эпосында былай делінген:

«... Көлден ұшқан қаз деймін
Қаз жайлауын саз деймін,
Наурыздан соң жаз деймін».

«Еңбекші қазақ» газеті 1925 жылы былай деп жазды: «Қыс кетті, қар еріді, ежелден келе жатқан наурыз құтты болсын». Қырық күнге созылатын аптап шілде айы парсының «чилла» – қырық деген сөзінен шықты. Бұл қазақтың ата тегінің диқандық кәсібіне де байланысты, қазан айының атауы дәнді дақылдар мен жеміс-жидекті жинап алуға байланысты болды.

Біздің дәуірімізге дейінгі III ғасырда құрылған ғұн империясы, одан кейінгі көне түрік империясы этникалық Евразия аумағында түзулік есептеу жүйесін қолданды, ол әскери, көшпенді және экономикалық экспансияның мерзімін белгілеуге, Қытай, Иран, Византия, Манчжуриядан Қара теңізге дейінгі шекарадағы оқиғаларды тіркеуге қолданылды. Бірақ осы ұланғайыр аймақта әлемдік ойкумен уақытынан басқа да тікелей шаруашылық мүдделерден туындаған есептеу жүйелері пайдаланылды. Бұл ойкумен уақыты аса белсенді түрде XV ғасырдан бастап қана қолданыла бастағандығы құпия емес. Ал бұған дейін барлық жерде әртүрлі патшалықтарға, олимпиядаларға, «әлем жаратылғаннан» кейінгі (б.д.д. 5508 жылғы 1 қыркүйек), Селеквид дәуірімен, Йездигерд дәуірімен байланысты санақ қолданылды. 532 жылы монах Дионисий Малый Христос туған күнінен (754 жылы Рим құрылған күннен) бастауға ұсыныс жасады. Ал арабтар өз жыл санауларын Мұхамедтің Меккеден Мәдинеге қашуынан – (хиджрадан) 622 жылдан бастады.

Бірақ бұдан кейін де жыл санаудың әртүрлі жүйелері болды. Әсіресе Испанияда (біздің дәуірімізге дейінгі 38 ж.) және Рим империясында (Диоклетиан дәуірі) көбірек сақталды, әйткенмен мұның барлығы халықтардың ұлы қоныс аударуы нәтижесінде бұзылды. Сондықтан да уақыт ұғымы әрқашан функционалдық болды, ол шаруашылық пен экономика, мәдениет, өнер салаларының қолма-қол қажеттіліктеріне қызмет етеді. Біздің планетамыз жаратылғаннан бері 4,5 млрд.жыл өткендігін, ал алғашқы тірі клетка 3,5 млрд. жыл, жазу 4 мың жыл бұрын пайда болғанын еске алсақ, бұл нешінші жылдар деген сұрақ туындайды. Бұдан келіп шығатын қорытынды қазақтың ата тегінің

даму үстіндегі уақыт ұғымы болмыс пен тікелей қатысты құбылыстан, сезімдік нақтылықтан шығып, эволюция барысында фенелогиялық және циклдік сападағы кезеңдерге, «тірі хронологияға» және одан әрі ұзақ жыл санау жүйесіне өткеніне қарамастан өз бойларында нақты болмысқа тән қасиетін сақтап қалды. Санасыз инстинкттердің немесе саналы импульстердің, бұлардың екеуі де бірден пайда болады, серпінді формалары түрінде қалады. Мұның өзі тарих барысында айтарлықтай өзгеретін, бірақ ешқашан базистік ядросын жоғалтпайтын архетип немесе оның көрінісі ретінде бағалауға негіз болады. Уақытты бұлай түсіну арқасында ол образды және эмоционалды сипатқа ие болады, бұл оның сезімдік нақтылыққа жақын екендігін білдіреді.

Кеңістік сандық өлшем ретінде өз шамасын талап етеді. Көшпенді ауылдың жүріп өтетін жолының қашықтығы ауылдағы әлсіз қарттар мен бала-шаға, әйелдердің сол жолға шыдау мүмкіндігі ескеріле отырып белгіленеді. Ал көш жолдары жақын болмағандығы белгілі. Өлшем саласына жататын мөлшер ұғымы ежелгі түріктерде екі мәнге ие болды. Кеңістіктің бірінші өлшемі әлсіздердің шамасын ескерген күндізгі көш. Сонымен қатар байлық мөлшері жылқы санымен өлшенді, бұрын айтылғандай, мал иесінің байлығы осыдан көрінді. Бұл көзқарасты одан әрі дамыту көш үшін, егіншілік, бау-бақша үшін үлкен кеңістік қажет болғанын көрсетеді. Мал байлық өлшемі бола отырып, оны ұстау үшін үлкен аумақ қажет болды. Егер бір малды бағу үшін 8-10 гектар табиғи жайылым қажет болса, онда 4-5 мың жылқыға 30-50 мың гектар жайылым қажет, мұның өзі жерсуды мейлінше көп басып алуды талап етті.

Бұл тұрғыда қазақтың ата тегінде мөлшер – сапа ұғымын алдын ала қолдану негізінде сан категориясының жалғасы болып табылады. Бұл жайлы жоғарыда айтылды. Іс жүзінде мөлшер ұғымының ішінде дәл сол сан категориясының өзі аяқталады. Әйтсе де, Гегель бойынша, мөлшер – сапалы сан немесе олардың қосындысы. Барлық адамдарда әрқилы тіршілік мөлшері болды, бұл қазақтың ата тегінің мөлшер түсінігі көрінісінен хабар береді. Ауқатты және бай адамдар үшін көшу кеңістігі 1000 шақырымға дейін созылды. Олар жылқыларын рулық таңбаларымен таңбалап алып, алыс, қиындығы мол, қызық, думанға толы жолға аттанды. Бұл уақытта кейбір кедейлер

жатақтарға айналды. Бақша салып, қыстақ күзетіп, бақша қорыған қарақшының кебін киді. Мұның өзі айқын мүліктік теңсіздікті көрсетеді. Жеке меншіктің дамуы мөлшердің парцелляциялануына алып келді, мұны үйсін қоғамында металл және тас мөрлердің болғандығы көрсетеді. Ол жерді жеке меншіктеуден бас тартты. Бұл қазіргі Қазақстан парламентіндегі қызу тартысты еріксіз еске түсіреді және сонымен қатар тарихта алғаш рет мал мен қозғалмалы мүлікке жеке меншіктік енгізді. Ал мұның өзі байлық өлшемі болған мөлшер жайынан хабар береді. Бұл жерде мөлшер ұғымының құрамдас бөліктерге жіктелуі көрінеді. Егер мал мен қозғалмалы мүлікке жеке меншік сол кезде-ақ пайдалы болса, демек, бұл сан да белгілі бір мөлшерде пайда болғаны. Жер сатылмайды, демек оған басқа өлшем белгіленді. Бұл мөлшердің әртүрлі компоненттерін қайткенде де олар бірегей мүліктік кеңістікте жұмыс істеуі үшін үйлестіру қажет болды. Сол уақытта: «Менің ата-бабамның сүйегі жатқан жер, менің қыстағым – менің жерім» деген қағида шықты. Мұның ақыры жер-судың ру-тайпа арасында қатаң бөліске түсуіне әкеп соқтырды және бұл XX ғасырда таптық көзқарас енгенге дейін созылды.

Бұл мыңдаған ғасырлардан бері өмір сүріп келе жатқан қағиданы терең зерттеуіміздің себебі, мұнда өлшем ретіндегі сыртқы мөлшерден шамаластық ретіндегі ішкі мөлшерге ауысу жүреді. Сол кезде сыртқы көрініс ретіндегі байлық мөлшерін жерді бөлуге тыйым салатын тарихи-мәдени жағдай ретінде жерге жеке меншікті жоятын мөлшермен – оны мойындаумен толық салыстыруға болады. Бұл күні бүгінге дейін мәнін жойған жоқ, өйткені автохтонды халықтың ғасырлық игілігін иемдену, қазіргі жағдайда құнарлы жерлер мен жайылымдардан айырылу қаупін туғызды.

Сонымен қатар жерді белгілі бір рулардың, тайпалардың мұрагерлік иеленуі прогрестік рөл атқарды, өйткені жерді иесіздіктен құтқарды және сонымен қатар жеке жер иеленушілікті жойды. Сөйтіп, жерге сұранымның ұдайы өсуі жағдайында феодалдардың жақсы жерлерді басып алуынан сақтандырды. Мәселен, осы жағдай Англияда «қойлар адамдарды жеп қойды» деген айтулы жағдайды туғызған. XX ғасырдың басында Алашорда көсемдерінің бұл ежелгі қағиданы қорғаулары тегін

емес еді. Жайылымдар рулардың ғана, соның өзінде де ата-бабасының сүйегі жатқан қыстаулар ғана меншігі болсын деп жерді жеке адамдардың иеленуіне мүлде тыйым салды. Бұл метрлік (сыртқы) және имоненттік (ішкі) мөлшерлерді біріктіру қазақ тілінің этимологиялық деңгейіне де әсер етті, метрикалық мөлшер – өлшем деп, ал ішкі мөлшер – шама деп аталды.

Қытай деректері жерге меншік болуының негізін рулар салғанын айтады. Бұл жайлы гуньмо тыйым салуы былай дейді: «Ол уақытта ұлы гуньмо Цылим билікті берік ұстап тұрды, және барлық қорыққан лин-хоу соған бағынды. Ол тұрғындар жылқылар мен малдарын бағып жүріп, жайылымға кірмесін деп бұйырды» (Кюнер Н.В. Китайские известия... 92-бет). Шығарманы түсінік беруші (комментатор) Янь-Ши-Гу былай деп түсіндіреді: «жайылымға, яғни гуньмо жайылымына кірмеді. Олар жайылымды бүлдіреді деп қорықты». Егер тайпа көсемі Гуньмоға қарағанда «өлшем» бойынша көп төлей алса да, «шама» бойынша ол мүлдем бұлай істей алмас еді.

Жеке адам мәселесін, бақташы үшін мөлшер қатынастарының барлық кезде шешуші жүйесі болды. Бұған ол болмыстың объективтік заңы ретінде қарады. Көш бойында бар нәрсенің ыстық-суығына (ауаның, судың, жердің т.б.) төзуіне тура келді. Мөлшердің объективті белгілерін адам табиғат құбылысы ретінде қабылдады және оны өзінің ішкі ұғымына айналдыруға тырысты, сөйтіп оған объективті түрде қарсы тұрды. Еңбек әрекетінде жеке адам әр алуан сипаттағы көптеген мөлшер ұғымдарын қабылдады, сондықтан да осы өзгеріп тұратын мөлшерге сәйкес бейімделу әдісін игерді. Қысқасы, дүние ол үшін аса мол мөлшердің жиынтығы, осы дүниемен тайталасқа, антогонизмге түспей өз тіршілігін одан әрі тыныш жайғастыру үшін оны барынша игеру қажеттілігі туды.

Мөлшердің түп-төркінін түсіну жеке адамға мөлшердің ішінде сапалық шамаластық бар екенін, бір сапаның сандық өлшемдері өзара байланысты екендігін, яғни, заттың немесе құбылыстың ішіндегі сандық өлшемдер арасында өзара қатынастық болатынын көрсетеді. Сонымен қатар бұл мөлшерде әрқашан өлшем элементі қатар жүреді, ол басқа заттар мен құбылыстарды бір эталон негізінде өлшеуге алып келеді. Алғашқыда бақташы қызметі сапалық сипатқа ие болды. Ол кез келген

затта, мысалы бағымындағы жылқының шамалық қалыптан асқандарын, семіріп, төрт елі қазысы барларын союға жіберді, ал жас тай-құлынды мөлшер шегіне жетпегесін жайылымда қалдырды. Дәл сол сияқты диқан астықтың, бау-бақшаның пісіп жетілуінің тиімді мөлшерін өткізіп алса, ысырапқа соқтыратын. Ол сондай-ақ игерілер жердің, қажетті су көлемінің мөлшерін де білді. Өйткені бұл жер мұрап еңбегін қажет етпеді.

Бұл мөлшерді парцелизациялау адамдарда бұл дүниеде де, о дүниеде де айқын тепе-теңдіктің бұзылуына алып келді. К.А. Акишевтің пікірінше: «Жетісу аймағындағы үйсін заманынан қалған жүздеген мың қорғандар үш түрге бөлінеді. Олардың алғашқысы – диаметрі 50-80м. биіктігі 8-12м балшық қорғандар. Әдетте үйінді астында бір-екі мола, оларда бай немесе әйелі жерленген». Бұл типтес молаларда бай адамдар болған, олардың ақыреттік киімдерінде жүздеген алтын заттар, ал кейбірінде билік белгісі – алтындалған күрзісі немесе саздан істелген мөрлері болды. Атақты адамдардың қымбат заттары мен билік белгілерінің марқұммен бірге жерленуінде де белгілі бір мөлшер сақталғандығы анық.

Биіктігі 1 метр, аумағы 15-20 метр қорғандардағы мөлшер басқаша болды. Марқұммен бірге негізімен қоладан, ағаштан, қыштан және кейде алтыннан жасалған заттар, темір, қару, ұшқырлы немесе жалпақ жебе ұштары жерленді. Ол қатардағы бас еркі бар, қару асынар, құқысы және жеке шаруашылығы бар адамның жерленгенін болжауға мүкіндік береді. Ал ұсақ өндірушілер мен құлдар жерленген қорғандар мөлшері өте кедей болды. Оларға қару да қоса жерленбеді, қорғандардың биіктігі жарты метрден, ал аумағы 5-10 метрден аспады. Бұл жерде ұсақтүйек темір заттары: түйреуіш, темір пышак, бірнеше қыш түтік, қола сырға, моншақ қана табылды.

Мөлшерге мұндай көзқарастан иерархияның қатаң ықпалын көреміз. Мұнда мөлшер – әрбір жеке адамның қоғамда алатын орнын белгілейтін айқын сыртқы масштаб ретінде басты рөл атқарды. Мөрлер жайында да осыны айтуға болады. Оның алтындары биліктің жоғары сатыларын көрсетті, мыстары – әкімдерге, ал тас және қыш мөрлер алым-салық жинаушы мен меншікті шектеуге арналды.

Қазақтың ата тегі үшін қарапайым жер өңдеуден көшпенділікке, одан кейін жартылай көшпенді мал өсіру кәсібіне ауысу материалдық мәдениеттің жаңа формасын іздеуден көрінді. Тұрмыс жабдықтары ыдыс жасауда шар немесе бомба пішіндес заттарға көшу байқалды, бұл дала тұрғындарына анағұрлым қолайлы еді. Сонымен қатар түбі жалпақ андрон мәдениетіне тән қыш ыдыстар да сақталды. Мал өсірумен егіншіліктің әр түрі, формалары тиісінше тұрмыс бұйымдарының да формаларын туғызды. Қару-жарақ саласында да форма эволюциясы елеулі көзге түседі. Әсіресе, металдың жаңа сапалық қасиеттері мол мүмкіндік ашып, қола жебе ұштарынан темірге, қола акинактан ұзын темір қылышқа көшіп, металл бұйымдар анағұрлым тиімді формаға көшуі, бұл жағдайдың өзгеруіне, атты әскердің көбеюіне байланысты болды.

Оңтүстікке қарай барған сайын тұрғындар ыдысы алмұрт пішіндес болды. Арал бойындағы (Тегіскен, Үйгарақ) ыдыстарының пішінінен өзгеше, одан ұзынырақ, биік цилиндр тәрізді мойны бар, бүйірлі, түпті келді, егінші аймақтарда пайдалануға қолайлы еді. Ыдыстарда түтікше шүмектер пайда болды, қазба жұмыстарында жиегі қайырылған тостақтар, қос тұтқалы саптыаяқтар табылды. Тұрғындардың отырықшы аудандарында Иран, Парфия, Хорезмнің ежелгі егіншілік мәдениетімен көршілес болуының әсері байқалды. Зерттеу жұмыстары бұйымдардың формасы шикізаттың сапасына, тұрғындардың қажеттілігіне байланысты болғандығын көрсетеді. Жетісудың құрбандық шалатын жердегі ошақтарының және мыстан, қоладан, темірден жасалған қазан пішіндерінің әртүрлі болуы осының куәсі.

Бұдан қазақтың ата тегінің болмыс дүниесін сапаның, кеңістіктің, уақыттың, мөлшер мен форманың тікелей нұсқаларын мейлінше жақсы игергенін көреміз. Бұл алғашқы тиімді дүние болады, онда жеке адам заттардың мөлшеріне және әсіресе өзінің тіршілік мөлшеріне сәйкес әрекет етті. Э.В.Ильенков қоршаған ортаға тұрмыстық көзқарас жайлы былай деп жазды: «Қозғалыс процесіне қатысқан әрбір зат өз заңдылықтарына сәйкес қызмет етеді, өздерінде болып жатқан өзгерісте өзіне сәйкес форма мен мөлшерді өмірге келтіреді» (Диалектическая

логика. М., 1984, 187-бет). Бұл пікір бұл қатынастың сөзсіз алғашқы формасын көрсетеді.

Қазақтың ата тегінің қоршаған ортаға етенелігі, қоғамдық өндірістің біршама төмен дамуы әзірге бұл адамдардың философиялық көзқарасын тұрмыстық деңгейден тұтынушылық – пайдалылық деңгейінен асыра алмады. Нәтижесінде олар бір-біріне және өздеріне тоғышарлық көзқараспен қарады. Әйтсе де, қазақтың арғы тегінің дүниетанымы төмен болды деп кінәлап, тым астамдық етпегеніміз жөн, өйткені олардың бергенінің өзі одан әрі дамуға жағдай жасаған еді.

Қазақ этносының көп ғасырлық тарихы өз ішінде немесе көршілес халықтармен ұдайы антогонизмде және қарама-қайшылықта өтті. Солай бола тұрса да бұл – тыныш бөлмеде отырып жаза салатын логикалық-гносеологиялық қайшылық емес еді, майдан даласында немесе елшілік келіссөздерде шешілетін қақтығыстар мен тартыстар болатын. Қазақ философиясының нақты болмысқа тәнділігі мен сезімдік нақтылығы осыдан көрінеді.

Өзінің табиғатқа көзқарасы қалыптасқаннан бастап, осы күнге дейін түпкі ипостосия ретінде қарайтын және мәңгілік әрі өткінші емес болмысты біртұтас дүние деп тани отырып, қазақ халқы өзінің этноспен шендесуіне қол жеткізді, өйткені оның табиғатқа жақындығы мейлінше айқын әрі талас туғызбайтын еді. Ғасырлар бойғы эволюция барысында қазақ әрқашан табиғатқа қайта оралып отырды. Бұл оның бірінші ажырамас белгісі болды. Оның тіршілігіне тән екінші бір қасиет – оның түп негізіндегі қайшылық. Бұл қайшылық ғұндардың, үйсіндердің, қаңлылардың ара қатынастарынан, мал өсіру мен егіншіліктің, көшпенді және отырықшы тайпалардың кей кездерде қайшылықтарға дейін жетіп, соғыс жолымен шешуге дейін баратын өзара әрекеттерінен туған еді. Бұл амбиваленттілік осы халықтың бүкіл тарихымен қатар жүреді. Ол адамдар санасына әлеуметтік материяға тереңдей еніп, бітіспес таластар туғызды. Бүгінгі заманға дейін қарама-қайшылықтар жікке бөлген қазақ ұлты XX ғасырда да, XV, VIII және XIX ғасырлардағыдай екі оттың ортасында қалып отыр. Қарама-қайшылықтар мен антагонизмдер Қазақ этносы туғаннан әлеуметтік-экономикалық, этнологиялық, мәдени, экономикалық және басқа аспектілердегі

карама-қайшылықтар мен антагонизмдерге кездесіп, ол ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отырды. Халықтың қарама-қайшылықты тарихына дүниетанымдық тұрғыда талдау жасау – біздің бұдан былай зерттеуіміздің тақырыбы болады. Бұдан әрі оның тіршілік ету қарекетіне көп көңіл бөле алмаймыз.

Этномәдениетті диахронды және синхронды талдау дәстүр мен жаңашылдықтың (инновациялық) арақатынасы мәселесін алдыңғы орынға шығарады. Мәдениет өзінің кең мағынасында әлемдегі адам болмысының тәсілін білдіреді және бұл болмыс ұрпақтардың сабақтастығымен, нақтылықты игерудің әлеуметтік-мәдени тәжірибесін тасымалдаумен анықталады. "Тіл мен мәдениет, – деп жазады И.Гердер, – өзінің бастауын әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерден алады" (Идеи к философии истории человечества. М., 1977. Б. 252).

Дәстүрдің позициясы, әсіресе алғашқы қауымдық мәдениетте мықты (сондықтанда ол кезенді дәстүрлі деп те атайды). Жазудың болмаған жағдайында мәдени сабақтастық әдет, ғұрыптарға сүйенеді. Американдық этнограф Маргарет Мид дәстүрлі мәдениеттің осы ерекшеліктеріне көңіл аударады және оны постфигуративті деп атайды. Бұл мәдениетте дәстүрлер басымдылық маңызға ие болады, байланыс үлкеннен кішіге қарай жүріп, өткен шақ біржақты түрде болашақты айқындайды. Ғасырлар, тіпті мыңжылдықтар өткенімен барлық ескілік сақталады. «Менің әкелерім, ата-бабаларым не істесе, мен де соны істеймін!»,- деп жариялайды постфигуративті мәдениеттің өкілі.

Алайда, мәдениеттегі дәстүршілдік тоқырау мен алғашқы қауымдылықтың көрінісі емес. Этномәдениеттің түбірлерін дәл осы дәстүрлік кезеңнен іздеу қасиет, оның архетиптері осы тарихи кесіндіде қалыптасады.

Дүниетанымдық типтердің алмасуы барысында мәдениеттанымдық еңбектерде мифологиялық, дәстүрлік және жаңашылдық кезеңдер ерекшеленеді. А.Х. Қасымжанов қазақ халқының рухани мәдениетіндегі мынадай кезеңдерді бөліп алады: «1. Мифология. 2. Ренессанс (қайта өрлеу). 3. Ағартушылық» (Духовные корни – Казах. А., 1994. Б. 90).

Біздің ойымызша, қазақтардың дәстүрлі мәдениеті түркі тайпаларының этникалық бірігуі тұсында қалыптасқан. Эт-

никалық процестердің жойқын күші Исламдық Ренессанстың біріктіруші шеңберін бұзып шықты. Бұл процесті әртүрлі бағалауға болады. Қалыптасушы этностар (қазақтар, қырғыздар, өзбектер және т.б.) тұрғысынан көшпелі орталық-азиялық империялардың құлауы жағымды оқиға болды. Бірақ, сонымен бір мезгілде көрші отырықшы империялар бас көтеріп, номадтарды жаулап алуға дайындалды. Қазақ мәдениетінің дәстүрлі кезеңі түркі номадизмінің мәнін өз бойына неғұрлым толық сіңірген, өйткені ол XX ғасырдың басына дейін көшпелі мал шаруашылығын сақтап келді. Мәдениеттегі дәстүр мен жаңашылдықтың арақатынасы ең алдымен уақыттың белгілі бір социум өмір-қамының негізі ретіндегі түсінігімен байланысты. Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде уақыт адамнан бөлінбеген және «уақытты өткізу (немес өлтіру)» ол үшін мүлдем жат.

Дәстүрлі мәдениет уақыттың линиялық (сызықтық) емес циклдік өлшемін пайдаланады және оның негізіне кәдімгі табиғи ритмдер жатады. Мысалы, қазақтың ай атауларын алайық – "көкек" – құстардың оралу уақыты, "мамыр" – жаңару кезеңі, "отамалы" – мал барынша тойынады, "қазан" – шөптің таусылуы, "қаңтар" – күннің қысқарылуы, қаңтарылуы және т.б. Минут, сағат, секунд сияқты уақыттың линиялық өлшемдерінің орнына қазақтар "ат шаптырым", "ет асым", "сүт пісірім", "бие сауым" және т.б. қолданады.

Егер Батыс мәдениетінде (бос кеңістік және абсолюттік шексіздік идеясына негізделген) адам "күнделікті тірлікпен" басылып қалса номад бұл мәселені шеше алды. Табиғатпен оңаша қалған адамға әр бір мезет құнды және бұл әлемдегі өз болмысының үйлесімділігін сақтауға мүмкіндік береді. "Қалай жағдай?" деген сұраққа көшпенді жақсы көңіл-күймен "әдеттегідей" деп жауап береді.

Номадтың дәстүрлі мәдениеті болмыстың тұлғалық тылсымдық ырғақтарға мән береді. Адам өмірі өткінші жағдайдан "бақи дүниеге" өтпелі кезеңі ретінде қарастырады. Бұл өмірде адамға мәңгілікпен жақындасу мүмкіндігі беріледі. Ең басты шарт – "адам болу" (Абай).

Жыл санаудың он екі жылдық белгілі циклын жеке тұлғаның өзіне де қолдануға болады. Циклдер арасындағы аралық жылдар ерекше маңызға ие болады (мүшел жас -13, 25, 37, 49, 61 ...).

Күн белсенділігінің он бір жылдық циклдері де өмір қамының ырғақтарына ықпал етеді. Өзге мысал: Ресей профессоры А.Жабин 11842 белгілі қайраткерлердің өмірбаянын зерттей келе адамдардың шығармашылық белсенділігінің 15 жылдық циклі болады деген қорытындыға келді. ("Известия". 1996 жыл. 24 шілде). Жыл санаудың он екі жылдық циклінен өзге қазақтарда "қозы жасы" – 10 жас, "қой жасы" – 15 жас, "жылқы жасы" – 25 жас және "патша жасы" – 40 жас туралы көзқарастар да кездеседі.

Дәстүрлі мәдениетте уақыт басымдылығын жоғалтып, жаңашылдықтарға бейімделе бастайды. Мысалы, көшпенділердің дәстүрлі құдайы Тәңірі уақыт өте келе Алланың бейнесімен бірігіп кетеді, Албасты бірте-бірте исламның зұлым рухтарының қасиеттерін бойына сіңіріп, ал Баба түкті Шашты Әзиз мұсылман әулиесіне айналады. Осы тұрғыда бұл мәселені А.Байтұрсынов өзінің "Қобыланды аңызындағы әйел бейнесі" мақаласында қарастырады. "Кең байтақ және өзгелерге толығымен таңсық болған қазақ даласы өз ұлдарына ұлттық сипат пен халықтық ерекше бет-бейнені әуел бастапқы тазалығын бүлдірмей ұзақ уақыт сақтап қалуға септігін тигізді. Сыртқы ықпалдан жерана арқылы қозғалған қазақтар әдет-ғұрпын, өз халқына (номадка) тән өзіндік өмір тәртібін сақтап қалды" ("Шахар". 1994. №2. Б. 49).

"Қобыланды" эпосының бірнеше варианттары болды. Оның қыпшақтық вариантында тәңірішілдік пен шаманизмнің көптеген элементтері кездеседі және бұл қазақтардың исламға өту жағдайын бейнелейді. Бұрынғы наным-сенімнің көрінісі ретінде кейіпкердің бірінің анасы Көктен кемпір мифтік қырымен ерекшеленеді. Эпоста жаңа, мұсылман дініне орын берген ескі наным-сенімге деген халықтың терең ықыласы байқалады. Кейіпкердің анасы Аналық – мұсылман әйелінің символы. "Бұл – өзгенің қуанышымен және қайғысымен өмір сүретін әйел" (Ө. Бөкейханов). Оның күйеуі ескі номадтық тәртіптерді, ата-бабаның наным-сенімін ұмытқысы келмейді. Ол бағынышты жан ретіндегі әйелге деген мұсылмандық көзқарасты қабылдағысы келмейді.

Қазақтардың дәстүрлі мәдениетін қарастырғанда бірнеше тарихи параллельдер (салыстырулар) жүргізуге болады. Батыс Рим империясының құлауымен Европада батырлық ғасырлар

орнайды (А. Тойнби. Постигение истории. М., 1991). Алайда батырлық кодекстің осалдығы, оның институционалды емес, жеке тұлғалық сипат алуында болды. Көсемге деген адалдық индивидуалдық әлеуметтік жүйеге сүйенеді. Ұзақ уақытқа шыдайтын берік әлеуметтік және саяси институттар құруға батырлар қабілетті емес. Оның мысалын Этилланың өлімінен кейін батыс ғұндардың құлауынан байқауға болады. Қазақ мәдениеті дәстүрлі кезеңінің өзіндік санасының үстем формасы батырлық эпосы болып табылады. Эпос әлемі әдетте дәстүрлі. Онда қиын-қыстау ахуалдардағы жүріс-тұрыс қалыптары (агрессияны тойтару, стихиямен күрес және т.б.) көрініс табады. Эпикалық дәстүрлі кеңістік мынадай оппозицияға негізделеді: "біздікі және біздікі емес (бөтен)," "достар – дұшпандар". Және бұл белгілі бір формаға ие болады. Мысалы, қазақтың батырлық жырларында шексіз дала "біздікі" деп есептеледі және оның ар жағында жау бар деп саналады. Батырлық кезең әрқашанда оқиғаларға толы, қиын-қыстау ахуалдарда ол қоюлана түседі.

Этномәдениет уақытын бағыттарына қарай шартты түрде реликтілік (сақталу) және динамикалық (өзгермелі), архаикалық (көне), актуальды (өзекті) және футуристік (келешекті) деп бөлуге болады (Л.Н. Гумилев, А. Тойнби). Бұл жерде біз моральдық бағалауға ұмтылмаймыз. Мысалы, тоталитарлық жүйеде утопиялық болашаққа (коммунизмге) бола бүгінгі күн құрбан болатын. Және қазіргі кейбір саясаткерлер де күйзелген халықты былайша жұбатады: "Шыдай тұрындар, нарық деген жарқын болашақ орнайды". Алайда, әдетте болашаққа бағдар ұстанған динамикалық жүйелер өміршең болып келеді. Уақыттың өткен шақтан бүгінгі арқылы болашаққа қарай ағатыны сияқты жаңашылдық мәдениеттер де үлкен жетістіктерге қол жеткізуі мүмкін.

Зерттеу объектіне қайта оралайық. Қазақтың дәстүрлі мәдениетінің утопиядан бас тартып, антиутопияға бағдар ұстанғанын тарихи талдаулар дәлелдейді. Батырлық ғасырларға қарамастан "Гүлстан" және "Жерұйық" идеяларын "Зар-заман" идеясы алмастырды. Қазақ утопиясы өзінің бастауын шыңғыс тұқымдарының номадалық ұлыстарының дағдарысы кезеңінен алады (Сайф Саран. Гүлстан). Бұл идеяның классикалық көрінісі "Бірінші қазақ философиясы" Асан қайғының (Ш. Уәлиханов) шығар-

маларында орын алады. Асанның "Жерұйығы" өзінің амбиваленттілігімен сипатталады: "жұмақ бағы" тәртіп пен Хаостың, адам мен табиғаттың, өлім мен мәңгіліктің, дәстүр мен жаңашылдықтың үйлесімділігі болып табылады. Тарихи тағдырға орай қазақтың дәстүрлі мәдениеті өзінің органикалық дамуын үзуге мәжбүр болды. Егер Европалық этностар Ренессанстан Реформация арқылы Ағартушылыққа өтсе, ал Ислам Ренессансының дәмін татқан евразиялық номадалардың ұрпақтары Зар-заманға батты. Зар-заман ағымының көрнекті өкілдері Шортанбай, Дулат, Мұрат дәстүрлі мәдениеттің дағдарысын көрсетіп, оны тәуелсіздіктің жоғалуымен байланыстырды. Олардың қайғысы феодализмнің жаңғырығы да емес, орыс мәдениетін жек көрушіліктің формасы да емес, жаңашылдықты қабылдауды теріске шығару да емес. Зар-заман тығырыққа тірелген жағдайды ұғынды білдіреді: дәстүрлі құндылықтарды қайта бағалау қажет, бірақ еркін таңдау жоқ, аяқ-қол империялық темір бұғаумен құрсауланған.

Дәстүрлі мәдениетке қатысты Ресей мәдениетінің аккумулярлық жаңашылдық рөлі туралы ұзақ жылдар бойы мынадай схемалар – пайымдаулар үстемдік етті: 1) Қазақстанның Ресейге қосылуы қазақ халқын жоңғарлардың қырғынынан аман сақтап қалды (бірақ XVIII ғасырдың ортасына қарай Абылайхан жоңғарларды толығымен жеңіп, Ресеймен және Қытаймен қалыпты қатынас орнатты); 2) қазақтар Ресей арқылы Еуропаның озық мәдениетімен танысты (бұл «таныстық» үндістердің американдықтармен таныстығына ұқсас); 3) Қазақстанда артта қалған феодализмнің орнына озық капитализмнің элементтері енді (бұл «жетістік» те үндістердің тағдырына ұқсас).

Бірақ, күрделі тарихи шарттар мен орны толмас орасан зор шығындарға қарамастан қазақ мәдениеті уақыттың талабы мен Тағдырдың сынына абыроймен жауап бере білді. Қазақтардың этномәдениетін күлден қайтып пайда болатын мифтік құс Феникспен салыстыруға болады. Мәдениеттің дәстүрлі негіздерін қайта жаңғырту әрқашанда жағымды процесс болып табылады. Адам өзін ұғыну үшін өткенге бет бұрады, онан сабақ алып, келешек даму жолын таңдайды. Алайда жаңашылдықты түгел теріске шығарып, дәстүрді абсолюттендіретін біржақты ұстаным да бар (архаизм).

Архаизм ескілікті көксейді, дамудың өткен кезеңдерін қалыптастыруға тырысады. Зерттеушілер бұл типке фундаментализм, партикуляризм, ортодокстық сияқты белгілерді қосады. Әрине, этномәдениет өзінің беріктілігін сақтауға, мәдени архетиптерінен алшақтамауға тырысады. Екінші жағынан адамның жаңашылдығы, жемістілігі және шығармашылдығы да белгілі. Архаизмнің бірнеше мысалдарын келтірейік. А.Тойнбидің пікірінше, архаизм менталитетте, мінез-құлық типтерінде, өмірде, дінде және саясатта көрініс табады. Мысалы, Германияда архаизмнің көрінісі ретінде – тевтонизм мен таза арийлік идеясын жандандыру, Израильде өлі тіл – ивритті тірілту, Үндістанда санскритті тірілту сияқты талпыныстарды айтуға болады. Дәстүршілдік дүниетаным тірі жүйелерді ұйымдастырудың фундаментальды принциптеріне сәйкес келмейді. Дж.Холденнің эволюциялық ілімі бойынша, тұйық жүйелер дегенерацияға ұшырайды. Росс Эшбидің кибернетикасы жабық және қатаң жүйелерде энтропия ұлғаяды және коллапс туады деп тұжырымдайды. Қазақстандағы азаматтық қоғамды ру-тайпалық басқару және хандық билікпен алмастыруға, исламды тәңірішілдікпен және шаманизммен алмастыруға және т.б. шақырған ұстанымдарды архаизм ретінде бағалауға болады.

Әрбір халықтың рухани мұрасында әлемдік мәдениеттің жалпы қазынасын байытатын құнды ойлар болатыны белгілі. Халықтың бай рухани мұрасын зерттеу тек осы мәселені зерттеушілер үшін ғана маңызды емес, сонымен қатар бүгінгі күнгі адамдардың өзара адамгершілік қатынастарын дұрыс пайымдау үшін де қажет, болашақта адамзаттың адамгершілік процесінің заңдарын дұрыс түсінуге көмек береді. Қазақ халқының қалыптастырған рухани құндылықтары арасында ақын-жыраулар шығармашылығы маңызды орын алады. Біз бұл жерде белгілі философ О.А. Сегізбаев ұсынған қазақтардың ақындық шығармашылығының дамуы барысындағы үш кезеңге бөлінген жіктелуін келтіреміз:

а) шартты түрде жыраулар дәуірі деп аталатын кезең (XV-XVIII ғасырдың бірінші жартысы);

ә) ақындық шығармашылық кезең (XVII[^] екінші жартысы – XIX ғасырдың бірінші жартысы);

б) ақындардың өзіндік сайысы – айтыстың пайда болуымен байланысты кезең (XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басы) (Казахская философия XV– нач. XX века. Алматы, 1996. Б. 120).

Асан қайғы (XV ғ.), Қазтуған жырау (XV⁷), Доспанбет жырау (XVI ғ.), Шалкиіз (1465-1560), Ақтамберді (1675-1768), Бұқар жырау (1668-1781), Шал ақын (1748-1819) және т.б. – өз дәуірінің, философиялық идеалдарын білдірген ойшылдардың бүтіндей бір шоғыры. Жыраулар мен ақындар өздерін толғандырған мәңгі философиялық мәселелерді өз шығармаларында бейнелей отырып, орасан зор рухани күш жігерді өз бойларында қорытты. Кез келген дамудың идеалы сабақтастық идеясымен тұтас байланыста екендігі белгілі. Осыған байланысты біз ақын-жыраулардың дүниетанымының қалыптасуына ықпал еткен идеялық бастауларға тоқталғанды жөн көрдік. Өйткені, олардың өздерін де, шығармашылығын да халық даналығының қайнар бұлақтары суарып отырды. Олардың қатарына ерте түркі әдеби ескерткіштерін, дала тайпаларының әлеуметтік-саяси, адамгершілік, философиялық көзқарастарының белгілі дәрежеде квинтэссенциясын білдіретін макал-мәтелдер түріндегі халық ауыз әдебиетін жатқызуға болады. Дүниетанымның қалыптасуына исламға дейінгі және ислам діндері де үлкен ықпалын тигізді. Адам жанын ашылған кітаптай оқитын, туған даласымен физикалық тұрғыда да, рухани тұрғыда да байланысты болған бізге белгілі және белгісіз данышпандардың шығармашылығындағы уақыт жібінің сабақтастығы дәл осындай өлшем арқылы айқындалады.

Ақын-жырау көзқарастарының қалыптасуының маңызды қайнар бұлақтарының бірі ерте түркі жазбасы болып табылады. Бастапқы ескерткіштердің тас плиталар мен балбал тастарда, жартастар мен тұрмыс жабдықтарында сақталғаны белгілі. Бізге дейін жеткен санаулы ерте түркі жазбасының мәтіндерінде түркілердің ата-бабаларының жоғарғы адамгершілік қасиеттер туралы этикалық мәселелер молынан кездеседі. Халықпен, Отанмен, оның абыройын қорғаумен, еркіндігі мен тәуелсіздігін сақтаумен байланысты мәселелер жазба әдебиет ескерткіштерінің ең ежелгілерінің бірінен саналатын Орхон-Енисей жазбаларында өзінің өте өткір қойылуымен ерекшеленеді.

Бұл жазбаларға талдау жасау ертедегі түркілердің әлемге деген көзқарасын, олардың идеалды өткен шағымның толық картинасын түйінге және оны жоғары адамзаттық қасиеттермен байланыстыруға мүмкіндік береді. Жазбаның авторы түркі қағанатының құлауына әкелген олардың өміріндегі өзгерістердің себебін ата-бабалардың қалдырған өсиетінен ауытқудан көреді. Қағанаттың күші мен құдыреті қағанға адалдықпен, аристократияның бірлігімен сипатталады. Автор идеалды батыр-қағанға қажет міндетті этикет қалыбын ұсынады:

- 1) түркі халқының заңы мен мемлекетін құру және қолдау;
- 2) дүниенің төрт бұрышындағы халықтарды басу және қолдау;
- 3) дана және батыл қаған болу. Орхон жазбаларында қағанды «көктен жаратылған» деп атайды.

Түркілердің шынайы тарихын ерте түркілердің сына жазуымен салыстырғанда, оның ақиқаттылығы мәтіндердегі сипаттаудан анағұрлым бай және алуан түрлі болғандығы аңғарылады. Бұл жазбаларда өз дәуірі үшін қажет идеалдарды, моральдық кодекстерді, яғни өзара қырқысқа жол бермей, ата-баба жолымен мемлекеттің құдіреті мен тұтастығы идеяларын ғана автордың жариялауға мүмкіндігі болды. Халық өз батырларын даңққа бөледі, соғыста да, бейбіт уақытта да батырлық адамның жағымды адамгершілік қасиеті ретінде жоғары бағаланды. Батыр болу ерте түркі қоғамында ең жоғарғы өлшемдерді қанағаттандыруды білдірді.

Ертетүркі қоғамында қалыптасқан адамгершілік көзқарастар біздің ата-бабаларымыздың белгілі бір мораль мәселелері бойынша ақын-жыраулардың этикалық көзқарастарынан байқалатын ойлау деңгейін салыстыруға, адамгершілік дамуындағы сабақтастықты анықтауға мүмкіндік береді. Ақындардың рухани ойының қалыптасуының келесі бір маңызды идеялық бастауы шаманизмнің (бақсылықтың) діни– этикалық концепциясы болып табылады.

Шаманизм діннің атауы ретінде ғылыми қолданыста да, тұрмыстық қолданыста да әртүрлі мағынаға ие. Белгілі бір пайғамбарлар немесе оның ізбасарлары арқылы негізгі қаланған діндердің көпшілігімен салыстырғанда шаманизм ертеде пайда болғанына қарамастан, халық дүниетанымының негізінде таби-

ғи, тарихи жолмен қалыптасқан дін болып саналады. Онда адамның қоршаған табиғатқа, оның тылсым күштеріне деген қатынасымен байланысты ерте діни және мифологиялық көзқарастар да ерекше орын алады.

Шаманизм адамзат қоғамы дамуының ерте кезеңдерінде материалдық өмір мен ұжымдық сананың жалпы заңдылықтары шеңберінде табиғи жолмен пайда болып, қалыптасты. Шаманизм ұрпақтан ұрпаққа ауызша және визуалды дәстүр арқылы жеткізіліп сақталды және бұл бүгінгі ұрпаққа осы дін туралы белгілі бір түсініктің болуына мүмкіндік береді. Қазақтар мұсылман болғанымен дәстүрлі шамандық наным-сенімдерін, ерте түркілерден тарайтын Тәңіріге, Ұмайға, Жер-Суға табынушылықтарын сақтап қалды. Қазақ шамандары (бақсылары) өздерінің құрбандық шалуын мұсылман пайғамбарлары мен әулиелеріне жалбарынудан, мұсылман сүрелерін оқудан бастады және аяқтады. Ш.Уалихановтың айтуынша "Ғаламның барлық ғажайыптарын тану қажеттілігі, өмір мен өлім мәселесі және адамның табиғатқа қатынасы шамандықты, яғни Ғаламды немесе табиғатты және өлген адамдардың рухын қастерлеуді тудырды.

Шаманизмнің культтық (табынушылық), ғұрыптық (риуалдық) ерекшелігіне кеңінен тоқталмай, біз оның маңызды қырына – моральдық-этикалық, адамгершілік-тәрбиелік қырына көңіл қоямыз.

Қоршаған табиғат – оған бағыштылыққа орай діни сезім тудыратын бастапқы нәрсе. Табиғатты бейнелеу барлық тайпалар мен халықтарда заңды және универсалды құбылыс болды. Ол адамдардың бастапқы дүниетанымын бейнелейтін мифологияның, фольклордың, діни түсініктердің өзгешелігін тудыратын қоғамдық сана дамуының кезеңі ретінде қарастырылады. Бақсылар бүкіл өзінің табынушы құралдарымен адамның құдайлар мен рухтарға толық бағыныштылығы идеясын орнықтырды. Жекелеген адамның тағдыры, оның өмірі, денсаулығы, материалдық игілігі рухтар мен құдайларды тұтуға бағынышты болды.

Ендігі жерде, отбасылық тұрмыс жағдайында адамның рухтар мен құдайларға қатысты жүріс-тұрыс ережелерінің кейбір түрлерін қарастырған орынды. Бұл әсіресе, отбасы ошағын білдіретін от-ана күдіретін тұтуға байланысты тыйымдарды қамтиды. Жалпы отқа табыну түркі халықтарына ғана емес,

Азияның моңғол немесе иран халықтарына және өзге халықтарға да тән универсалды құбылыс. Қазақтардағы отқа табыну жоғарыда аталған от-ананы тұтумен байланысты. Кейде "от-ана" өзін құрметтемегені, тұтпағаны үшін жазалаушы әрекетімен де көрінеді. Отты бүлдіруге, яғни оған қиқым лақтыруға, өткір темір заттар тастауға, оны аттап өтуге, күлді басуға және т.б. тыйым салынады. Отты күн сайын шаңырақ иелерінің қоректенетін тағамынан ауыз тигізіп отыру да міндетті саналады. Тіпті үйдің ошағынан шыққан күлді де адам мен мал баспайтын жерге төгеді. Бұл тәртіптер мен қалыптар бұзылса, от құдайы бұл үйдің иелерін зұлым рухтан қорғамайды, әр түрлі аурулармен жазалайды, кейді тіпті белгілі бір заттарды, үйді өртеп те жібереді. Өрт от құдайының ашуын, қаһарын білдірді, сондықтан онан кейін құрбандық шалынып, құдайға жалбарынып құлшылық етеді.

Осылайша, ошақ бақыт пен бақтың көрсеткіші, зұлымдықтың қарсыласы ретінде барлық түркі халықтарында қастерленді. Қазақтың киіз үйінде ошақпен қатар, табалдырық та қасиетті деп саналады. Оған отыруға немесе керуге болмайтын еді, өйткені онда үйді қорғайтын есіктің иесі орналасады. Ол да бұл ғұрыптан тайғандарды зұлым рухтарды немесе ауруларды жіберу арқылы жазалай алады.

Азиялық көшпенділердің культтық өмірінде Аспан құдайының (көктің) рөлі мен маңызы ерекше болғандықтан Ж.П.Ру бұл діни нанымдарды Тәңірішілдік деп атады. Малшы көшпендінің табиғатқа толық бағыныштылығы күдіретті, тылсым күштерді қастерлеуге, әулиелендіруге әкелді. Қазақ-көшпенді барлық қайғы-қасіретті, пәле-жаланы, ауру-сырқауды көктің жазалаушы күшімен байланыстырды және барлық үмітін де көк тәңірімен байланыстырды.

Қазақтар Айға, Күнге, отқа, суға, аспанға, Жерге табынды, оларды қасиетті деп есептеді және соның нәтижесінде анттар пайда болды. Ант абырой және адалдықпен қатар тұтынылды. Антты бұзудан өлім артық болды (ең жаман қарғыс – «ант ұрсын»). Қарғыс адамның басына бақытсыздық әкеледі деген сенім пайда болды. Халық бүгінгі күнінде де өзінің жек көрушілігін қарғыспен, сүйіспеншілігі мен игі тілегін батамен білдіреді. Адамды тәрбиелеуде оны қайырымды істерге ұмтылдырып,

жаман қылықтардан бойды аулақ ұстауда батаның ролі өте үлкен.

Адамдар қазіргі күні де қайғы-қасіреттен құтылу осы өмірдегі қайырымды қылықтар мен игілікті істердің арқасында деп пайымдайды. Сондықтан да бата орындалды деп түсінеді. Мазмұндалған бұл материалдан жер бетінде игілікті өмір сүрудің жалғыз жолы рухтар мен құдайлар алдындағы бағыныштылықты уағыздайтын дін ретіндегі шаманизмнің идеологиялық мәні айқын көрінеді. Оның тағы бір ерекшелігі адамдардың бұл өмірдегі әр түрлі қылықтары мен қылмыстары, сондай-ақ жақсылықтары оның өлгеннен кейінгі тағдырына әсер етпейді. Шаманизм қарапайым малшылардың діни санасында терең және берік орын алған. Шаманизмге тән мәнді белгі ретінде оның діни мәнділігі жазбаша түрде сипатталмағанына және насихат түрінде уағыздалмағанына қарамастан тарихи тұрғыдағы тұрақтылығын да айтуға болады. Ол отбасылық және ру-тайпалық деңгейде ұрпақ арасындағы үздіксіз байланыс жолымен жалғасты. Оның маңызды себептерінің бірі көшпенділер өмірінің ерекше экономикалық шарттарымен сипатталады. Шаманизмнің моральдық-этикалық түсініктері ақын-жыраулардың адамгершілік көзқарастарының қалыптасуы мен дамуына тікелей ықпал етті, бұл олардың шығармашылығынан айқын аңғарылады.

Ақын-жыраулардың этикалық көзқарастарының қалыптасуына ықпал еткен маңызды идеялық бастаулардың бірі исламның діни-этикалық концепциясы болды. Қазақ қоғамында патриархалды-феодалдық дәстүрдің үстемдігі жағдайында мұсылмандық фанатизмнің ролі төмен болды. Арабтар Орта Азияны жаулап алғанға дейін қазақтар Тәңіріге (аспанға) табынды. Тарихшылардың бірауызды пікірінше, Орта Азияның отырықшы халықтары 713-714 жылдары арабтарға толығымен бағынды.

Ислам дүниетаным ғана емес, адамгершілік туралы ілім де болып табылады. Ислам Қазақстанның, Орта Азияның көптеген халықтарының, шетелдік Шығыстың бүтіндей бірқатар елдерінің адамгершілік дамуына ықпал етті және ықпал етіп келеді. Жалпы исламның этикалық ойы, исламның өмір сүру тәртібін анықтайтын идея ретінде осы діннің пайда болғанынан бері өмір сүріп келеді. Бірақ теологиялық-этикалық жүйе түріндегі бұл

ойдың қалыптасуына мұсылманшылықтың негізгі деректері – Құран мен Суннада көрініс табатын мұсылмандардың моральдық қалыптарының жинағы әсер етті. Исламдық этикалық ой сүрелер мен хадистерге идеялық бағдар ретінде сүйене отырып мұсылман қоғамының тәрбие принциптеріндегі қажеттіліктерін өтей алды.

Құран бір жағынан ру-тайпалық қауымның дәстүрлерін бейнелейтін, екінші жағынан, алғашқы қауымдық құрылыстың қоғамдық институттарына қарсы бағытталған пайымдарды бейнелейтін этикалық – құқықтық нормалардан құралады.

Құранның моральдық қағидалары күнделікті өмірдің барлық қырын қамтиды: отбасы қатынастары, туыстар арасындағы міндеттер, айналысатын пайдалы нәрселердің жиыны, өзге дін (христиан, иудей) өкілдерімен қатынас, саудамен және қолөнермен айналысу, тыйымдар, парызды өтеу және т.б. Шарифатта «бес уақыт намаз адамды күнәдан айырады» деп айтылғандықтан, намаз оқуға, ораза ұстауға құрметпен қарайды. Ең ауыр күнә – Құрандағы талаптардан ауытқу. Алланың ізгілігі мен қайырымдылығына қарамастан бұл күнә кешірілмейді. Ең жоғарғы қасиет – Алланың еркіне бағыну, шынайы сенім үшін өзінді құрбандыққа шалу. Мұсылмандарға ізгілікпен қарау және дінсіздерді қудалау – Құранның негізгі ерекшеліктерінің бірі. Ислам қағидасы бойынша, тек құдайға қызмет жасап, құлшылық ету жолымен ғана бақытқа жетуге болады. Осыған орай, мұсылмандар дұрыс жолды таңдай алады. Бұл тезис мұсылмандық ойдың өзегін құрайды және ол ислам ізбасарларының рухани өмірінде маңызды рөл атқарды. Мұсылман дінінің моральдық-этикалық жүйесінің бүкіл іргетасы осы бағыныштылық талаптарымен құрылғаны белгілі. Мұсылман нағыз адам болу үшін, ол моральды тұрғыда таза, өз әрекеті мен сөздерінде адал болуы тиіс. Тек сонда ғана ол адамдар алдында да, Алланың алдында да құрметке ие болады.

Ортағасырлық және онан кейінгі дәуірлердегі мұсылман авторларының шығармаларының барлығы дерлік Құранның бірінші сүресімен басталады. Ақтамберді жыраудың, Үмбетей жыраудың, Бұқар жырау мен Қабан жыраудың және т.б. адамгершілік-этикалық көзқарастарында исламның ықпалы айқын байқалады. Ақын-жыраулар өздерінің адамгершілікке қатысты

ойларын құдайдың, пайғамбарлардың атынан айтты және бұл қазақ қоғамында олардың көзқарастарының ықпалын күшейтті. Бұл, әсіресе Бұқар-жыраудың моралистік-дидактикалық шығармаларынан айқын байқалады. Исламға тән қайырымдылық, аяугершілік, ізгілік сияқты қасиеттер жыраулардың кейінгі шығармаларында молынан ұшыраса бастады. Осылайша, ақын-жыраулардың шығармашылығы негізінен діни сипатта, оны рационалдандыру жолымен, моральдық-этикалық бағытта уағыздау мен насихаттау сипатында дамыды. Демек, қазақ ақын-жырауларының адамгершілік философиясы адамзаттың бүкіл тарихи дамуы барысында жинақталған адамгершілік идеялардан және философиялық-этикалық теориялардан арасы алшақ емес және қазақ халқы өмірінің тарихи жағдайларына сай келетіндей жоғарыдағы идеялардың заңды жалғасы мен қорытындысын білдіреді. Ақын-жыраулардың этикалық ойы қалыптасуының ең маңызды бастауларының бірі білім мен тәрбиенің, оның ішінде адамгершіліктің де қазынасы мен энциклопедиясына айналған мақал-мәтелдер түріндегі фольклор болып табылады.

Бірнеше ғасырлар бұрын пайда болған, данышпандықтың сүзгісінен өткен, мәңгілік өмір сүруге құқылы, біздің заманымызға дейін жеткен қазақтың мақал-мәтелдері, ертегілері бүгін де өз маңызын жоғалтпай, өзінің жарқын бейнесімен халықтың адамгершілік-психологиялық дамуының тарихи жолын нұрға бөлеп тұр. Қанатты сөздер, мақалдар мен мәтелдер, аңыздар мен өлеңдерге, айтыс пен толғауларға еніп кеткен. Мақалдар халықтың қуанышы мен қайғысын, даналығы мен өмірлік тәжірибесін білдіретін ең кеңінен таралған формасы ғана емес, моральдық нормалардың өзіндік кодексі болып табылады. Мақалдардан көрінетін моральдық кодекс балалық шақтан кәрілікке дейінгі тәрбиеде маңызды рөл атқарады. Қазақ мақалдарының тақырыбы барлығын қамтиды. Ол өмірдің барлық қырын құрамына енгізеді: күнделікті тұрмыстан тарихқа, өмірге дейін, халықтық этика нормаларының кең кодексін қамтиды.

Көшпелі өмір тәртібіне сай қазақ халқының өз еңбек әрекетіне деген көзқарас мақалдарда бейнеленеді. Бақыттың көзі ретіндегі еңбекке деген көзқарас көп мақалдарда кездеседі. Мысалы, «таяқпен құлын табасың, құлынмен тұлпар табасың, тұлпармен бақытыңды табасың».

Патриархалды-феодалдық өмір тәртібін бейнелейтін қазақ мақалдарын зерттеу олардың идеялық мазмұнының өзегі «жаман адам» мен «жақсы адам» түсініктерінен құралатынын көрсетеді. Қолдаушы формула "жақсы адам" мен кінәлаушы «жаман адам» отбасылық өмірдегі де, қоғамдық өмірдегі де моральдық нормалардың бүтін жиынтығын білдіретін қорытындылаушы түсініктер болды. «Жақсы» мен «жаман» халықтық мораль тұрғысында былайша бағаланады немесе сыналады: «Жақсы іске келеді, жаман асқа келеді», «Жақсыдан қашпа, жаманға баспа».

Қазақ мақалдарында қайырымдылықтың зұлымдықпен күресі мәселесі үлкен орын алады. Халықтың қолдайтын барлық жүріс-тұрыс нормалары мен принциптері, жағымды бағаланатын адамгершілік әрекеттердің барлығы қайырымдылық болып табылады. Ал халықтың кінәлайтын, қолданатын әрекеттері мен қылықтарының барлығы, адамның қоғамдық және жеке өміріне зиян келтіретін нәрсенің бәрі зұлымдық болып табылады. Сонымен қатар қайырымдылық ақылмен және біліммен байланыстырылады, адамгершілік өмірде үлкен мәнге ие болып, зұлымдыққа қарсы күресте маңызды құрал ретінде бағаланады.

Қазақтың халық даналығы адам абыройын түсіретін моральдық принциптерді қатал айыптайды. Және керісінше, батырлық, патриотизм, төзімділік сияқты жағымды адамгершілік қасиеттер бағаланады. «Ер» түсінігі туралы мақалдар өте көп. Мысалы, «Ерді намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді». Мыңжылдық тәжірибеден туындаған «Таспен ұрғанды, аспен ұр» деген даналықты айту үшін қазақ халқы небір қиын-қыстау күндерді бастан өткізді. Көшпендінің кең пейілділігі мен қонақжайлылығы мына мақалдан көрініс табады: «Кездескен адамыңды сыйла, мүмкін оны соңғы рет кездестірген шығарсың».

Осылайша, қазақ мақал-мәтелдеріндегі адамгершілік-этикалық идеяларға үстірт шолу жасаудың өзі Қазақстандағы этикалық ойдың халық даналығының тереңдегі таусылмас қайнар бұлағынан нәр алатын бай адамгершілік материалға негізделгенін көрсетеді. Қазақтың ақын-жыраулары ойдың асыл інжу-маржандарын осы мақал-мәтелдерден алып отырды. Көпғасырлық халық даналығы адамгершілік-этикалық идеяларға толы. Тарихтың бүкіл өн бойындағы өзара қатынастарды реттеп

отыратын адамгершіліктің қарапайым нормалары бүкіл халықтың жинақтаған тәжірибесінің нәтижесі мен қорытындысы болып табылады. Біз мазмұндалған материалдың өзектілігін рухани ақиқаттар тұрғысынан жеткізуге тырыстық, бірақ оның алғы шарты кез-келген философиялық проблематика сияқты философияның өз дамуының ішкі (имманентті) қажеттіліктерімен қатар, әлеуметтік дамудың сыртқы қажеттіліктерімен де сипатталады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Алтай Ж., Қасабек А., Мұхамбетәлі К. Философия тарихы: оқулық. – Алматы, 1998.
2. Бейсенов А. Философия тарихы: оқулық. – Шымкент, 2005.
3. Есім Г. Фалсафа тарихы – Алматы, 2000.
4. Әбішев Қ. Философия: оқулық. – Алматы, 1999.
5. Кішібеков Д., Сыдықов Ұ. Философия: оқулық. Үшінші басылым. – Алматы, 2004.
6. Қасабек А. Тарихи-философиялық таным: оқу куралы. – Алматы: ҚазГЗУ, 2001.
7. Қасабеков А., Алтаев Ж. Қазақ философиясы. – Алматы, 1996.
8. Құлжанова Г.Т. Философия пәнінен дәрістер курсы. – Қостанай, 2009.
9. Нысанбаев Ә., Әбжанов Т. Қысқаша философия тарихы: оқулық. – Алматы, 1999.
10. Тургынбаев А. Философия: оқулық. – Алматы, 2000.
11. Ғабитов Т. Философия: оқулық. – Алматы, 2004.
12. Иманқұл Н., Бөрібаев Т. Ілімі философия. – Астана, 2009.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
ФИЛОСОФИЯ ПӘНІ ЖӘНЕ МАҚСАТЫ	
МЕН ҚЫЗМЕТТЕРІ	4
ФИЛОСОФИЯНЫҢ ҚЫЗМЕТТЕРІ	17
ФИЛОСОФИЯНЫҢ РӨЛІ	223
ЕЖЕЛГІ ДҮНИЕ ФИЛОСОФИЯСЫ.	
ҚАЗАҚТАРДЫҢ АЛДЫҢҒЫ ФИЛОСОФИЯСЫ.	
ЕЖЕЛГІ ШЫҒЫС ФИЛОСОФИЯСЫ.	
АНТИКА ФИЛОСОФИЯСЫ	26
ЕЖЕЛГІ ҮНДІ ФИЛОСОФИЯСЫ	29
ЕЖЕЛГІ ҚЫТАЙ ФИЛОСОФИЯСЫ	34
ЕЖЕЛГІ ГРЕК ФИЛОСОФИЯСЫ	42
ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ШЫҒЫС ЖӘНЕ	
БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫ	65
ҚАЙТА ӨРКЕНДЕУ ДӘУІРІ ФИЛОСОФИЯСЫ	80
ЖАҢА ДӘУІР ФИЛОСОФИЯСЫ	90
КЛАССИКАЛЫҚ НЕМІС ФИЛОСОФИЯСЫ	99
XVIII ғ. СОҢЫ – XXI ғ. БАСЫНДАҒЫ ФИЛОСОФИЯ	112
ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫ	119
ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	163

Оқу басылымы

Д. Б. Тойматаев

ФИЛОСОФИЯ

Оқу құралы

Редакторы Айтмағанбетова Г.Б.
Түзетуші Сулейманова Д.К.

Шығарушы редакторы *А. Шуриева*
Компьютерде беттеген және
мұқабасын безендірген *А. Қалиева*

ИБ №13023

Басуға 23.08.2019 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84^{1/16}.

Көлемі 10.3 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс.

Тапсырыс №5503. Таралымы 15 дана.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.